

С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Университеті

ӘОЖ 022.215:331.361:756(045)

Қолжазба құқығында

ТАСТАНБЕКОВА НУРСАУЛЕ ДЖАКСИБАЕВНА

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері

6D012000 – Кәсіптік оқыту

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор,
Әбдіров А.М.

педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент
Есекешова М.Д.

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор,
Тарантей В.П.

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	8
1 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің мәні.....	16
1.2 Білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың дамуы мен кәсіби біліктілікті жетілдірудің қазіргі жағдайы.....	27
1.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндіктері.....	41
2 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ....	52
2.1 Білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайына кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасу арқылы жетілдіру.....	52
2.2 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары.....	66
2.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі.....	79
3 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТІ	91
3.1 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді анықтауға бағытталған жұмыстар.....	91
3.2 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұндық сипаты.....	101
3.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудегі тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері.....	124
ҚОРЫТЫНДЫ.....	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	134
ҚОСЫМША А – Мемлекеттік тіркеу нөмері №0117РКИ0646 "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы Ынталы қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысының тіркеу картасының көшірмесі.....	144

ҚОСЫМША Ә – GIZ Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының жетекшілігімен жүргізілген "Дуальды оқытудағы стратегиялық альянс" тақырыбындағы қазақстан-неміс қолданбалы зерттеулер жобасы бойынша анықтама.....	146
ҚОСЫМША Б – БжҒ министрлігінің ғылымды дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша №АР05131049 "Мәңгілік Ел құндылығы негізінде оқушылар патриоттық тәрбиелеудің әдіснамасы" ғылыми жобасы бойынша анықтама.....	147
ҚОСЫМША В – Кәсіби ниет әдістемесінің мазмұны.....	148
ҚОСЫМША Г – Мамандық таңдау мотиві әдістемесінің мазмұны.....	152

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызда қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Ғылым туралы: 2011 жылдың 18 ақпанда қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальды білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы: 2014 жылдың, 15 қазанда, №1093 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі: 2015 жылдың 23 қарашада қабылданған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы: 2016 жылдың 21 қаңтары, №50 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан халқына Жолдауы 31 қаңтар 2017 ж.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының №133 бұйрығымен бекітілген мұғалімдердің кәсіби еңбекке сәйкестілігін, кәсіби өсу деңгейіне қойылатын талаптар жүйесі ретінде педагогтың кәсіби стандарты, 08 маусым 2017 ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы №71 қаулысына толықтыру енгізу туралы: 2021 жылдың 6 тамызда, №534 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Біліктілік – тұлғаның меңгерген іс-әрекетті орындау тәсілі немесе субъектпен меңгерілген білім және дағдының жиынтығын қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді орындау әдісі.

Оқу біліктері – бұл оқу үдерісінің демеуші күші, оқытудың тиімді әдісі, ұсынылған өзіндік жұмыстардың жаңалығы мен шешілетін мәселенің мәнін ашудағы мақсатты оқу қызметінің нәтижесі.

Кәсіп – білім туралы тиісті құжаттармен расталған кәсіби қызметтің белгілі бір саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, зияткерлік қабілеті мен заңды құқығын қамтамасыз ететін анықталған білімінің, дағдысының және арнайы дайындығының барлығын талап ететін адамның кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі.

Кәсіптік білім – тұлғаны біліктілік сипаттамаларына және талаптарына сәйкес кәсіптік білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруге бағытталған маман ретінде қалыптастырудың және дамытудың ұйымдасқан үдерісі. Кәсіби стандарт (үлгі қалып) - білім, білік, дағдылар, тәжірибе, құндылықтар жүйесі және жеке тұлғалық қасиеттерінің жиынтығымен кәсіби біліктіліктің негіздерін қалыптастыратын құжат.

Дуальды – "екі жақты, екеу ара, үйлестіру" және "бірлескен ұйым бірлігі" деген мағынаны білдіреді, бір жағынан, кәсіпорындар екінші жағынан білім беру мекемелерінің өзара қарым-қатынасы болып табылады және екеуара қатынас келісім шартпен реттеледі.

Дуальды білім беру жүйесі – оқу үдерісімен практикалық тәжірибе жинақтайтын кезеңдердің алмасуын көздейтін білім жүйесі. Білім беру бағдарламасы - оқыту үдерісінде оқытатын пәндердің атауларымен, тізімін, қағидалы және тәжірибелік білім жинақтауға арналған сағат санының көлемін, қорытынды сынақтан өту шарттарын белгілейтін құжат.

Әлеуметтік серіктестік – кәсіби білімінің облысында әлеуметтік серіктестік дегеніміз жұмыс берушілердің экономикасы және салаларының қажеттіліктеріне, өндіріспен тәлім-тәрбиенің байланыстарын күшейту, қаржыландыруды қосымша қайнар көздермен тарту, құрылу жүйесін қызметтік нәтижелерімен адекватты жоғарылату, кадр даярлаудың деңгейін жуықтауға бағыттау.

Шарт – бір нәрсеге қатысты жағдай; өмірдің немесе іс-әрекеттің бір саласында бекітілген ережелер; оқиға жүріп жатқан жағдай.

Педагогикалық шарт – шарттар дегеніміз себептер мен жағдайлардың кешені, ол кешен адамның білім алып, тәрбиеленуіне және дамуына ықпал етеді, аталған шарттардың әсерінен білім алушының оқуы, тәрбиеленуі және дамуын жеделдетуі немесе баяулатуы ықтимал, сондай-ақ тұлғаның мақсатына жетудегі белсенділігіне әсер етуі мүмкін.

Модельдеу – нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар,

құрастырулар т.б. Моделдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылым мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді.

Кәсіби біліктілік моделі – кәсіби іс-әрекетті атқаруға маманның теориялық және практикалық әзірлігінің бірлігін білдіретін мамандық бойынша қызметтік әрекеттер жиынтығының үлгісі.

Мотив – тұлғаның қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін іс-әрекетін ояту, тұлғаның белсенділігін анықтайтын және оның қығушылығын қанағаттануға бағыттайтын ішкі және сыртқы шарттардың кешені; тұлғаның кәсіби таңдауы және мінез-құлықтарының негізіне жататын себеп; іс-әрекет түрін таңдап, бағыттаушы қасиет.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Педагогикалық практика – жоғары кәсіби және орта педагогикалық оқу орындарындағы кәсіптік оқу түрі, болашақ педагогтерді тәжірибелік дайындау.

Жұмыс беруші – ел заңына сәйкес аймақтық бизнес қауымдастықтарға мүше болу міндетті, сонымен қатар, болашақ мамандарды кәсіби дайындау үдерісіне тұрақты қатысып, білім алушылардың оқу үлгерімін қадағалап, үлгерімі төмен білім алушыларды оқудан шығарып, білім сапасын үнемі жоғарлатып отыруға мүдделі тұлға.

Тәлімгерлік – тәжірибелі мамандардың жастарды тиісті мамандыққа дайындау және тәрибелеуге қатысу формасы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР БЖҒМ	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ІЖӨ	– Ішкі жалпы өнім
GIZ	– Deutsche Gesellschaft für Internationale Zusammenarbeit (Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамы)
ЖШС	– Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ББ	– Білім беру
ТжКББ	– Техникалық және Кәсіптік білім беру
МББ	– Модульдік білім беру бағдарламасы
ОӘК	– Оқу әдістемелік кешен

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Жаңа ғасыр қоғамымыздың білім беру жүйесіне жаңалықтарын ала келумен қатар, оның алдына келелі міндеттер жүктеп отыр. Сол міндеттердің бірі – жоғары мектепте болашақ мамандарға сапалы білім беру мен олардың практикалық дайындығын қамтамасыз ететін дуальды білім беру жүйесін оқыту үдерісіне ендіру.

Қазақстан Республикасы президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына арналған жолдауында Қ.К. Тоқаев: "Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет.

Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн", - деп жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда еңбек нарығынның сұраныстарын қанағаттандыратын білікті мамандарды дайындау қажеттілігі айтылған [1].

Болашаққа бағыт алған мемлекетіміздің өзін өзгелерге мойындатуы әрі ұлттық әлеуетін байқататын бірден-бір көрсеткіш – білім сапасы. Бүгінгі бәсекелестік дәуірінде білім алушыларды еліміздің белсенді азаматы, жеке тұлға етіп қалыптастыру және таңдаған мамандығы арқылы «тұлға» ретінде қалыптасып, кәсіби маман болуына ықпал жасау жоғары оқу орындарының аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, отандық білім беру саласында жаңалық болып отырған оқыту жүйесі – дуальды білім беру.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 45-бабының 1 тармағында: «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу арқылы нығайтуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тартуға бағдарланған» деп көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасының орта кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде дуальды оқытудың ғылыми-теориялық негіздері жан-жақты зерделенуде. Диссертациялық ізденістеріміз жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындауға бағытталады. Қазіргі таңда, әлемдік білім беру кеңістігіндегі жаңалықтар талданып елімізде білім беруге арналған мемлекеттік стандарттар жұмыс берушеліредің қатысуымен әзірленді. Әрине бұл өз кезегінде стандарттардың іс асырылуы дуальды оқыту жағдайында өткізілуі тиістігін көрсетеді. Аталған өзгерістер жоғары оқу орындарында академиялық кеңестердің құрылып, бакалавр, магистр және докторантура бойынша нақты жұмыс берушілердің

талаптарын қанағаттандыратын білікті түлектерді шығаратын модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыру қажеттілігі туындады. Жалпы жоғары білім беру жүйесіне бағытталған жаңа мемлекеттік стандарттар кәсіби маманның біліктілік тұғырына негізделген, осыған орай, заманауи мамандар еңбек нарығында және өзінің кәсіби ортасында әлеуметтік қорғалуды, икемділікті, бейімделуді, жетістікті қамтамасыз ететін өмірлік және кәсіби сапаларының құрамына ие болуы керек. Кәсіби стандарт қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби білікті маман дайындау мазмұны білім, білік, дағдыларды маман бойына сіңіру ғана емес, өндіріс талаптарына сәйкес қалыптасқан кәсіби іс-әрекет дағдыларын игеруге бағытталған.

Қазіргі жұмыс беруші басшының кәсіби маманға қоятын талаптары кәсіби білім, ұтқырлық, заманауи қондырғыларда жұмыс істеу білуі, мамандығына сәйкес кәсіби біліктіліктердің болуы және оны үнемі арттырып отыруға дайындығы. Бүгінгі таңда, дуальды оқыту теория мен тәжірибенің өзара кірігуі қағидасына негізделеді.

Жоғары білім беруді ұйымдастыру мен жетілдірудің қазіргі заманғы келелі мәселелері В.Д. Шадриков, Т. Шукшунов, Г.Д. Иванов, В.П. Стражинский, В.Н. Вуколов, Т.С. Садықов, Е.Ө. Медеуов, С.Ж. Піралиев, Т.Т. Галиев, Г.К. Нұрғалиева, Ж.И. Намазбаева, Р.А. Абзалов т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Кәсіби білім беру мекемелерінде болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру жолдары А.В. Усова, В.И. Земцова, А.Н. Тесленко, И.Л. Беленок, М.А. Құдайқұлов, А.Е. Әбілқасымова, Қ. Қабдықайыров, Л.Х. Мажитова, М.С. Молдабекова, О.С. Сыздықов, Ш. Таубаева, А.Б. Абибуллаева, Б. Кенжебеков, А.Г. Қазмағамбетов, С. Маусымбаев, С.М. Кеңесбаев, А.М. Әбдіров, К.М. Беркімбаев және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысына қатысты маманның кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесі де ғалымдардың зерттеу объектісінен тыс қалмады. Оны ғылыми-теориялық тұрғыда И.Н. Решетень, О.А. Абдуллина, В.А. Беликова, Г.Д. Бухарова, М.М. Левина, Ж. Егізбаев, Н.Н. Хан және т.б. ғалымдар негіздеді.

«Кәсіби біліктілік» ұғымын таратып талдаудың әртүрлі жолдары В.А. Адольф, Н.В. Кузьмина, В.А. Ситаров, В.А. Слостенин, А.П. Тряпицына және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Педагогтың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселесі саласындағы жетекші дидактикалық зерттеулер ретінде Ю.К. Бабанскийдің, З.И. Васильеваның, М.А. Даниловтың, Б.П. Есиповтың, В.В. Краевскийдің, И.Я. Лернердің, М.И. Махмутовтың, М.Н. Скаткиннің, Т.И. Шамоваң және т.б. еңбектерін атауға болады.

Кәсіптік білім беру мекемелерінде мамандарды дайындауда дуальды оқыту элементтерін енгізу және әлеуметтік серіктестік негізінде дуальды оқыту мәселелерін Землянский В.В., Матвеев Н.В., Муратов В.С., Петров Ю.Н., Романов С.П., Федотова Г.А., Мисиков Б., Полянин В.А., Шерстнева Н.В., Н. Айдабулова, Б.Д. Бозымбаев, Ж.К. Есентаева, Б.С. Жолдыбаева,

С.К. Сапарғалиев, Г.Г. Сафонова, В.К. Шуканова және т.б. еңбектерінде қарастырылады

Жоғары көрсетілген ғалымдардың еңбектеріне талдау әліде болса бұл мәселенің жеткілікті зерттелгендігін көрсетті. Қазіргі таңда еңбек нарығында білім беру мекемелерінің бітіруші түлектердің бойына сіңірген білім, білік, дағдылар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарының арасындағы қарама қайшылық салдарынан түлектер арасында мамандық бойынша жұмысқа орналасушылар саны төмен. Бұл мәселені шешудің бірден - бір жолы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқу жағдайында жетілдіру болып табылады. Ресми құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге, педагогикалық практикасына жасалған талдау кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетті. Сонымен, зерттеу тақырыбының өзектілігі төмендегідей қайшылықтардың жауабын шешумен ерекшеленеді:

– кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге қоғамдық сұраныстың өсуі мен білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында;

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге жоғары талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы;

– кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің объективті қажеттілігі мен оны жүзеге асыруда әдістемелік кешеннің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Осы қарама-қайшылықтар бізге зерттеу мәселесін анықтап, тақырыпты *"Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері"* деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеу мақсаты: жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік кешенін ұсыну.

Зерттеу нысаны – дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісі

Зерттеу пәні – жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру теориялық тұрғыда негізделіп, педагогикалық шарттары нақтыланып, моделі жасалса, әдістемелік кешені даярланып, жоғары оқу орындарының тұтас педагогикалық процесіне ендірілсе, онда қоғам дамуының қазіргі заманғы өзгерістеріне сәйкес білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің

тиімділігі артады, **өйткені** дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бүгінгі қоғам талаптарына сәйкес келеді.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді теориялық тұрғыда негіздеу.

2. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау.

4. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешенін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру, ұсыныстар жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге арналған ғылыми-теориялық зерттеулер мен әдістемелік кешен олардың бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби біліктілігін жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздеріне: ғалымдардың «дуальды оқыту», «біліктілік», «кәсіби біліктілік» ұғымдары туралы философиялық, әлеуметтанулық, экономикалық, психологиялық, педагогикалық зерттеулер; жүйелілік, іс-әрекеттік, құндылықтық және білім беру теориялары мен таным теориясы; жоғары кәсіптік білім беру мазмұны, жоғары кәсіптік білім беру әдістемесіне және тәрбиелеу теориялары, білім беруді ізгіліктендіру, дуальды оқыту туралы тұжырымдары және дуальды оқыту бойынша еңбектер.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан - 2050» стратегиялық даму бағдарламасы, «Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», басқа да білім беру саласына қатысты мемлекеттік құжаттар, жаплыға міндетті білім беру стандарттары, оқу жоспарлары мен модульдік білім беру бағдарламалары, зерттеу мәселесіне байланысты отандық және шетел ғалымдарының педагогикалық еңбектері, жаңашылдық тәжірибелер, озат ғылыми зерттеулер, диссертанттың педагогикалық-зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Бірінші кезеңде (2016-2017) – диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері айқындалы, зерттеу тақырыбына орай ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалып, зерттеу мәселесі бойынша пайдаланатын ғылыми-әдістемелік, әдіснамалық зерттеу әдістері таңдалып, жүйеленді. Зерттеудің ғылыми аппараты анықталды. жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен әдістемелер іріктеліп, алғашқы анықтау эксперименті өткізілді.

Екінші кезеңде (2017-2018) – дуальды оқыту, кәсіби біліктілік, біліктілік түсініктері жан-жақты талданды. Білім алушылардың кәсіби біліктілігі ұғымы нақтыланды. Оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері анықталып, оларға сәйкес деңгейлер белгіленді. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалды. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделі және оның мазмұны дайындалды. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірілу деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістемесі (әдістемелер, сауалнамалар мен анкеталық сұрақтар, тест үлгілері және т.б.) таңдалды. Модельдің тиімділігін тексеруде қолданатын бағдарлама, элективті курс, әдістемелік нұсқаулар, оқу, педагогикалық, өндірістік практикалардың бағдарламалары дайындалды. Қалыптастыру эксперименті жүргізіліп, аралық өлшемдер алынды.

Үшінші кезеңде (2018-2019) – тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау жүргізіліп, статистикалық өңдеу жұмыстары жасалды, қорытындыланды. Зерттеу қорытындылары бойынша ұсыныстар дайындалды. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері: Ізденуші диссертациялық жұмысының мақсаты, алға қойған міндеттеріне жету және ғылыми болжамын тәжірибеде тексеруде теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданды: теориялық зерттеулер (зерттеу мәселесіне орай психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдіснамалық еңбектерді, сонымен қатар мемлекеттік жоғары білім беру стандарттары, бағдарламаларды және т.б. негізінде); Әдіснамалық зерттеулер (білім алушылар мен оқытушылар іс-әрекетін бақылау, әңгімелесу, сауалнама, сұрақ-жауап, интервью, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені сұрыптау, педагогикалық эксперимент); нәтижелерді, деректерді статистикалық өңдеу және оны графикалық тұрғыда ұсыну.

Зерттеу базасы: Эксперименттік жұмыс С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университетінде жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негізделді;

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалды;

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталды;

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешені жасалып оның тиімділігі тексерілді және ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық мәнділігі:

1. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешені құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді:

2. «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» атты элективті курс бағдарламасы мен «Дуальды оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы дайындалды.

3. Зерттеу нәтижелерін техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің мәні ол кәсіби өсудің негізгі қоғаушы күші, жетілу өзінің кәсіби тұрғыда акме шыңына бағытталу арқылы, кәсіби тұлғалық сапаларының қалыптасуын көрсетеді.

2. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары: болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін ендіру; кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану; модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру; білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту; білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру. Бұл шарттардың орындалуы білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіруге ықпал етеді.

3. Мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттерінен тұратын жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі.

4. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі. Ізденушінің педагогикалық зерттеуінің ғылыми негізімен, зерттеу өзектілігіне орай өзара байланысты әдіс-тәсілдері орынды пайдалануымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны зерттеу мақсатына сәйкестілігімен,

бастапқы және соңғы нәтижелердің қорытылуымен, олардың тиімділігін жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде тексерілуімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру. Ізденушінің зерттеуіндегі негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, халықаралық симпозиум еңбектері жинағында жарияланған. Сондай-ақ бүгінгі таңда, 1 оқу құралын университеттің ғылыми кеңесімен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарды және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынған, 12 мақала жарияланған, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4, Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында 6, SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда 19% (Q4) және 74% (Q2) 2 мақала жарияланған.

Диссертация "Кәсіптік білім беру" кафедрасында төмендегі ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында орындалды:

– мемлекеттік тіркеу нөмері №0117РКИ0646 "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы Ынталы қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы (2017-2022); (Қосымша А)

– GIZ Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының жетекшілігімен жүргізілген "Дуальды оқытудағы стратегиялық альянс" тақырыбындағы қазақстан-неміс қолданбалы зерттеулер жобасы (01.02.2017-10.05.2017 жж.) (Қосымша Ә);

– БЖҒ министрлігінің ғылымды дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша №АР05131049 "Мәңгілік Ел құндылығы негізінде оқушылар патриоттық тәрбиелеудің әдіснамасы" ғылыми жобасы (2018-2020). (Қосымша Б).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден Диссертация кіріспеден Диссертация кіріспеден үш бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындалып, ғылыми аппараты: зерттеу мақсаты, нысаны, пәні, зерттеудің ғылыми болжамы, зерттеудің міндеттері, жетекші идеясы, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеудің негізгі кезеңдері, зерттеу әдістері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, зерттеудің практикалық мәнділігі және қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі анықталған.

"Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің теориялық негіздері" атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі теориялық тұрғыда негізделді.

"Біліктілік", "кәсіби біліктілік" ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланып, талданды. Білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың даму тарихына шолу жасалып, дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің қазіргі жағдайы сипатталады. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндіктері айқындалып, біліктілік түрлері көрсетіледі.

"Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық негіздері" атты екінші тарауда білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында кәсіби бейімделу және қалыптасу арқылы жетілдірудің мәні мен маңызы қарастырылған. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары анықталған. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталады.

"Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тәжірибелік-эксперименті" атты үшінші тарауда білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің мазмұндық сипаты ашып көрсетіледі. Білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша анықтау, қалыптастыру және бақылау тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижелері анықталып өңделіп ұсынылған.

Қорытындыда зерттеудің нәтижелері қорытындыланып, тұжырымдалып, қорғауға негізгі қағидалар ұсынылған.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда пайдаланылған әдістемелер мен сауалнамалар берілген.

1 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің мәні

Жоғары оқу орындары білім алушыларының кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісі сан салалы, күрделі мәселелердің бірі. Бұл философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде, акмеологияда, еңбек психологиясында, т.б. гуманитарлық ғылымдарда жан-жақты зерттеліп жүр. Біздің тарапымыздан жүргізілген кешенді зерттеу аталған ғылымдардың бұл мәселені зерттеудегі жұмыстарын шектеу емес, керісінше сол салалардың нәтижелерін зерделей келе, білім алушының кәсіби біліктілігі, оның маңызы, мазмұны, құрылымы және оны дуальды оқыту жағдайында жетілдірудің педагогикалық шарттары мен мүмкіндіктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеу.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық мәселелерін зерттеуге арналған әдіснамалық бағдарын зерттеуде біз, алдымен тұтастай ғылыми танымның әдіснамасына (Егоров В.В. [3], Бахтина И.Л. [4], Бряник Н.В. [5], Рузавин Г.И. [6]) атап айтқанда, педагогиканың әдіснамасына (Александрова Е.А. [7], Кузьмина Н.В. [8], Яковлева Е.В. [9]) және кәсіптік педагогика әдіснамасына (Аксенова М.А. [10], Беляева А.П. [11], Батышев С.Я. [12, 13]) сүйендік.

Әдіснама ұғымына сөздіктер мен ғылыми дереккөздерде әр түрлі анықтамалар берілген. Философиялық сөздікте бұл терминді екі мағынада түсіндіреді:

1) ғылымда қолданылатын танымдық құралдардың, әдістердің тәсілдердің жиынтығы;

2) танымдық және тәжірибелік өзгертуші әрекетті ұйымдастырудың құралдары, алғышарттары мен принциптерін зерттейтін білім саласы [14].

Ал, психологиялық-педагогикалық сөздікте үш түрлі мағынада түсіндіріледі:

1) ғылыми таным және әлемнің өзгеруі туралы ілім;

2) кез келген ғылымда немесе оның саласында қолданылатын зерттеу әдістерінің жиынтығы;

3) құрылым, логикалық ұйымдастыру, қызмет әдістері мен құралдары туралы ілім және ғылыми таным әдіснамасы, яғни құрылым қағидалары, ғылыми-танымдық іс-әрекеттің нысандары мен әдістері туралы ілім [15].

Педагогикалық сөздікте "әдіснама" ұғымы теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрудың принциптері мен әдістерінің жүйесі, сондай-ақ осы жүйенің ілімі ретінде қарастырылады [16].

Алдыңғы қатарлы ғалым-методологдар (В.В. Краевский [17, 18], А.М. Новиков [19], В.М. Полонский [20] В.И. Загвязинский [21]) әдіснаманы теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрудың принциптері мен әдістерінің жүйесі, сонымен қатар осы жүйенің ілімі, оның

логикалық ұйымдастырылуы құрылымы, қызмет әдістері мен құралдары ретінде қарастырады [22].

А.М. Новиков әдіснаманы "іс-әрекетті ұйымдастырудың біртұтас ілімі" ретінде қарастыра отырып, оның негізгі сипаттамаларын (ерекшеліктері, принциптері, шарттары), қызметтің логикалық құрылымын (субъект, объект пән, нәтиже, формалары, құралдар, әдістер) және оны жүзеге асыру процесінің уақытша құрылымын анықтайды [23].

Ғалым П.И. Педкасистый педагогика бойынша оқу құралында әдіснаманы: "педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымы, педагогикалық шындықты көрсететін білім алудың тәсілдері мен әдістері туралы білім жүйесі, сондай-ақ осындай білімді алуға арналған іс-шаралар жүйесі және зерттеулердің сапасын бағалаудың бағдарламалары, логикасы мен әдістері" ретінде анықталған [24].

В.А. Слостенин және В.П. Каширин педагогика әдіснамасын "теориялық қағидалардың екі тобының жиынтығы деп қарастырады: педагогикалық таным және педагогикалық шындықтың өзгеруі туралы" [25].

Л.П. Кривченко педагогика әдіснамасын "педагогикалық шындықты танып-білудің және қайта құрудың принциптері, әдістері, формалары мен таным үдерістері туралы ілім" – деп қарастырады [26].

Ғ.И. Ибрагимов педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерінің мәселелерін талдап, педагогика әдіснамасы екі аспектіде: "білім жүйесі ретінде де, ғылыми зерттеулер жүйесі ретінде де пайда болады" – деп құнды пікір білдірген.

Ғылыми зерттеулердегі педагогика әдіснамасының рөлі мен орнын талқылай келе автор В.В. Краевский және В.И. Журавлеваның педагогикадағы әдіснамалық білімінің маңызды бағытының пайда болуын және әдістеме ғылыми зерттеулер өрісінен практикаға көбірек еніп кететінін атап өткен. Сондықтан жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселесін шешудің теориялық және әдіснамалық негіздерін іздеуде, бүгінгі күні педагогика ғылымының әдіснамасы практикаға бағытталған болып отыр деген тұжырымға аса назар аударамыз [27].

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы әдіснамалық бағдары психологиялық - педагогикалық зерттеулерді (Л.Ф. Спирин, Т.А. Ильина, Н.А. Сорокин, В.И. Орлов, П.И. Пидкасистый, Н.А. Лошкарёва) талдау жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселесін зерттеуде кәсіби біліктілік ұғымының анықталу мазмұнына көңіл бөлеміз.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде білікке әртүрлі анықтамалар берілген. Мәселен, білік жаңа бір іс-әрекетті меңгеру мен оның түрлі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі ретінде қарастырылады. Педагогикалық энциклопедияда білікке «... мақсатқа сәйкес іс-әрекетті тиімді атқару мүмкіндігі» — деген анықтама берілген [28].

Педагогикада және педагогикалық психологияда біліктілік ұғымы негізгілердің бірі болып табылады. Бұл сөзге дәлел келесі жағдайлар бола алады: біліктілік ұғымы педагогика, психология және философияның көптеген

түсініктерінмен тұлға, іс-әрекет, қабілет, қабылдау, ойлау, шығармашылық, шеберлік, және т.б. ұғымдармен тығыз байланысты. Аталған ұғымдарды біліктілікпен байланыстырмай қарастыруға болмайды. Сондықтан "біліктілікті" педагогика мен психологияны байланыстарын аралық екі ғылымға да тәуелді ұғым деп айтуға болады. Ал мұны біліктілік мәселесінің түрлі (философиялық, физиологиялық, әлеуметтік, және т.б.) аспектілерден қарастырылуынан байқалады [29].

Жалпы психологияда "біліктілік" тұлғаның меңгерген іс-әрекетті орындау тәсілі немесе субъектпен меңгерілген білім және дағдының жиынтығын қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді орындау әдісі ретінде түсіндіріледі [30].

Біліктілік ұғымына түрлі ғалымдардың берген анықтамаларын талдай отырып, топтастыруды жөн көрдік (1-кесте).

Кесте 1 – Біліктілік ұғымын зерттеген ғалымдар мен олардың берген анықтамалары

Ғалымның аты жөні	Берілген анықтамасы
1	2
Л.Ф.Спирин	себебін біліктілік тұлғаның психологиялық ерекшелігімен, эмоциялық-еріктік аймағымен, бағыттылығымен, білімімен, зейінімен және шығармашылық ойлауымен өзара тығыз байланысты
Т.А. Ильина	– біліктілік меңгерілген білімге негізделген тәжірибелік іс-әрекеттердің өзі
Н.А. Сорокин	– біліктілік берілген шартарға сәйкес қойылған міндеттерді шешуге меңгерілген білім негізінде іс-әрекеттерді табысты орындау мүмкіндігі
В.И. Орлов	– біліктің психологиялық, педагогикалық және қоғамдық-тарихи маңызы жайында берілген түрлі тұжырымдарды қарастырып білікті мақсатқа жетуге дайындық
П.И. Пидкасистый	– меңгерілген білім мен өмірлік тәжірибе негізінде тез әрі саналы түрде тәжірибелік және теориялық іс-әрекетке даярлық
Н.А. Лошкарева	– білік оқу танымдық іс-әрекеттің тиімді құралы
М.Ә. Құдайқұлов	білік ұғымын іскерлік, икем, икемділік, біліктілік, шеберлік, бейім, жетіктік
М.Ж. Жадрина	– білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамитын өмірлік дағдылар мен құзырлықтар
Б.А. Тұрғынбаева	– біліктілік айналадағы өзгерістерге орай, өз әрекетін жоғары деңгейде жобалай ұйымдастыра алу

1-кестенің жалғасы

1	2
Б.Р. Айтмамбетова	– біліктілік – адамның белгілі бір қызметте өз білімін көтеріп, нені қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болатын қасиет
К.Б. Сматова	– оқу біліктері – бұл оқу үдерісінің демеуші күші, оқытудың тиімді әдісі, ұсынылған өзіндік жұмыстардың жаңалығы мен шешілетін мәселенің мәнін ашудағы мақсатты оқу қызметінің нәтижесі
Г.А. Пазылова	– біліктілік – жеке тұлғаның іс-әрекетінде белгілі бір кәсіптің түріне даярлық дәрежесі

Біліктілік өзінің табиғатында қиын әлеуметтік-психологиялық білім болып табылады. Педагогика ғылымының біршама өкілдері біліктілікті тұлғаның қасиеті, мінезінің бітімі және т.б. деп анықтайды. Л.Ф. Спирин бұл анықтаудың негізгі себебін біліктілік тұлғаның психологиялық ерекшелігімен, эмоциялық-еріктік аймағымен, бағыттылығымен, білімімен, зейінімен және шығармашылық ойлауымен өзара тығыз байланыстылығында деп атап өтеді [31].

Сонымен, Т.А. Ильина біліктілікті меңгерілген білімге негізделген тәжірибелік іс-әрекеттердің өзі деп түсінеді [32]. Ал, Н.А. Сорокин біліктілікті берілген шарттарға сәйкес қойылған міндеттерді шешуге меңгерілген білім негізінде іс-әрекеттерді табысты орындау мүмкіндігі деп атайды [33].

В.И. Орлов біліктіліктің психологиялық, педагогикалық және қоғамдық-тарихи маңызы жайында берілген түрлі тұжырымдарды қарастырып біліктілікті мақсатқа жетуге дайындық деп анықтама берген [34], бұл көзқарасты П.И. Пидкасистый меңгерілген білім мен өмірлік тәжірибе негізінде тез әрі саналы түрде тәжірибелік және теориялық іс-әрекетке даярлық деп жалғастырады [35].

Н.А. Лошкарева білім білікке де, дағдыға да негіз болады дей келе, білікке оқу танымдық іс-әрекеттің тиімді құралы ретінде баға берген [36].

Сонымен қатар, көптеген Қазақстандық ғалымдар М.Ә. Құдайқұлов, М.Ж. Жадрин, О. Сәлімбаев, Б.А. Тұрғынбаева, Б.Р. Айтмамбетова, Н.Б. Жаманқұлова, К.Б. Сматова, Г.А. Пазылова, Ш.Ш. Карбаева т.б. өздерінің ғылыми зерттеулерінде кәсіби біліктілік ұғымын зерделеген.

М.Ә. Құдайқұлов білік ұғымын іскерлік, икем, икемділік, біліктілік, шеберлік, бейім, жетіктік және т.б. ретінде анықтаған [37].

М.Ж. Жадрин «білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамитын өмірлік дағдылар мен құзырлықтар» деп еспетейді [38].

Б.А. Тұрғынбаева «біліктілік» ұғымын айналадағы өзгерістерге орай, өз әрекетін жоғары деңгейде жобалай ұйымдастыра алу ретінде қарастырған [39].

Б.Р. Айтмамбетова «біліктілік – адамның белгілі бір қызметте өз білімін көтеріп, нені қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болатын қасиет» деп атап көрсеткен [40].

К.Б. Сматова оқу біліктері – бұл оқу үдерісінің демеуші күші, оқытудың тиімді әдісі, ұсынылған өзіндік жұмыстардың жаңалығы мен шешілетін мәселенің мәнін ашудағы мақсатты оқу қызметінің нәтижесі деп анықтама берген [41].

Г.А. Пазылова біліктілік – жеке тұлғаның іс-әрекетінде белгілі бір кәсіптің түріне даярлық дәрежесі деп анықтама берген.

Педагогика ғылымы мен тәжірибесі оқытушының кәсіби біліктілігін айқындайтын мынадай аспектілерді атап көрсетеді (1-сурет):

– теориялық және әдістемелік дайындық (Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер және т.б.);

– ғылыми педагогикалық сана (С.В. Елканов, Ю.Н. Кулюткин және т.б.);


– оқытушының кәсіби - маңызды қасиеттері (С.И. Архангельский, З.И. Васильева, К.С. Успанова және т.б.)

– кәсіби құндылықтарға бағытталушылық (Г.К. Нұрғалиева және т.б.);

– оқыту технологияларын қолдану (Б.С. Гершунский, В.П. Беспалько, М.В. Кларин және т.б.)

– кәсіби-педагогикалық қарым- қатынас (Кан-Калик, А.В. Мудрик және т.б.);

– кәсіби іріктеу (Р.И. Хмелюк және т.б.) [42].



Сурет 1 – Оқытушының кәсіби біліктілігін айқындайтын аспектілер

Біз осы берілген анықтамаларды талдай келе біз өз түсінігімізде *кәсіби біліктілікті - тұлғаның белгілі бір кәсіп саласындағы кәсіби іс-әрекетті орындай алуы деген анықтаманы ұсынамыз.*

Педагогтің кәсіби машығын айқындайтын жеке стилінің көрсеткіштері: оқытушының жалпы дүиетанымы, жеке кәсіби іс-тәжірибесі, педагогикалық ойлау жүйесі, оның кәсіби-педагогикалық қабілеттері, тұлғаның психофизикалық ерекшеліктері болып табылады. Ал кәсіби біліктілік стандартты маманданған көрсеткіші оқытушының психологиялық-педагогикалық ғылыми парадигмалары мен ұғым-түсініктерін меңгеру деңгейімен бағаланады.

Болашақ маман өзінің кәсіби саласындағы өзгермелі әлеуметтік–экономикалық-индустриалды, инновациялық, ғылыми жаңалықтарға тез бейімделгіш, креативті ойлау тәсілін игерген, жеке шығармашылық кәсіби біліктілігі жетілдірілген болуы керек.

Біліктерді игерудің диагностикалық көрсеткіші, әдетте, оқытудың нақты алға қойған міндеттеріне қатысты атқарылатын әрекеттер нәтижесінде анықталады. Сондай-ақ әрбір әрекеттің құрамында жалпы элементтерді алып қарауға болады, аталған элементтерді жүзеге асыру әрбір нақты білікті қайта шығару кезінде қажет болады. Бұл элементтерді меңгеру қалыптасқан біліктің нақты көрсеткіші болады:

- білік құрамындағы нақты әрекеттерді орындау кезегін құру;
- белгілі бір білікті құрайтын әрекеттерді іс жүзінде орындауды жоспарлау;
- білікті құрайтын әрекеттерді орындаудың нәтижесін қызметтің мақсатымен салыстыра отырып, оны өзі таңдау.

Білім алушыларға жоғары оқу орны қабырғасында теориялық терең білімді меңгерген, жоғары бәселестікке қарсы тұра алатын, кәсіби мамандығына ыңғайлы, қабілетті, ерекше қасиеттерді бойларына сіңірулері қажет. Оның ішінде зерттеуіміз "Кәсіптік оқыту" мамандықтарында жүргізілгендіктен, педагогке аса қажетті: педагогикалық мамандыққа бағыттылық, балалармен жұмыс істеуге ішкі қажеттілік, кәсіби бейімділіктің көрсеткіші және мұғалім мамандығын таңдаудағы басты құндылық балаларға деген сүйіспеншілік және т.б. қасиеттерді анықталды. Шын мәнінде балаларға деген сүйіспеншілік педагогке өзінің педагогикалық шеберлігін де шыңдауға ықпалын тигізеді. Оның алғашқы бастамасы білім алушыларды болашақ мамандығына дайындау, қалыптастыру кезеңінде басталады. Сондықтан, дуальды оқытудың алатын орны ерекше, себебі, бүгінгі білім алушы – болашақ өзінің кәсіби бағыттылығын, кәсіби шеберлігін, осы кәсіпке ыңғайлылығын және алған теориялық білімдерін жұмыс орнында өндіріспен байланыстырып отырғанда ғана жүзеге асырады. Осы жағдайда ғана білім алушыға педагогке тән педагогикалық шеберлікке, іскерлікке қол жеткізуге жол ашылады.

Педагогтің кәсіби шеберлігінің бастамасы негізіне оның өз пәнін және оқыту әдістемесін терең меңгеруі кіреді. Педагогтың өз пәнін еркін білуі ғана білім алушылардың білімге деген ынтасын туғызып, педагогтың талаптарына жауапкершілікпен қарауға итермелейді. Білім алушылар педагогтің өз пәнін нашар меңгергенін, және оның сабақ бере алмайтынын ешқашан кешірмейді. Әрине, мұндай орны толмас қателіктерді болдырмай үшін болашақ мамандарды университет қабырғасына келген күннен бастап білім беру мекемесіндегі оқу –

тәрбие үрдісіндегі жаңалықтармен, заманауи оқыту технологиялары және оқытудың жаңаша әдістерімен, үнемі жаңартылып отыратын білім мазмұнымен уақытылы таныстырып отыру қажеттігі туындайды, және осы қажеттілікті толық қанағаттандыруда дуальды оқытудың көкейтестілігін айқындай түседі.

Білім алушы өзінің таңдаған кәсіби мамандығының қыры мен сырын дуальды оқыту жағдайында өндіріске тікелей араласу барысында сезінеді. Жас маманның яғни, педагогтардың кәсіби біліктерінің дамуына дуальды оқыту жүйесінің қосар үлесі зор екенін білеміз. Білім алушының кәсіби маман ретіндегі педагогикалық дағды іскерлігі мен кәсіби икемділігін дамытатын басты шара – теорияның тәжірибемен өзара кірігуі ал бұл дуальды оқыту болып табылады.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі өзінің даму негіздерін заманауи технологиялардың жаңару қарқынына орай өзгертті, ол білім, іскерлік және дағдыны игеру ғана емес, алдына жаңа биік мақсаттар мен мүдделерді қойып отыр. Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда кәсіби біліктіліктері мен бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту негізіне, кәсіби салада өздігінен білімін арттыруға, өзін жан-жақты жетілдіру негізіне сүйене отырып, үздіксіз білім алуға қабілетті тұлға, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін құру маңызды болып табылады. Осылайша, кәсіби біліктілігін жетілдіруге ұмтылатын, өзін тұлғалық жан-жақты жетілдіруге ынталы, болашақ маманды даярлау жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында жүзеге асырылады.

Әлемдегі орын алып отырған экономикалық тұрақсыздық жағдайында жұмыссыздықтың өсуі, жалақының төмендігі, үлкен бәсекелестікке төтеп бере алмаған мекемелердің банкрот болуы салдарынан қызметкерлердің жұмыстан шығарылуы, түлектердің өз күштеріне сенбеуі мен кәсіби өсудегі кедергілер кәсіби білікті мамандарды тыңғылықты дайындау ісінде қиыншылықтар әкелуде. Бұл әрине жоғары оқу орындарының аталған мәселемен жеке қалуында. Өйткені, кәсіби білікті мамандарды заман талабына сай дайындауда ЖОО бір жақты қалмауы тиіс. Аталған мәселені жұмыс берушілерді болашақ мамандарды даярлау ісіне тікелей араластыру арқылы ғана шешуге болатынын дуальды оқыту жүйесі дәлелдеп отыр. Маман дайындау ісінде жоғары оқу орны мен сол түлекті жұмысқа қабылдайтын мекеменің бірігуін әлеуметтік серіктестік жүзеге асырады.

"Дуальды" термині ғылыми педагогикалық еңбектерде "екі жақты, екеу ара, үйлестіру" және "бірлескен ұйым бірлігі" деп анықтама берілген. Педагогикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ "дуальды білім беру ортасы" ұғымын алғаш рет 1960 жылдары кәсіби білім берудің жаңа форматы ретінде Германияда қолдана бастаған.

Қазақстанда дуальды сөзінің қолданылуы әр алуандығын Э.А. Айтенова өзінің "Дуальді-бағдарлы оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру" тақырыбындағы зерттеу жұмысында зерделей келе "Біздің диссертациялық зерттеуде "дуальді" деп жазуымызға себеп, бұл халықаралық термин - қазақ тілінің сингорманизм заңы бойынша басқа тілден енген сөздерге жіңішке жалғау жалғанады" – деп түйіндейді [43].

Әрине бұл ұғым педагогика ғылымында енді зерттеліп жатқандықтан диссертациялық тақырыпты бекітерде дуальды сөзінің қазақша нұсқасында жіңішке жалғау болады ма? Соңғы жалғау "ді" немесе "ды" болады ма? – деген сұрақтар бізді де мазалады. Бірақ, біз аталған ұғымның елімізде бекітілген нормативтік құжаттарда атап айтқанда "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БЖҒМ-нің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13422 болып тіркелген) қолданылу тәртібіне орай дуальды деп қалдыруды жөн көрдік.

Кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту формасының даму тарихын зерттеген шетелдік ғалымдардың F. Avvissati [44], H. Abel [45], W. Greinert [46], H. Balankerz [47], K. Koenig [48], G. Gruener [49], A. Lipsmeier [50], K. Kuemmel [51], H. Schneider [52], P. Muench [53], S. Thyssen [54], H. Stegmann [55], P. Dehnbostel [56], G. Bunk [57], J. Naumann [58], G. Kutscha [59], H. Puetz [60], H. Nolte [61], H. Schmidt [62], A. Schelten [63] және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Дуальды оқыту мәселелерін қарастырған Ресейлік ғалымдардың анықтамаларын талдар болса.

Дуальды білім беру жүйесін іс-тәжірибелік оқытуды дәстүрлі білім беру мекемелерінде және өндірісте ұштастыра ұйымдастырылған оқыту жүйесі деп Ресей ғалымы Г.А. Федотова анықтаған [64].

Л.Н. Самолдина дуальды оқытуды - кәсіби даярлықты ұйымдастырудың инновациялық үлгісі деп қарастырады [65].

С.П. Романовтың көзқарасында дуальды оқытуды - инженерлік - педагогикалық білім берудің инновациялық үлгісі деп анықтайды [66].

М.А. Шувалованың пікірінше, дуальды оқыту - бұл өндірісті ішінара жұмыспен қамтылуын және дәстүрлі мектеп-университет жүйесінде жартылай жүктемемен білім беруді үйлестіретін, оқу бағдарламаларын іске асырудың ұйымдастырылған оқу үдерісі деп қарастырады [67].

В.А. Тимофеевтің пайымдауынша дуальды оқыту - кадр қажеттілігін болжау, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби білім беру, кәсіби біліктілікті бағалау, өндірістегі тәлімгерлерді және педагогтарды даярлау, олардың біліктілігін арттыру жүйелерінің өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін үлгі [68].

Ал Қазақстанда аталған тақырып бойынша алғашқы зерттеулер 2015 жылдардан бастап жүргізіле бастады. Атап айтсақ, Ұ.М. Әбдіғапбарова [69], К.Ж. Бұзаубақова, Ж.Н. Күмісбекова, С.А. Әубакирова [70], В.В. Егоров, С.А. Жолдасбекова [71], С.М. Ударцева, Н.Б. Жиенбаева [72] және т.б.

У.М. Абдигапбарова жоғары оқу орындарында білім алушыларды дуальды оқыту бағытындағы дайындығын синергетикалық үдерісті және бірін-бірі толықтыра отырып, болашақ маманның дуальды білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметке кәсіби даярлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білімді, іскерлікті, дағдыларды қалыптастыру нәтижесін білдіреді [73].

Сонымен қатар, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларды дуальды оқыту жағдайында даярлауды автор педагогикалық білімнің инновациялық түріне жатқызады, ол үш әдіснамалық негіздің бірлігінде құрылған мамандарды даярлау кезінде білім беру және өндірістік саланың

келісілген өзара іс-қимылын көздейді: аксиологиялық (гуманистік және технологиялық тепе-теңдігі), онтологиялық (құзыреттілік тәсіл), технологиялық (кәсіптік қызметке дайындық процесін ұйымдастыру).

Педагогикалық кадрларды дуальды-бағдарлы даярлауды жүзеге асыру жолдарын У.М. Абдиғапбарова келесі қағидаттарды ұстану арқылы көреді:

- білім беру мақсаттарының қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- гуманистік және технологиялық ұстанымдар негізінде педагогикалық білім беру процесінде білім беру және кәсіби - педагогикалық сананың өзара іс-әрекетін жүзеге асыру;

- педагогикалық білім берудің интегративтілігін оның жүйелік тұтастығының көрінісі ретінде қамтамасыз ету.

Автордың пікірінше дуальды оқыту-теориялық және практикалық дайындықты біріктіруді көздейді, онда жоғары оқу орындарында білім алушы кәсіби қызметтің негіздері мен теориялық білімдерін меңгеруі тиіс, ал дайындықтың тәжірибелік бөлігі тікелей жұмыс орнында: мектептерде, колледждерде және басқа білім беру орталықтарында өтеді [73].

В.В. Егоров "Теориялық және практикалық құрамдас бөліктерді жоғары дуальды техникалық білім беру жүйесінде дәйекті түрде алмастыру арқылы білім алушылардың теориялық білімдерін алу және дағдылар мен қабілеттерін алу үдерісі арасындағы уақыт айырмасы бар"-деп еңбегінде дуальды оқытудың негізгі қағидаларын жүзеге асыру мен даму нысаны ретінде атап өткен [74].

С.А. Жолдасбекованың еңбегінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда дуальды жүйе ұғымын, тарихы мен дамуын, дуальды оқыту жүйесінің артықшылығы мен кемшіліктерін қарастырған. Сонымен қатар, оқытудың дуальды формасын ендіру кәсіптік техникалық білім берудің негізгі мәселесі - теория мен практика алшақтығын жоюға мүмкіндік береді дей келе, оған байланысты жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын дуальды оқытуға даярлау [75].

С.М. Ударцеваның еңбегінде, дуальды оқыту кезінде кіші курстағыларға жалпы теориялық база, ал келесілерге - практикаға бағытталған оқу тапсырмаларды өндірістік жағдайда орындауды талап ететін тапсырмалардан құралған жеке жоспар бойынша жұмысты қамтамасыз етуді болжайды [76].

А.Х. Давлетова "Дуальды жүйе оқу үдерісінде теориялық және практикалық дайындықты біріктіруге мүмкіндік береді. ЖОО, колледждердегі (жалпы білім беру дайындығы) қарапайым сабақтармен қатар, студенттер нақты бір кәсіпорында немесе фирма базасында практикалық тәжірие, практикалық дағдыға ие болады" [77].

В.А. Тешев "Германия мен Ресейдегі дуальды білім беру формасының салыстырмалы мазмұнын талдау" еңбегінде қазіргі уақытта кәсіптік білім беруде болашақ маман даярлаудың жоғары ресурстарын атап көрсеткен. Өз еңбегінде заманауи білім беруді сипаттай келе, білім алушылардың оқу орынында теориялық білім алып, өндірісте еңбек нарығының талаптарына бағыну жайлы сөз еткен. Сондай-ақ жоғары оқу орнында да бұл жүйе орын

алса, онда тәжірибелік сағаттардың оқу көлемін арттыру мәселесін тұжырымдаған [78].

Сонымен қатар, соңғы жылдары дуальды оқыту жүйесі ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеліп, тақырып шеңберінде диссертациялық зерттеулер жүргізіле бастады. 2017 жылы Ж.О. Нұржанбаева "Дуальді оқыту жүйесінде колледж білім алушылардың бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері" [79], 2018 жылы Ж.Е. Алшынбаева "Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау" [80], 2019 жылы А.А. Сманова "Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия мен Қазақстан тәжірибесі)" [81], Р.А. Мамедов "Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми-педагогикалық негіздері", 2020 жылы Э.А. Айтенова "Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру" тақырыптарында зерттеулер жүргізіліп тақырыптың ғалымдар арасында қызығушылық тудара бастағанына көз жеткіземіз. Сонымен қатар, хронологиялық кестеде жүргізілген зерттеулердің негізгі мақсаттарына талдау жасаймыз (2-кесте).

Кесте 2 – Дуальды оқыту бойынша жазылған докторлық диссертациялардың хронологиялық кестесі

Ғалымдар	Зерттеу мақсаты	Қорғалған жылы
1	2	3
Ж.О. Нұржанбаева	Дуальді оқыту жүйесінде колледж білім алушы терінің бойында еңбек құндылығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және мазмұны мен әдістемесін ұсыну	2017
Ж.Е. Алшынбаева	Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлауды ғылыми-теориялық негіздеу және оны оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету	2018
А.А. Сманова	Германия мен Қазақстан тәжірибесі негізінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын теориялық негіздеу және оның элементтерін болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде пайдалануға әдістемелік ұсыныстар беру	2019
Р.А. Мамедов	Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеуді әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемесі мен ұйымдастыру формаларын ұсыну	2019

2-кестенің жалғасы

1	2	3
Э.А. Айтенова	Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру	2020

А.А. Сманованың тұжырымдауынша, дуальды оқытуды - мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты оқытуды ұйымдастырдың инновациялық түрі деп нақтылайды.

Э.А. Айтенова дуальды оқыту-оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі деп анықтама береді.

Дуальды оқытуға берілген анықтамаларды талдай келе, дуальды оқыту - теорияны еңбекпен ұштастыра отырып оқыту деген анықтаманы ұсынамыз

Ізденіс нәтижесінде дуальды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негізі теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттелуіне қарамастан, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіру мәселесі зерттеуді қажет қорытындыланды.

Себебі, бүгінгі нарықтық экономиканың, өндірістегі заманауи технологиялар мен қондырғыларда жұмыс істеуі үшін болашақ мамандардың кәсіптік және тұлғалық дағдыладырының болмауы, кәсіби маманның еңбек ұжымына кіріге алмауы, қызмет етуге деген оң көзқарасының болмауы және өз мамандығына сүйіспеншілігінің таяздығы, кәсіптік біліктіліктерінің жұмыс берушілердің талаптарына сай келмеуі жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінің және жұмыс берушінің бірігіп шешетін мәселесіне айналып отыр.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру өзектілігі қазіргі өндіріске ендіріліп жатқан жаңа технологиялар мен заманауи құрылғыларда жұмыс істейтін білікті маманға деген жұмыс берушілердің сұранысының жоғары болуы, еңбек нарығының тапсырысына сай келетін жұмыс берушілерді толық қанағаттандыратын білім алушылардың кәсіби біліктілігінің төмен деңгейде жетілдірілуі.

Жоғары кәсіптік білім алушыларының кәсіби біліктілігін жетілдіру – бұл бәсекеге қабілетті, ұтқыр, кәсібін жылдам басқа біліктілікке ауыстыра алуға қабілетті, болашағына сеніммен қарайтын, жұмыс әрекетінің нәтижесіне қанағаттанатын, өмірлік маңызды мақсаттарға ұмтылыуы мен оған жету жолдары, осы әрекеттерді анықтайтын мінез-құлықтары, ұстанымдары мен мұраттарында көрініс табады [82].

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру – бұл жүйелі және көпқұрылымды үдеріс. Бұл үдерістің мазмұнын дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру

мазмұны олардың ұтқырлығы, бәсекеге дайындығы, еңбек ұжымына бейімделуі, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби тұрғыдан өзін жетілдіруге талпынысы, кәсіптік біліктіліктің қалыптасуы, тұлғалық сапаларының дамуы мәселелерін қамтиды. Аталған үдерістің нәтижелі жұмыс атқаруына дуальды оқытуды жүзеге асыруға қатысушылар – жоғары кәсіптік білім беру мекемелері, жұмыс берушілер, мемлекеттік атқарушы билік ұйымдары мен бизнес-қауымдастықтар, кәсіпкерлер Палатасының өз жауапкершілікпен осы үдеріске қатысуына байланысты [79, б. 34].

Осылайша, жүргізілген ғылыми талдау жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту жағдайы жан-жақты зерттеліп жатыр деп айтуға мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы ғалымдар мен практиктер білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдірудің тиімді әдістерін іздестіре отырып, оның тәжірибелік құрамдас бөлігінің маңыздылығына көз жеткізді. Біз жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тәжірибиелік бағытын дамыту керек деп санаймыз. Өйткені ол, теория мен практиканың байланысын нығайтуға ықпал етеді, нақты өндіріспен тікелей танысуды, практикалық тәжірибені терең ұғынуды және жаңа идеяларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Сонымен біз осы бөлімде кәсіби біліктілік және дуальды оқыту ұғымын нақтылауға мән бердік, ал келесі бөлімде біз дуальды оқыту жүйесінің дамуының қазіргі жағдайын зерделейміз.

1.2 Білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың дамуы мен кәсіби біліктілікті жетілдірудің қазіргі жағдайы

Қазақстанда еңбек нарығында болып жатқан жағдай білім беру жүйесіндегі дәстүрлі тәсілдерді қайта қарастыру қажеттілігі туындауда. Еліміздің нарықтық экономикаға ауысуы білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер алып келді. Маманды жұмысқа қабылдағанда жұмыс берушілерді жоғары оқу орнын бітірушілерінің теориялық білімінен бұрын олардың кәсіби іс-әрекетті орындай алуы қызықтырады.

Қазіргі жоғары оқу орындары келешек мамандарды дайындаудың заманауи жағдайларына өзгеруге әзір емес. Сондықтан, теориялық дайындау мен оны тәжірибеде пысықтау бір-бірімен байланыссыз ұйымдастырылуда. Бұл олқылықты жоғары оқу орындарының оқыту үдерісіне дуальды оқытуды енгізу арқылы жоюға болатындығына болатындығына жүргізілген теориялық зерттеу негізінде көз жеткізілді. Өйткені, шетелдің білім беру ұйымдарымен терезе теңестіретіндей жаңа білім беру технологияларын енгізу, жоғары білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңартып, қазіргі өзгермелі заман шарттарында өмір сүруге дайын жоғары білікті мамандардың жаңа буынын дайындай алғанда мүмкіндік туады.

Германия елінде ұзақ уақыттан бері мамандарды кәсіби дайындаудың дуальды оқыту жүйесі жұмыс істейді, бұл кәсіби мектеп пен кәсіпорындағы өндірістік оқытуды қамтиды. Мұндай білім беру жүйесі жоғары дамыған Швейцария, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция сынды мемлекеттерде кеңінен тараған.

Осы қатарға кейінгі жылдары Ресей, Қазақстан және басқа дамушы мемлекеттер де қосылып жатыр. Дуальды оқыту жүйесі ең алғаш Германия елінде неміс педагогикасының өкілі Г. Кершенштейнердің «өнер мектебі» идеясымен бастау алған. Ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Мюнхан қаласында мектеп кеңесшісі қызметінде бола тұрып, неміс ұлттық мектептерінің оқу жоспарларын реформалаумен айналысты.

1900-1910 жылдары ғалым сол қалада практикалық оқытуға бағытталған жаңаша мектептер типін ендірі, аталған мектептер жұмысшы мамандықтар мен оларға қойылатын талаптарды анықтауға бағытталды. Сол жылдары нақты жұмысшы мамандықтары: ет өңдейтін қасапшы, тәттілер пісіретін кондитерлер, құбыр тазалаушылар, шаштаразшылар дайындайтын кәсіптік техникалық мектептер ашыла бастады. Осы мектептер бизнестің нақты бір түріне жұмысшылар дайындайтын арнайы мамандарған кәсіптік мектептердің алғашқылары болып табылады. Ал техникалық және кәсіптік білім берудегі дуальды оқыту жүйесі ұғымы XIX ғасырдың ортасынан бастап қолданысқа еңгізілді [83].

1969 жылы Германия мемлекеті кәсіптік білім беру заңын қабылдау арқылы елде дуальды оқытудың қарқынды дамуына жол ашты. Германияда білім алушылар оқуға арналған уақыттарының 3/4 пайызын өндірісте еңбек етіп, кәсіби шеберлігін шыңдауға арнап, қалған уақытын теориялық білім игеруге арнайды [84]. Қазіргі таңда дуальды оқыту жүйесін әлемнің 60 мемлекеті өздерінің білім беру жүйесіне еңгізіп, осы жүйемен жұмыс жасауда. Бұл өз кезегінде аталған жүйенің өзектілігін білім берудің өндіріспен тығыз байланыста жүргізілетіндігі айқындай түсуде.

Дуальды оқыту XX ғасырдың басындағы бастапқымен жүйемен салыстырғанда кәсіби білікті мамандарды алғашқы кәсіби дағдыларды меңгертумен ерекшеленді, білікті қызметкер немесе өндіріс шебері атанғаннан кейін келесі деңгейге ауысып отырған. Бұл әрине Германияда дуальды оқытуды жүзеге асыратын кәсіптік мектептердің көптеп өсуіне алып келді. Статистикалық мәліметтердің сандық көрсеткіші осыны дәлелдейді [85].

Неміс ғалымы Г. Штегманның пайымдауынша германиядағы дуальды оқытудың жетістігі жастар қатарындағы жұмыссыздық көрсеткішінің төмендеуін айтады [86]. Сондай-ақ, XIX ғасырдың 80 жылдары дуальды оқыту жүйесі арқылы білім алуға ниет білдірген білім алушылардың саны тұрақты түрде өсіп отыру байқалған. Қазіргі таңда неміс елінің білім беру мекемелері таратқан мәліметтерге сүйенсек, елде дуальды жүйе бойынша білім беретін кәсіптік білім беру мекемелерінде білім алушылардың басым көпшілігі орта білім және жоғар оқу орнында білімін жалғастыруға құқық беретін сертификатқа ие. Бұл дегеніміз диплом алған түлек нақты бір мамандық саласында жұмыс істей алады деген сөз.

Германиядағы орта және кіші кәсіпорындардың басым бөлігі кәсіби жұмысшы дайындауда кәсіптік білім беру бағдарламасын негізге алып жұмыс жүргізеді. Жеке кәсіпкерлер өз кәсіпорындарына қажетті жоғары сапалы мамандар алу үшін қомақты қаражат бөледі. Кәсіби білікті маманды дайындап шығуға кететін шығындарды алдын ала есептеп жоспарлайды. Сондықтан

Германияда мектеп бітіруші түлек біздің елдегідей білім алу үшін жоғары оқу орын немесе колледжді таңдамайды, болашақта өзін жұмысқа алатын және оның білім алуына қаржы құятын кәсіпорындарды іздейді. Мектеп түлектері үшін кәсіпорындар ұйымдастырған сұхбаттасудан өткен білім алушының білім алуына жоспарланған шығындарды кәсіпорын өз мойнына алып, білім алушы мен кәсіпорынның арасында ресми келіміс шарт жасалып, ол келісім шартта екі жақтың жауапкершіліктері мен міндеттері көрсетіледі.

Жоғары оқу орындарында дуальды оқыту бойынша модульдік білім беру бағдарламалары әлеуметтік серіктестіктердің тапсырысы және оның тікелей қатысуымен құрастырылады, сонымен қатар пәндер бойынша оқытылатын оқу материалының көлемін бір мамандық шеңберінде бөлу мүмкіндігі қарастырылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында қазіргі кезеңдегі отандық білім беру жүйесін модернизациялау барысында кәсіптік білім беру саласында түбегейлі өзгерістерге бет бұрғандығын атап өткен. Кәсіптік білім беру мекемелерінің алдында жаңа міндеттердің бірі ретінде экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындаудың сапасын арттыру керектігін және кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына сай ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет екендігін тапсырған болатын [87].

Қазіргі таңда Германия жерінде кәсіптік білім берудің екі бағытын қатмтыын білім беру жүйесі бар:

– білім алушылардың өндірісте тәжірибеден өтуді міндеттейтін дуальды оқыту жүйесі;

– мектептік кәсіптік білім беру жүйесі.

Қазіргі таңда әлем мойындаған жас мамандардың жұмысқа орналасу тиімділігін жоғары көрсетіп отырған кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту болып отыр. Сондықтан 2012 жылы Гвадалахар қаласында өткен G20 ұйымына қатысушы мемлекеттер бас қосуында дуальды оқыту жүйесін сапала әрі нәтижесі жоғары оқыту жүйесі ретінде таныған. Германия мемлекетінде білім алушыларға 15 жасында екі таңдаудың бірін жасауға тура келеді: бірінші жалпы болмаса академиялық білім алу; екіншісі кәсіби білім алу.

Германияда дуальды оқыту жүйесі кең таралған. Білім алу мерзімі 2-3 жылды құрайды, кәсіптік біліктілігі жоғары жұмысшылардан құралған Мемлекеттік экспертиза аттестациясынан өтеді. 2013 жылы Германияда қызмет көрсету саласында 329 мамандық бойынша оқытылады. Үкімет, кәсіподқатар, компаниялар, ассоциациялары бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. 2013 жылы неміс компанияларының 21% дуальды оқыту жүйесіне қатысқан.

Германияда дуальды оқыту жүйесінде білім алған түлектер өздерінің кәсіби мансабының жоғарылауы мен білім жетілдіру тетіктері:

– жоғары санаттағы кәсіби білікті маман біліктілігі беріледі және бұл әлемнің барлық мемлекеттерінде жарамды;

– біліктілік алған мамандар қызметін жоғарлату үшін өз саласының шеберіне кәсіби емтихан тапсырады (мысалы Мейстер емтиханы) болмаса өзі қызықтырған өзге сала бойынша Бизнес-палатасына кәсіби емтихан тапсыру арқылы иеленеді;

– өз саласында өте жоғары шендерге дейін мысалы, компания басшысы лауазымына дейін көтерілуге болады. Оған дәлел ретінде неміс елінің бұрынғы канцлері Герхард Шредердің өмір жолын келтіруге болады;

– кәсіптік мектепті бітірген білім алушы өз білім университетке түсу арқылы жалғастыруға құқылы;

– әрбір білімгер құнды бағаланады, мысалы, статистикалық деректерге сүйенсек, жұмыс беруші айына 1500 евро, айлық өтемақы 795 евро төлейді. 2013 жылғы оқу құнына жеке сектор – 23,8 млрд. евро, ал мемлекеттік сектор – қосымша 5,7 млрд. евро құйған. Осылайша, жалпы оқыту құны – 29,5 млрд. евроны құраған. Бұл Германияның ІЖӨ (ВВП) 1% құрайды және бұл бизнес-қауымдастықтардың кәсіптік білім берудегі табанды ұстанымын анықтап береді [79, б. 49].

Неміс елінде ХІХ ғасырдың басынан бастап келешек мамандарды кәсіби даярлаудың өзіндік жүйесі қалыптасқан, бұл жүйе кәсіптік білім беру мекемелерінің қолдауымен кәсіпорында оқыту, яғни дуальды оқыту деп аталады. Мұндай білім беру жүйесі көптеген Еуропа елдерінде оның ішінде: Швейцария, Австрия және Дания мемлекеттерінде де қалыптасқан. Дуальды оқыту жүйесінің жұмыс істеуіне экономика жауап береді. Германияның федеральді үкімет кәсіптік білім берудің құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді, ал оның құрылымы шындығында экономиканың қолөнер саласынан алынған. Экономиканың қолөнер саласында ұйымдастырылған және реттелген кәсіптік білім беру 1894 жылы пайда болған [88].

Сауда және өндіріс саласын бойынша реттелген кәсіптік білім беру ХХ ғасырдың 20-жылдары қалыптасты. Қазіргі таңда барлық кәсіпорындар барлығы мемлекеттің тапсырыс бойынша әкімшілік қызметтер көрсетіп және мемлекеттік стандарттар мен ережелердің орындалуын қадағалайтын тиісті палаталардың мүшелері болып табылады. Дуальды оқыту жүйесі бойынша маман дайындауға осы палаталар жауап береді, олардың ішіндегі ең үлкені қолөнер және сауда - өндірісі саласының палаталары. Аталған кәсіптік білім беру жүйесі осы уақытқа дейін ең ұтымды жүйе болып саналады. Себебі, кәсіпорындағы өндірістік оқыту білім алушылардың білім білік және дағдыларын қалыптастыруға және ең маңыздысы өндірістік тәжірибе жинауға септігін тигізеді. Оқу орынында берілген білім мұны бере алмайтындығы үнемі айтылып келеді.

Германияда қабылданған кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуда білім алушының тәжірибесі болуы міндетті емес. Білім алушылар орта деңгейлі (әлеуметтік қызметкер, мейірбике, бала бақша тәрбиешілері, фельдшер дәрігерлерін) мамандықтар бойынша білім алады, оқу мерзімі 2 немесе 3 мерзімді құрайды. Мұнда бітіруші түлектерге жалпыұлттық сертификат беріледі. Кәсіпке дейінгі оқыту 1 жыл мерзімді құрайды, компанияларда тағылымдамадан өтеді, жағдайы төмен отбасы балаларын, ерекше қамқорлықты

қажет ететін жандарға, шетел азаматтарына, білімді игеруде қиыншылыққа тап болған білім алушыларға бағытталған. 2013 жылы 257 600 адам осы алдын ала кәсіптік даярлықтан өткен.

Германия мемлекетінің үкіметі дуальды оқыту жобасын бақылап қажет жағдайда реттеп отырады, оқу бағдарламаларын кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің қатысуымен дайындап, олардың мақұлдауымен, оқу бағдарламаларын елдің барлық жерінде іске асыру үшін саяси шешім қабылдайды.

Федералдық білім министрлігі жалпы кәсіптік білім беру саясатына жауап береді. Олар барлық мамандануы бойынша оқыту министрліктерінің атқаратын жұмыстарын оңтайландырып, кәсіптік оқыту және білім беру институты жұмыс берушілермен және жұмысшылармен бірлесе отырып мамандық бойынша негізгі критериилер мен кәсіби стандарттардың әзірленуіне жауап береді, дуальды оқыту жүйесінің оқу бағдарламаларын елдің барлық аумағында нақты жүзеге асырылуын қадағалайды, аймақтарды дуальды оқытудың жүзеге асырылуына федеральдік атқарушы билік пен жұмыс берушілер тікелей жауапты.

Жұмыс беруші - ел заңына сәйкес аймақтық бизнес қауымдастықтарға мүше болу міндетті, сонымен қатар, болашақ мамандарды кәсіби дайындау үдерісіне тұрақты қатысып, білім алушылардың оқу үлгерімін қадағалап, үлгерімі төмен білім алушыларды оқудан шығарып, білім сапасын үнемі жоғарлатып отыруға мүдделі тұлға. Себебі, диплом алған маман сол тұлғаның қарамағына жұмыс істеуге барғанда еңбек өнімділігі жоғары жетіктікке жететінін түсінеді.

Федеральдық үкімет нақты кәсіптік мамандықтың келісілген күзиреттілік деңгейі болып табылатын ұлттық кәсіптік стандарттарды құруға жауапты. Стандарттар Іскерлік палаталар арқылы жұмыс берушілермен кеңесе отырып құрастырылады.

Германияның кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі 1969 жылы қабылданған. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі кәсіптік даярлық Заңына сүйенеді, бұл Заң кәсіптік білім берудің құқықтық негізін құрайды. Бұл Заңда оқу мерзімі, Бизнес-камера, жұмыс орнында өткізілетін тестілеу емтихандары және т.б. қарастырылған [89].

Дуальды оқыту бойынша кәсіптік білім, дағдылардың ұтқырлығы маңызды, дағдылардың басқа компанияларда қолдану мүмкіндігінің артуы, экономиканың сенімді жұмыс күшінің қайнар көзіне айналуы тиіс. Өндірістегі технологиялық жаңалықтар дер кезінде ескеріліп білім мазмұны өзгертіліп отырады. Германиялық дуальды оқыту үлгісі маман дайындау ісінде маманның кәсіби білікті болуына мүдделі тараптардың тікелей қатысуымен, жүйенің жан-жақтылығы, маманның бойына сіңірілген дағдалардың еңбек нарығында болжануы, қоршаған ортада және кәсібінде мансаптың жоғарлауына алып келетіндігімен ерекшеленеді.

Германияда дуальды оқыту салдарын жастарының 24 жаста жұмыссыздық деңгейі 5% құрауынан, бұл Европалық одақтың 22%

көрсеткішінің үштен бір бөлігін құрайды. Сонымен қатар, бұл Европалық одаққа қатысушы 28 елдің ішіндегі ең төменгі көрсеткіш болып табылады [90].

Дания, Нидерланды, Бельгияда мемлекеттерінде дуальды оқыту үдерісіне білім беру министрліктері, халықты еңбекпен қамту министрлігі, кәсіподақ ұйымдары, кәсіптік білім беру бойынша академиялық кеңестер бірлесе отырып, мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беруді іске асырады. Мұндай кәсіптік білім берудің үлгісінің мақсаты кәсіби білікті және қоғамда белсенді келешек мамандарды дайындау.

Батыс Еуропа елдері арасында жастардың жұмыссыздар саны көрсеткіші Австрия елінде төмен екені көрсетіледі, себебі, елдегі мамандарды дайындау ісіне дуальды жүйе арқылы көптеген кәсіпорындардың қатысу көрсеткіштері өте жоғары.

Біздің елімізде жоғары және кәсіптік білім беру сапасын жетілдіру міндетіндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде түрлі іс-шаралар өткізіліп, бұл осы салада көптеген түбегейлі өзгерістерге алып келді. Мамандарға кәсіптік білім беру мекемелері жоғарғы колледждер болып қайта жасақталуы, жұмысшы мамандарды екі деңгей бойынша дайындау, колледждің арнайы пән оқытушылары мен өндіріс шеберлерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үшін шетелдік ғылыми тәжірибелік тағылымдармалар ұйымдастырыла бастады. Дамыған мемлекеттердің жас мамандарды дайындау жүйесіндегі үздік тәжірибелерді еліміздің білім беру жүйесіне оңтайландырып енгізу қажеттілігін арта түсті.

Неміс елінің жастарды дуальды оқыту жағдайында дайындаудың болашақ мамандар үшін таптырмас мүмкіндік, себебі, жастар үлкен өмірге нық қадам жасай отырып, өмірде өз орнын табуда кездесетін кедергілер мен қиыншылықтарды еңсеруге, кәсіптік мамандығын қателеспей таңдау арқылы шеберліктің шыңына жету нәтижесінде өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамыта дербес әрекет етуге дағдыланады. Өзін қоршаған ортаның және ұжымның толық мүшесі ретінде сезіну, өзінің жетістігін бақылап бағалай білу маманның тұлғалық рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына және материалдық қажеттіліктің рухани қажеттіліктермен ұштасуына әсер етеді.

Германия мемлекетіндегі дуальды оқыту жүйесінің білім алушыларға бағытталғандығын жұмыс берушілердің өздеріне қажетті мамандарды дайындау үдерісіне қатысуын ел үкіметі жан-жақты қолдап, оларды құқықтық-нормативтік заңнамалық тұрғыда қаматамасыз етіп отырумен қатар, олардың тиімді жұмыс істеулерін оңтайландырып отырады. Ал біздің елге келетін болсақ дуальды оқыту жоғары кәсіптік және кәсіптік техникалық білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізіле бастады, бірақ жұмыс берушілер кәсіби маман дайындау ісіне қатысуға материалдық-техникалық базасының сын көтермейтінін, модульдік білім беру бағдарламаларын құрастырып, кәсіби стандарттарды әзірлеуде кәсіпкерлер палатасымен бірге жұмыс істеуге дайындықтары мен тәжірибелерінің аз екенін байқатты.

Тарихқа үңілетін болсақ, Кеңес үкіметі кезеңінде мемлекеттік тапсырыс беру арқылы білім беру мекемелері мен өндірістік кәсіпорындар және жоғары оқу орындары бірлесе отырып, үкімет бағдарламасы шеңберінде болашақ

мамандарды жұмыс берушілердің талаптарына қарай дайындау тәжірибесі кеңінен қолданылғанын білеміз. Бірақ ол кезде бұл жүйенің нәтижелі жұмыс істеуіне барлық кәсіпорындар мен өндірістік мекемелер мемлекеттік қолдау мен тікелей бақылауда болғандығынан, оқу үдерісін жетілдіруге ақша бөлу, жалақы төлеу, білім алушыларғы шәкіріт төлеу, тәлімгерлерге үстемақы төлеу бойынша қиындықтар болған жоқ. Ал қазіргі нарықтық экономикалық жағдайда, кәсіпорындар мен өндірістік мекемелердің басым көпшілігі жекешелендірілуіне байланысты маман дайындау ісіне жұмыс берушілердің өз қаражаттарымен кіруге және бұл жағдай құқықтық-нормативтік заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етілмеуі бұл салада көптеген қиыншылықтардың бар екеніне зерттеу барысында көз жеткіздік. Әйтседе, дуальды оқыту ел экономикасын дамытуда, қоғамдағы әлеуметтік және тәрибелік, рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы ролін ескеріп, кәсіптік білім беру мекемелері, жоғары білім беру мекемелері, облыстық немесе қалалық білім беру басқармалары, аймақтық Кәсіпкерлер Палатасы және жұмыс берушілер тарапынан әр тарапты келісім-шарт аясында еліміздің көптеген өңірлерінде қолға алына бастады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне "дуальды оқыту", "дуальды оқыту туралы шарт" ұғымдары, сондай-ақ дуальды оқыту (119-бап) жаңа бабы енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып "Дуальды оқытуды ұйымдастырудың қағидалары" құжатын бекітті. Дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша жол картасы жоспарланған құжаттың негізі болып табылады. Ол 13 басым бағыт, 99 мамандық және 152 біліктілік бойынша іске асырылуда. Жол картасына 2513 кәсіпорын қатысып, 335 ПОО (техникалық және кәсіптік білім беру) ұйымдарымен бірлесіп, 26342 білім алушыны оқыту үшін жағдай жасалды.

Жалпы, "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылған сәттен бастап колледждердің 49575 білім алушысы дуальды оқытуға қатысты. 2018-2019 оқу жылында түлектер саны 8965 адамды құрады.

Жол картасын жүзеге асыру аясында 23 233 түлек дайындалды. Дуальды оқыту шеңберінде жұмысқа орналастыру бойынша шаралар оның келісім-шартында бос орындар болған жағдайда жұмыс іздеуге көмек ретінде көзделген. Түлектердің 85% жұмыспен қамту деңгейі 67% құрайтын дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, бұл таңдалған оқыту түрінің тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, дуальды оқытуға қатысатын 2513 кәсіпорынның Қазақстандағы бизнес өкілдерінің жалпы санынан пайызбен есептегенде өте аз екені өкінішті.

Қазақстандағы жыл сайын жүргізілетін Ұлттық рейтинг нәтижелерін талдай отырып түрлі сала бойынша үздік университеттердің дуальды оқытуды іске асыру шараларын сараладық.

Қазақстандағы үздік көпсалалы университеттердегі дуальды оқыту жағдайы 3-кестеде бейнеленген.

Кесте 3 – Қазақстанның үздік көпсалалы университеттеріндегі дуальды оқыту

Университеттер	Іс-тәртібі	Әлеуметтік серіктестіктер
1	2	3
<p>Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті</p>	<p>Бағдарламаларда кредиттердің басым бөлігі (~ 90%) кәсіби пәндер блогына бөлінеді, олар өз кезегінде STEMforming (STEM - Science, Technology, Инженерия, математика), негізгі кәсіптік (міндетті) модульдер, жеке білім траекторияларының модулі және пәнаралық модулдерден тұрады. Бұл ретте жеке білім траекторияларының элективті модульдеріне кредиттердің тек 25% бөлінген, бұл бастапқы кәсіптік дайындықты арттыруға мүмкіндік береді</p>	<p>ТарПИ және НИШ (Тараз)</p>
<p>Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Университетте дуальды оқыту "5B071700 - Жылу энергетикасы" мамандығы бойынша еңгізілді. Оқу жылы бойы 2, 3 және 4 курс білім алушылары кезекпен оқытылады, алдымен университетте, сосын өндірісте. Курстардың бірі міндетті түрде кәсіпорында немесе университетте оқытылады, мысалы, қыркүйекте 2, 4 кәсіпорын да оқытылса, 3 курс өндірісте тәжірибеден өтеді, ал қазан айында олар орындарымен алмасады</p>	<p>АО "ENRC" корпорациясының құрамынан кіретін Еуразиялық энергетикалық корпорациясы</p>
<p>Е.А. Букетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті</p>	<p>"Транспорт, транспорттық техника және технология" мамандығы бойынша дуальды оқыту іске асырылуда. Аталған мамандық бойынша соңғы 3 жылда 1500-ге жуық грант берліді</p>	<p>Агромашхолдинг, "Сарыарқа" АҚ, "Автопром" ЖШС (Қостанай), "Қазақстандық вагон жасау компаниясы" ЖШС және "Тұлпар - Тальго" зауыты (Нұр-Сұлтан), "Павлодар машина жасау зауыты" АҚ ынтымақтастық туралы келісім шарттар жасалған</p>

3-кестенің жалғасы

1	2	3
М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті	Университетте еліміздің жетекші өнеркәсіптік мекемелерінің базасында заманауи технологиялық жабдықтар мен және жетекші мамандардың көмегімен оқу және ғылыми өндірістік кешендер (UNIK) құрылды	"ҚазФосфат" ЖШС, Петро Қазақстан "Нефтепродукт" ЖШС, "Шымкентцемент" АҚ, "Меланж" ЖШС, "Мұнай Газ" ЖШС және т.б.

Қазақстандағы Техникалық университеттеріндегі дуальды оқытудың енгізілуі 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Қазақстанның Техникалық университеттеріндегі дуальды оқыту

Университеттер	Іс-тәртібі	Әлеуметтік серіктестіктер
Қ.И. Сәтбаев атындағы университет	"Құрылыс" мамандығы бойынша дуальды оқытуды іске асыруда. аталған мамандық білім алушылары құрылыс саласында және офистік қызметтерде өздерінің тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады.	BI-GROUP
Қазақстан - Британ техникалық университеті	Дуальды оқыту 30% теория және 70% практика қағидасына негізделген	Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттары (Атырау МӨЗ)
Қарағанды техникалық университеті	Корпоративтік университеттің құрамына кіретін кәсіпорындармен тұрақты өзара қарым-қатынас жасау білім алушылардың сол кәсіпорын дарда тәжірибеден өтіп, кейін жұмысқа орналасуларын қамтамасыз етеді. Нақты өнеркәсіптік кәсіпорын дардың өндірістік базасын пайдалана отырып мамандарын дайындау, кәсіпорындардың мамандарға қажеттіліктерін ескере отырып олардың дайындауда үздіксіз жүйелі жұмыс жүргізу өте жақсы нәтиже береді	Соңғы бес жылда ҚТУ 1096 түлегі еңбек келісім шарты жасаған. Оның ішінде 1007 Қарағанды обылысы бойынша болса, Орталық Қазақстан аймақтарында 80 еңбек келісім шарты жасалды

Гуманитарлық және Экономикалық университеттеріндегі дуальды оқытудың енгізілуі 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Қазақстанның Гуманитарлық және Экономикалық университеттеріндегі дуальды оқыту

Университеттер	Іс-тәртібі	Әлеуметтік серіктестіктер
КИМЭП Университеті	Көлік-логистикалық индустрияның негізгі тенденцияларды ескере отырып және еңбек нарығындағы кадрлық қажеттіліктердің проблема лары шешуде дуальды оқыту арқылы жұмыс берушілер мен жоғары оқу орындары бірлесе отырып маман дайындауға ат салысуда	«Теміржол көлігін бағалау және дамыту орталығы» ТЖ ҰК АҚ, «Эйр Астана» АҚ, NMSK АҚ, «Казмортрансфлот» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «SCAT Әуекомпания» АҚ, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты, «Казтранссервис» АҚ, «Локомотив» АҚ, "Globalink" Логистикалық тобы
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті	Университет құрамындағы колледждердегі дуальды оқыту туралы ғана мәліметтер бар	
Алматы Менеджмент Университеті	Университетте дуальды оқыту бойынша "5B050600-Экономика" мамандығы нда мамандар дайындалуда. Білім алушылар оқыту барысында келесі бағдарламалық тілдер мен өнімдерде жұмыс істейді: SPSS, Statistica, R, Python, MS Project, MS Power Query, MS Power Pivot, MS Power BI, 1С, Жоба эксперти, аудит эксперти	

Медициналық университеттеріндегі дуальды оқытудың енгізілуі 6-кестеде көрсетілген.

Кесте 6 – Қазақстанның Медициналық университеттеріндегі дуальды оқыту

Университеттер	Іс-тәртібі	Әлеуметтік серіктестіктер
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық университеті	Университеттің басшылығының шешімімен білім алушыларды дуальды оқыту жағдайын да дайындауға бес жыл бұрын көшкен екен. Қазіргі таңда білім алушылардың барлық курстары дерлік медициналық мекелередің қабырғасында өткізілуде. Тек жалпы білім беретін пәндерді ғана аудиторияда оқиды	Тәжірибе базалары Қазақстан бойынша 23 және Алматы облысы бойынша 7 медициналық мекемелер болып табылады.
Семей медицина университеті	Жаздық кәсіби практикалар қарастырылған бірақ оның көлемі болашақ дәрігерлерді сапалы дайындауға жеткіліксіз	Ресми ақпарат жоқ

Келтірілген талдаудан ұғатынымыз түрлі сала университеттерінде дуальды оқытуды еңгізу жағдайы әртүрлі екендігіне көз жеткіземіз [91].

Дуальды оқыту білім алушыға бір уақытта оқуға және жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Білім алушы кәсіптік білім беруді ұйымдастырудан теориялық білім алады, сонымен қатар оларды кәсіпорында тәжірибеде қолданады. Дуальды оқыту жағдайында оқу жоспары жасалады, оған сәйкес арнайы кесте жасалады, онда олардың қай күндері оқитыны және жұмыс орнында оқыту ұйымдастырылған кәсіпорында қай күндері жұмыс істейтіндері көрсетіледі. Кәсіпорындардың жекеменшікке өтуі, әлемдік еңбек нарығы қатынастарының аренасына Қазақстанның да енуі сияқты өзгерістер болашақ мамандарды даярлау ісіне олардың тікелей қатысуын қамтамасыз етуде кедергілер мен нақты іс-шараларды жүзеге асыруда қиындықтар бар екендігін біздің зерттеу нәтижелері көрсетті.

Алайда, дуальды оқытудың экономикалық, әлеуметтік және рухани-адамгершілік білім тұрғысынан тиімділігін ескере отырып, жоба еліміздің барлық аймақтарында кәсіпорындар, кәсіптік білім беру мекемелері, білім бөлімдері қол қойған келісім шарттар негізінде жүзеге асырылуда.

Қазақстандағы жоғары білім сапасын жақсарту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шаралар жүйесінің құрылымында елеулі өзгерістерге әкелді. Кәсіби білім беру ұйымдарында болашақ мамандарды даярлаудың үш деңгейлі жүйесі, арнайы пәндер оқытушыларының шетелдік тағылымдамалары еңгізіле бастады.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде ғылыми тағылымдама нәтижелерін бойынша Беларусь елінің жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі мамандарды тәжірибелік дайындау тәжірибелеріне талдау жасалды. Білім берудің мазмұнындағы жаңа педагогикалық технологияларды ендіру тиімділігінің

артуы білім алушы тұлғасының өз бетімен білім алушы және дамытушы субъектісі, әлеуметтік өзін анықтаушы субъектісі ретінде тұлғаны қалыптастыруда оқу-тәрбиенің бағытындағы басымдық беруімен тікелей байланысты.

Беларусь Республикасының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму ұлттық стратегиясының басты мақсаты ұлттық білім беруді әлемдік стандарттарға сәйкестердіру, оның ішінде жоғары білім берудің дамуына көп көңіл бөліну керектігі, маман дайындау құрылымын жетілдіру және сапасын арттыру арқылы еңбек нарығының талаптарына мүмкіндігіше жақындату болып табылады [92].

Бүгінгі таңда Беларусь елінде де еңбек нарығында түлектің білімінен бұрын сол білімді тәжірибеде тиімді және шығармашылықпен кәсіби іс-әрекетін іске асыруда пайдалана алуы маңызды. Қазіргі университеттер тұтынушы-жұмыс берушінің көзқарасы бойынша жоғары білікті маман деп бағалайтындай түлектерді дайындау керек. Осыған орай жоғары кәсіптік білім беруде болашақ мамандарды дайындауда теориямен қатар тәжірибелік білім беруді бағытын нығайту арқылы жаңарту қажеттелігі туандауда. Мұндай білім берудің мазмұны нақты өндірістің және әлеуметтік саланың сұранысына бағытталып, білім беру мекемесімен жұмыс беруші ұйымның тығыз байланысының негізінде құрастырылады.

Аталған мәселе И.А. Жуктің, О.А. Олекстің, М.Ю. Парамонованың И.В. Петрованың, Г.Н. Толкачеваның және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқанымен жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісін өзгермелі экономиканың ағымына орай білім беру мазмұнымен оны ұйымдастыруды жаңартуда біріктілген шешім әзірленбеген.

Е.В. Чекина, Н.С. Михайлова, С.Я. Кострица болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастырып және жетілдіруді тиімді қамтамасыз ететін білім беруді, нақты кәсіби іс әрекетті өндіріс жағдайында тәжірибеде іске асыруды кәсіби-қолданбалы білім беру деп анықтайды.

Университетте кәсіби-қолданбалы білім беру іске асыру барлық қатысушылар үшін төрт ұтымды векторды анықтайды:

– білім алушы үшін білім беру қызметінің тұтынушысы ретінде - оқу барысында өзінің әлеуетті жұмыс берушісімен тікелей қарым-қатынаста болады;

– жұмыс беруші үшін – білім алушының тұлғасына қажетті кәсіби сапаларды меңгертіп, болашақ қызметкерін дайындау;

– университет үшін - университеттің клиентке бағдарланған ұстанымына қоғамның қызығушылық білдіруінен жоғары кәсіптік білім беруде білім беру қызметіне сұраныстың өсуі;

– аймақ экономикасы үшін - тиісті профиль мамандарын жұмысқа орналастыру және жұмысқа алу ісін оңтайластыру, жас мамандардың еңбек өнімділігін арттыру, оның ішінде олардың жұмыс орнының шарттарына бейімделу мерзімінің қысқарту.

Осы анықталғандардың негізінде Янки Купалы атындағы Гродно мемлекеттік университеті, педагогика факультетінің ұжымы «Кәсіби -

қолданбалы білім» жобасын әзірлейді. Жобаның мақсаты мектепке дейінгі білім беру және бастауыш білім беру мамандықтары бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие, өндірістің шарттарына бейімделген, өзінің кәсіби әлеуетін көтеруге бейім түлектерді дайындаудың жоғары кәсіптік білім беру концепциясын жасау [93]. Жүргізілген талдаудың негізінде Беларусь елінде дуальды оқыту тікелей аталмағанмен, дуалды оқытудың элементтерін жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде енгізуге алғашқы қадамдар жасалып, іргелі зерттеулер жүргізіліп жатқандығына көз жеткіздік.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беру беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңа реформалар, жаңа білім беру стандарттарының мазмұнының жаңартылуы, жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік берілу мақсатында жүргізіліп жатқан саясат біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түскендей.

Қазақстанда дуальды оқыту жүйесінің дамуына сөзсіз үлес қосқан елбасы – Н.Ә. Назарбаев Германия еліне жасаған сапарын айтуға болады. Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуының стратегиялық мақсаты - "Техникалық кәсіптік білім берудің жаңғыруы жағдайында әлеуметтің талаптары мен индустриялық-экономикалық дамуының әлемдік білім беру шеңберіне топталуы"

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «кооперативтік оқыту-мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру формасының бірі ретінде, корпоратив негізінде жауапты мемлекет, білім беру мекемелері мен жұмыс беруші» деп ұғым дуальды оқыту жүйесінің маңызы көрсетілген [2].

2014 жылы «Назарбаев-Меркель бастамасы» бойынша Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі мен GIZ Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының арасындағы келісім аясында колледждерде немістің "Дуальды оқыту жүйесі" бойынша мамандарды дайындау басталды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне бірінғай Ұлттық біліктілік жүйесінің ендірілуі, кәсіби еңбектің белгіленген стандартқа сәйкес, жұмысшылардың кәсіби біліктілігін сырттай сертификаттау болып табылады [94].

Олай болса, дуальды оқыту–мамандарды кәсіби дайындаудағы жоғары оқу орын мен өндірістік кәсіпорындардың ұйымдасқан іс-әрекеттерінің бірлігін айтамыз. Аталған екі ұйым өзара тәуелсіз әріптестер болып табылады.

Дуалды оқытуды іске асырушылар: білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны; меншік нысанына қарасты ұйымдар (кәсіпорындар); оқытушы – білім алушы.

Дуалды оқыту элементтерінің міндетті компоненттері: өндірісте ашылған кафедра филиалының ережесі; өндірісте ашылған кафедра филиалының міндеттері; білім алушылардың түрлі тәжірибелерін ұйымдастыру туралы өндірістік келісім шарт; университеттегі дәріс және өндірістегі тәжірибелік немесе зертханалық сабақтардың өткізілу орны көрсетілген сабақ кестесі; тәжірибелік немесе зертханалық сабақтар мен білім алушылардың түрлі тәжірибелерін ұйымдастырып өткізуге арнайы жасақталған кафедра

филиалдарының болуы. Дуальды оқыту жүйесі іске асырылған кәсіпорындарда білім алушылар түрлі тәжірибе барысында өзін жақсы жағынан көрсетсе, оны болашақта сол мекемеде жұмысқа алып қалу мақсатында ынталандыру үшін өндіріс тарапынан еңбекақы төлеу қарастырылған.

Білім беру жүйесіне дуальды оқытуды ендірудің мақсаты: білім алушыларды жалпыға міндетті білім беру стандарттарына бағына отырып кәсіби дайындаудың сапасын арттыру, кәсби нақты еңбек дағдыларын өндірісте қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа төмендегі міндеттерді жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады:

- модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары пайызын қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орны және кәсіпорынның бірлесіп өндірістік оқыту жүйесін дамыту аясында өзара міндетті іс-әрекеттер механизмдері құру:

– кәсіпорын өзінің еңбекшілерінің мүмкіндігін және базасының материалдық-техникалық деңгейін ескере отырып модульдік білім беру бағдарламасынан арнаулы курстарды оқыту;

– бір-бірімен байланысты кіріктірілген модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

– кәсіпорынды жоғары оқу орнының оқу-зертханалық және материалдық базасын жаңарту жұмыстарына қатыстыру;

– білім алушыларды кәсіби бағыттау және мамандардың жұмысқа орналасуы бойынша жұмыстарды жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің бірлесіп әрекет етуін оңтайландыру бойынша ұсыныстар беру;

– білім алушыға бағытталған оқытуды нығайту, білім алушының өзігінен жұмыс жасауға ыңғайлы жағдай жасау;

– өндірісте қазіргі жаңаша ақылды техникалар мен озық технологияларды пайдалану арқылы оқыту сапасын көтеру.

Дуальды оқыту жүйесін еңгізе отырып оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру өндірістегі кафедра филиалдарында түрлі тәжірибелерден өту туралы келісім-шарт шеңберінде іске асырылады. Дуальды оқыту жүйесінің элементтері оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітетін оқу сабақтарының кестесінде де көрсетіледі. Дуальды оқыту жүйесімен жұмыс істегенде білім алушылар университеттегі дәріс сабақтары және өндірістегі арнайы жабдықталған кафедра филиалдары мен тиісті зертханаларда ұйымдастырылған сабақтарға қатысады. Сол сабақтар барысында зерттеу жұмыстары айналысып курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға қолайлы жағдай жасалады. Білім алушылардың аудиторияда немесе өндірісте өткізілетін сабақ және тәжірибелердің түрлері мен уақыт өлшемдері жоғары оқу орнымен бекітілген модульдік білім беру бағдарламасының жұмыс жоспарынның мазмұнымен анықталады.

Жоғары оқу орны өз тәжірибесіне дуальды оқытуды еңгізуде теориялық білім беру мен кәсіпорындағы өндірістік тәжірибені біріктіру негізінде сапалы білім беру қызметін жоспарлау, ұйымдастыру білім алушыға ұсыну жұмыстарын жүргізеді. Бұл жағдайда меңгерілетін білім мазмұнының 40%-нан астамы арнайы бейімделген өндірісте жоспарланып ұйымдастырылуы қажет

(тәжірибелік, зертханалық сабақтар, оқу тәжірибесі, психолого-педагогикалық тәжірибе, педагогикалық тәжірибе, диплом алды тәжірибесі, өндірістік тәжірибе, технологиялық тәжірибе және т.б.).

Білім алушы жоғарыда көрсетілген тәжірибелерді өту кезінде арнайы білім алушының өндірісте тәжірибеден өтуіне рұқсат етілген екі жақты келісім шарт негізінде жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибелерден өту барысында білім алушы өзінің мамандануы үшін таңдаған траекториясына сәйкес тапсырмаларды орындайды.

Дуальды оқыту жүйесін іске асыру үдерісіне ат салысушылардың қызметтері: жоғары оқу орны білім алушының жақсы білім алушы үшін тиімді жағдай жасау; сабақ кестесін құрастыруда өндірістік мекемемен келіссөздер жүргізу; жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жүзеге асыру; білім алушының өндірістегі тәжірибелік сабақтарынан тапсырмаларды және тәжірибелік есептерін уақытылы орындап бағалануын қадағалау; білім алушылардың оқу материалдарымен және қажетті әдебиеттер мен құралдармен уақытылы қамтамасыз етеді.

Өндіріс (кәсіпорын): өндірісте өткізілетін тәжірибелік сабақтар мен кәсіби тәжірибелердің жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге жағдай жасау; білім алушыларды өндірістің оқу ғимараттарымен және материалдық-техникалық базасымен таныстыру; еңбек жағдайымен сол сала бойынша нормативтік құқықтық құжаттармен, еңбек қуапсіздігі, техникалық қауіпсіздік ережелерімен және еңбекті қорғау жағдайдарымен таныстыру; бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес зертханалық немесе тәжірибелік сабақтар мен түрлі тәжірибелерді ұйымдастырып, сапалы өткізілуін қатмасыз ету; білім алушыларды кәсіптік тәжірибе барысында жетекшілік жасау үшін білікті мамандардың тағайындалуын қадағалау; еңбек ережесін және кәсіпорының ішкі тәртіп ережелерін бұзу орын алған жағдайда мерзімінен кешіктірмей оқу орнына хабарлау.

Білім алушы: кәсіпорынның шарттарымен, сала бойынша нормативтік құқықтық құжаттармен, еңбек қуапсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысу; кәсіпорының ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға; сабақ кестесіне сәйкес зертханалық, тәжірибелік сабақтарға қатысуға; тәжірибе бағдарламаларында көрсетілген талаптарды қатаң сақтауға және орындауға; өндірістегі зертханалық және тәжірибелік сабақтар мен тәжірибелер бойынша күнделік жүргізіп, есеп дайындап қорғауға міндетті.

1.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндіктері

Білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру көп қырлы, күрделі мәселелердің бірі. Философия, педагогика, психология, элеуметтану, кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде, акмеологияда, еңбек психологиясында, т.б. гуманитарлық ғылымдарда жан-жақты қарастырылып

жүр. Біздің зерттеу жұмысымыз аталған ғылымдардың кешенді зерттеулердің нәтижелерін шектеу емес, сол нәтижелерді талдай отырып, жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім алушының кәсіби біліктілігін қалыптастыру маңызы, мазмұны, құрылымы және оны дуальды оқыту жағдайында жетілдірудің педагогикалық мүмкіндіктерін жан-жақты зерделеу.

Теория мен тәжірибенің бірлікте жүзеге асырылуын дуальды оқыту десек, сол бірлікті жүзеге асырудың негізі формаларының бірі педагогикалық тәжірибе. Педагогикалық тәжірибе барысында білім алушылардың кәсіби даярлығына байланысты бірнеше міндеттер шешімін табады:

- кәсіби маманға тән жеке кәсіптік қасиеттері жетіліп қалыптасады;
- кәсіптік іс-әрекеттің мазмұны мен мәніне қойылатын негізгі талаптарды орындауға қажетті теориялық білімдері бекітіледі;
- маманға тән әр түрлі іс-әрекеттер атқару біліктіліктері мен дағдылары қалыптасады.


Кәсіби біліктілікті жетілдіру мүмкіндіктерінің негізгісін біз, білім алушылардың түрлі тәжірибелерін тиімді ұйымдастыруда деп білеміз. Педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру педагогикалық тәжірибе субъектілері арасындағы қарым-қатынас жүйесі (білім алушы, кафедра, педагогикалық тәжірибенің орталығы, мектеп және колледж әкімшілігі, пән мұғалімі, сынып немесе топ ұжымы, білім алушылар, ата-аналар) бұл біріншіден, екіншіден, нәтижесінде білім алушылар болашақ кәсіби қызметінің құрама бөлігі ретінде, педагогикалық іс-әрекеттерді тиімді қолдана білетін, педагогикалық тәжірибені өткізу және дайындау бойынша әдіскерлердің қызметтерінің жиынтығы деп түсіндіріледі.

Педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мыналарға бағытталған:

- ең тиімді формасы мен әдістерін таңдауға;
- оны жетілдіру жағдайларын (шарттарын) әзірлеуге;
- оның жиынтығын қамтамасыз ету;
- білім алушылар педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі элементтерін орындағанда кеңістік пен уақыттың тиімді үйлесімділігі.

Педагогикалық практиканың екі түрі бар. Ол білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінің тиімділігін арттыруға бағытталған және сонымен қатар, оның субъектілерінің арасындағы қарым-қатынасқа байланысты.


Педагогикалық тәжірибе кезінде қарым-қатынас басқа субъектілер тарапынан білім алушыға қойылатын талапқа байланысты бекітіледі (2-сурет).



Сурет 2 – Педагогикалық тәжірибе субъектілері арасындағы бір жақты қарым-қатынас

Жоғары оқу орны мен тәжірибе базасының арасындағы қарым-қатынас шартты түрде іске асады, осының салдарынан білім алушыға әр түрлі талаптар қойылады.

Барменқұлова Б.Б. ұсынған педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру үлгісі негізінде білім алушы осы қызметтің субъектісі ретінде қарастырылады. Бұл білім алушының қарым-қатынастың жаңа жүйесіне түсуіне және оның педагогикалық қарым-қатынаста тең құқылы әріптес болуына байланысты. Осыған орай қандай жағдайда субъектілік-субъектілі сипат болатыны анықталды (3-сурет).



Сурет 3 – Педагогикалық тәжірибе субъектілері арасындағы екі жақты қарым-қатынас

Көрсетілген үлгіде педагогикалық тәжірибенің барлық субъектілері жағынан талаптың келісілгені (үйлесімділігі) қарастырылған [95].

Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогикалық және зерттеу тәжірибелері жоспарланған.

Аталған тәжірибелерді қарастыра болсақ, тәжірибенің мақсаты – білім алушыларды оқу мекемесінің жұмыс жүргізу жүйесімен таныстыру, білім беру мекемесінің басышының оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың және сынып, топ жетекшілерінің қызметі, жұмыс жүргізу жүйесі, білім беру ұйымдарының оқу–тәрбие үдерісін жоспарлау жүйесі.

Педагогикалық үдерістің психологиялық негіздері, білім алушылардың өзара қатынасы мен жеке және ұжымдық бақылаудың психологиялық негіздерін қалыптастыру.

Тәжірибенің міндеттері:

- білім алушылардың теориялық білімдерін тереңдету;
- білім беру мекемесінің қазіргі кездегі оқу–тәрбие жұмысының жағдайын зерттеу;
- тұтас педагогикалық үдерістің әдіс–тәсілдерін меңгеріп, зерттеу;
- болашақ маманды кәсіби жұмысқа бейімдеу;
- бақылау және сұхбаттасу барысында білім алушылармен қарым – қатынас, құжаттарды зерттеу және сараптауда (талдауда), ақпараттарды игеруде кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру нысандарын белгілеу.

Тәжірибенің мазмұны:

1. Тәжірибенің өтуі мен ұйымдастырылуы жөнінде кеңес өткізу. білім алушыларды топтарға бөлу. Оқу мекемесі, оның әкімшілігімен, оқу мекемелерінің жұмыс жүргізу тәртібімен, мекеме басшысының орынбасарларының қызметтерімен танысу.

2. Бекітілген топ жетекшісі мен оның жұмыс жоспарымен танысу. Мұғалімдермен топ жөнінде әңгіме өткізу. Топ білім алушыларымен танысу.

3. Сынып ұжымын бақылап зерттеу мақсатында сабақтарға қатысу.

4. Мұғалімдер мен топ жетекшілерінің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарын зерттеу.

Психологиялық-педагогикалық тәжірибенің мақсаты: білім алушыларға балалардың әлеуметтік дамуын көре білу біліктілігін қалыптастыру, осының негізінде тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесін толық меңгеру, білім алушылардың қабілеттерін дамыту, іс жүзінде материалды нақты және жан-жақты игеру.

Тәжірибенің міндеттері:

– білім алушылардың арнайы психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша алған білім, білік, дағдыларын тәжірибеде қолдана білуге үйтеру;

– ғылыми ақпараттарды тиімді пайдалануға және оны оқу-тәрбие жұмысы тәжірибесінде шығармашылықпен қолдануға жағдай жасау;

– білім алушыларға оқу-тәрбие үрдісін түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге оны болжамдауға, білімді тауып алуға дағдыландыру;

– білім алушыларды өздерінің педагогикалық және ғылыми-зерттеу шеберліктерін жетілдіруге бақыттау.

В.А. Слостенин, Н.Е. Мажар [96], Н.В. Кузмина [97], К. Әбдімажитұлы [98] педагогикалық тәжірибенің мақсатын, мәнін, мазмұнын зерттеу барысында болашақ мамандарды мұғалімдікке дайындаудың бірден-бір үдерісі ретінде дәлелдеді. Педагогикалық тәжірибеге дайындық болашақ мамандарды теориялық, әдістемелік, психологиялық, ұйымдастырушылық, қарым-қатынас-қатынас, қолданбалы, хабарлау, қорғаушылық, диагностикалық, түзетушілік, зерттеушілік біліктілік, іскерлік дағдыларын қалыптастырып жетілдіруге баса назар аударамыз.

Әрбір білім алушыға тәжірибеге барар алдында төмендегі мәселелер жете түсіндіріледі:

– тәжірибенің негізгі мақсаты;

– тәжірибе барысында өздігінен атқаратын жұмыс түрлері;

– білім алушының оқу-танымдық әрекетін дамыту жолдары мен тиімді әдіс-тәсілдері;

– сабақтарда білім деңгейін көтеру жолдары

– өзінің және басқаның іс-әрекеті, оның нәтижелігін мен тиімділігі;

– ксіби даярлық сапаларын меңгеру үшін істелетін жұмыс түрлері және т.б.

Білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінің толық мәнінде мазмұнды табысты өтуі, оның алға қойған міндеттері, мазмұны және ұйымдастыруының жүйелі болуы - оқыту үдерісінің негізі болып табылатын

педагогикалық үдерістерді жүзеге асырумен де тығыз байланысты. Педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру практикасында және педагогикалық зерттеулерде осындай бір қатар қағидалар қарастырылған:

- өмірмен тығыз байланыстылығы;
- қойылатын талаптардың мазмұнына байланысты болуы;
- жүйелілігі;
- үздіксіздігі;
- мазмұны мен ұйымдастыру әдістемелерінің әрбір кезеңге сай күрделне түсуі;
- жинақтық сипаты;
- оқу мен оқудан тыс тәрбие шараларының өзара тығыз байланыста болуы.

Педагогикалық тәжірибе барысында білім алушылардың болашақ мамандығының кәсіби қызметіне тән іс-әрекеттерді меңгеру міндеттері жүзеге асырылады.

Педагогикалық практикалардың мақсаты-болашақ қызметтегі педагогикалық және психологиялық ғылым негіздерін меңгеру арқылы өзін реттеп басқарудың, басқа адамды, топтарды басқарудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, ғылыми-педагогикалық, психологиялық, эксперименталды зерттеулерді, психологиялық-педагогикалық диагностикалауды ұйымдастырудың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық пәндердің мазмұнын игерудің тәсілдерін меңгеру және үйрену.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру алдын ала жүргізілген жүйелі дайындықты талап етеді. Дуальды оқытуға дайындық білім алушылардың танымдық, құра білу (конструктивтік), қарым-қатынас (коммуникативтік) ұйымдастырушылық, қолданбалы, хабарлау, қорғаушылық, диагностикалық, түзетушілік, зерттеу, педагогикалық зерттеу біліктілік іскерліктерін жетілдіруге бағытталмақ.

Танымдық біліктілігі – жеке тұлғаның интеллектуалдық қасиеті, маман ретінде атқаратын еңбегінің түп негізі болып саналады. Тану білігін дамыту үшін адамның психологиялық танымдық процесстерінің оның ішінде: зейін, түйсік, қабылдау, ойлау, елес, ес сақтау және т.б. бірлікте қалыптастыру қажет.

Құра білу (конструктивтік) біліктілігі – білім беру мекемесіндегі оқыту, тәрбиелеу және дамыту ісін үлгілеу, жоспарлау, көрнекі құралдарды таңдап алуда бейнеленеді. Оқыту әдіс тәсілдерін, қолданылатын көрнекі құралдар мен берілетін материалдарды балалардың жастық және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай іріктеп ала отырып, оқыту үдерісін білікті басқара білу үшін педагогикалық білім мен шеберлік үйлесім табуы керек. Жасалатын әрекетті жоспарлау, жобалау, ой елегінен өткізу, салыстыру, болжамдау, құрастыру білу логикалық ойлауы жоғары дамыған қабілетпен жүзеге асырылады. Сол себепті құрастыру білігі психологиялық танымдық процесстермен тығыз байланыста дамытылады.

Қарым-қатынас (коммуникативтік) біліктілігі – бұл маманың педагогикалық үдеріс барысында білім алушылармен қарым-қатынас жасауға

дағдылануы. Тұлға аралық қарым-қатынас әдістері ең алдымен, сөз сөйлеу мәнері, қимыл қозғалысы, бет мимикасының өзгерісін игере алудан басталады. Қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру үшін, бастысы қарым-қатынас жасайтын тұлғаны түсіне білу, оның ішкі жан дүниесіне үңіле біліп сонымен қатар, өзін де танытып, ойын толық жеткізе білуге дағдалану керек. Екіншіден, өзі маман ретінде көзқарасын, эмоционалдық көңіл-күйін, ой-пікірін, мақсат-міндеттерін сөйлескен тұлғаға және еңбек ұжымына жеткізе білуге және ұғына білуге үйрену қажет. Үшіншіден, ұжымдағы қарым-қатынаста қажеттілік туындаған жағдайда дау-дамайлы жағдайларды басқара білу және барлық қатысушыларды қанағаттандыратындай оң шешім қабылдай білу. Егер болашақ маман аталған қарым-қатынас тәсілдерін меңгерсе білім алушылармен, ата-аналамен және өз ұжымымен тез тіл табыса алатын, қарым-қатынасқа ашық білікті тұлға ретінде қалыптасады.

Ұйымдастырушылық біліктілік – болашақ педагогтің кәсіби қызметінде ең қажетті біліктілік болып табылады. Өйткені ол педагогикалық үдерісті үйлестірудің басты шарты. Ұйымдастырушылық біліктілік педагогтың басқа біліктіліктерін байланыстырып басқаратын біліктілік болып табылады. Аталған біліктіліктің негізгі белгілері: білім алушылардың орындайтын жұмыстарын анықтау, олардың мақсатын белгілеу, білім алушыларға тапсырма беру, тапсырманың орындалу барысын бақылау, тапсырманың сапалы орындалуын ұйымдастыру, орындалған тапсырманы қорытындылау, бағалау, білім алушылардың зейінін нақты бір объектіге аудара білу, білім алушылармен жұмыс барысында кездесетін кедергілердің тез алдын алып, кедерге кездескен күннің өзінде назар аудармауға психологиялық ахуал туғыза білу, басқаларға ықпал ету іс-әрекеттерінен құралады.

Қолданбалы біліктілігі – дидактикалық материалдарды дайындай білу, көрме ұйымдастыру, жабдықтау. Аталған біліктілік мұғалімдер үшін маңызды біліктілік болып табылады. Өзінің пәнін білім алушыларға қызықты етіп жеткізіп, түсінікті көрнекі құралдарды арқылы мақсатына жету мұғалімнің шеберлігінің көрсеткіші болып табылады. Әрине шеберліктің қалыптасуына қажырлы еңбек пен терең теориялық терең білім қажет екендігі белгілі. Алайда пәнінің ерекшелігіне орай, өтіп жатқан тақырыптың мақсатына сәйкес, білім алушылардың жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдары тиімді пайдалану біліктілігін қалыптастырып үнемі ізденісте жүру арқылы жетілідіріп отыру керек.

Хабарлау біліктілігі – педагогикалық мамандыққа тән біліктілік болып есептеледі. Білім алушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданылады. Өйткені қарым-қатынас жеткізілетін ақпаратсыз болуы мүмкін емес. Ақпарат жеткізу біліктілігі оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыруда шешуші рол атқарады. Оқу – білім ақпаратын терең, тыңғылықты меңгеру, оқыту әдіс-тәсілдерін игеру, барлық хабар жеткізу құралдарын пайдалану білігінің болуын қамтамасыз етеді. Аталған біліктілік мұғалімнің дауыс ырғағын келтіре білуді, хабарды эмоциялық сезіммен жеткізуді, тіл құдіретін және дауыс ырғағын, бет мимикасын басқара білуді қажет етеді. Сөйлеу, әңгіме

дүкен құру, көрнекі құралдарды көрсете отырып әңгімелеу, пікір алмасу, тыңдау, сауалнама қолдану арқылы тыңдаушының зейінін селт еткізе бұл педагогтың кәсіби қызметіндегі ең қажетті біліктілік болып табылады.

Қорғаушылық біліктілігі – салауатты өмір салтына жағдай жасау, жағымды ахуал тудыру, алғашқы медициналық көмек көрсете білу. Бүгінгі таңда әрбір адамның өмір сүру қағидасы салауатты өмір сүру болуы керек. Мұны бізден қазіргі қоғам талап етіп отыр, сондықтан мұғалім өзінің алдына келген әрбір білім алушыны болашақта өзін салауатты өмір салтын ұстанатын, өзінің денсаулығын спортпен шындайтын ұрпақ етіп тәрбиелеуі тиіс. Сонымен қатар, түрлі жағдайларда білім алушыларға алғашқы көмек көрсетуге теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптасқан, стресстік сәтте жағдайды шынайы бағалап, жедел әрі дұрыс шешім қабылдауға дайын болуы керек.

Диагностикалық біліктілігі – білім алушының жеке тұлғасын анықтай алуы, педагогикалық, психологиялық тесттерді құрастыру, диагностикалық карталарды жасау, психологиялық-педагогикалық мінездеме жасауды меңгеру. Аталған біліктілік мұғалімге білім алушылардың арасынан тәрибесінде және мінезінде ауытқушылықтары бар білім алушыларды анықтап олармен ары қарай жұмысты жүргізуге ықпал етеді. Бұл біліктілік ата-аналармен жұмыс жүргізу барысында да үлкен маңызға ие. Себебі білім алушының қалыптасуына ата-ананың тікелей ықпал ететінін ескерсек, кешенді түрде диагностика жүргізу керек.

Түзетушілік біліктілігі – балалармен, педагогтармен, ата-аналармен түзету (коррекциялық) жұмыстарын жүргізе білу. Бұл біліктілік диагностикалық біліктілік негізінде анықталған ауытқушылықтарды түзетуде көрініс табады. Бүгінгі күні әрбір педагог түзетушілік біліктілікті меңгеруі міндетті, себебі, еліміздегі күрделі экономикалық жағдайда көптеген отбасындағы психологиялық-эмоциональдық жағдайдың нашарлауынан тәрбиесінде ауытқушылықтары бар білім алушылар мен түрлі жағдайда өзі адекватты ұстай алмайтын ата-аналардың санының артуы болды. Сондықтан кезе келген келеңсіздікте өзін білімді, білікті ұстаз ретінде ұстап, білім алушылар мен ата-аналарға түзету жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

Зерттеу біліктілігі – білім саласындағы кез келген жаңалыққа ғылыми тұрпатта қарауды, ғылыми болжам жасап, жобалау мен тәжірибе жүргізуді жоспарлауды, сондай-ақ үздік педагогикалық тәжірибелерді өзінің тәжірибесіне еңгізуді, оны теориялық тұрғыдан талдай отырып білім беру мекемелерінің педагогикалық үдерісіне еңгізуді қамтиды.

Мұғалім мамандығы-тұлғаның білім, білік, дағдысы үштігі қосылып оның педагогикалық шеберлігін шындайтын және адами қасиеттерін ашып жетілдіруге мүмкіндік жасайтын мамандық. Мұғалімнің жеке басын сипаттайтын сапаларына: мамандыққа бағыттылығы, ғылыми танымы, идеялық көзқарасы, белсендігі, адамгершілік қасиеттерін жатқызуға болады.

Педагогикалық зерттеу білігі – бұл педагогика ғылымдағы жаңалықтарды зерттеу әдістері арқылы бақылау және талдау біліктілігі. Алынған білімдердің барысында педагогикалық жағдайларды шешу, болжам

ұсыну, тәжірибе жүргізу, нәтижесін талдау, математикалық әдістер арқылы өңдеу және жалпылау, есеп беру, реферат, баяндама, оқу - тәрбие шараларының жоспарларын дайындау, әдебиеттерді талдау, ғылыми жетістіктерді оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану.

Ғылыми зерттеулерде кәсіби біліктіліктің жұмыс берушінің сұранысын қанағаттандырмайтындығы көрініс табуда. Осыған орай, маман заманауи құзыреттіліктерді игеруге, жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті болуға, кәсіби акме шыңына бағытталған, өзінің кәсіби біліктіліктерін ғылыми теориялық, әдістемелік және озық тәжірибелер арқылы толықтырып отыруға, керек кезде кәсіптік қайта даярлаудан өтуге немесе жаңа кәсіптерді меңгеруге және т.б. дайын болу арқылы өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға тиіс.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі өзінің бағытын қазіргі дамыған технологиялардың ағымына қарай өзгертті, сондықтан болашақ маман білім білік және дағдыны меңгеріп қана қоймай, алдына жаңа биік мақсаттар қоя білуі керек. Жәнеде сол мақсаттарды жүзеге асыруда кәсіби біліктіліктері мен бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту негізіне, кәсіби салада өздігінен білімін арттыруға, өзін жан-жақты жетілдіру негізіне сүйене отырып, үздіксіз білім алуға қабілетті білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін құру маңызды болып табылады. Осылайша, кәсіби біліктілігін жетілдіруге ұмтылатын, өзін тұлғалық жан-жақты жетілдіруге ынталы, болашақ маманды даярлау жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында жүзеге асырылады.

Әлемдегі орын алып отырған экономикалық тұрақсыздық жағдайында жұмыссыздықтың өсуі, жалақының төмендігі, мекемелердің экономикалық дағдарыс салдарынан жабылып қалуынан туындаған қысқартулар, болашақ мамандардың ертеңгі күніне деген сенімсіздіктері білім алушының кәсіби шыңдалуына кері әсерін тигізеді, ал ол өз кезегінде еңбек нарығында кәсіби білікті мамандарға деген сұраныстың өзгеруіне алып келу арқылы жоғары оқу орындарының шығарып жатқан түлектерінің жұмысқа орналасуы бойынша қиындықтар туғызады. Аталған мәселенің оң шешілеуіне ықпал етудің бір-бір жолы болашақ мамандардың толық жұмысқа орналасуын және кәсіби шеберліктерін шыңдауға ықпал ететін дуальды оқыту арқылы кәсіпорындармен тығыз байланысты жүзеге асыратын әлеуметтік серіктестік болып отыр.

Өйткені, қазіргі нарық экономикасының, өндірістегі заманауи технологиялар мен қондырғыларда жұмыс істеуі үшін болашақ мамандардың кәсіптік және тұлғалық тұрғыдан дайын еместігі, еңбек ұжымына кіріге алмауы, еңбек етуге деген дұрыс көзқарастарының қалыптаспауы және өз мамандығына сүйіспеншілігінің төмендігі, кәсіптік құзіреттіліктерінің өндірістегі жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандырмауы жоғары оқу орындары ғана емес сондай-ақ жұмыс берушілермен бірлесіп шешетін өзекті мәселе болып отыр [79, б. 33].

Дуальды оқыту барысында төмендегі міндеттер шешіледі:

1. Білім алушының қосымша оқуы үшін кәсіпорынның (ұйымның) мамандарының оқыту үдерісіне тартылуы.

2. Білім алушыдан өндірістік қызмет мәселелері бойынша нұсқаулардың орындалуының талап етілуі.

3. Қызмет беруші қамқорлығындағы білім алушының қолайлы еңбек қызметі үшін жағдайлар жасау туралы келісім жасалуы.

4. Білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерінің талап етілуі.

5. Білім алушыға жұмысшы разрядын беру және оның кәсіби мінездемесін талқылауға қатысу туралы ұсыныстар енгізілуі.

6. Білім алушының қызметтік, қоғамдық қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қатысуға, ұйымның оны көтермелеу, тәртіптік жазалау шараларын қолдануы туралы ұсыныс жасалуы.

7. Білім алушыға өндірістік қызмет, корпоративтік мәдениетпен танысу және кейін кәсіби дамуына, жұмыс орнында кәсіби қызметті бекітуге жәрдемдесуі.

8. Білім алушыны тәжірибелік тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытуы.

9. Кәсіпорынмен келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытудың жүзеге асырылуы.

10. Білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауы.

11. Білім алушы жіберген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға, кемшіліктерді жеңуге көмек көрсетуі.

12. Білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапты қарауы, сондай-ақ жұмыстағы әріптестеріне дұрыс қарым-қатынасын қалыптастырады.

13. Білім алушыларды қызмет етушілерге, олардың еңбегіне және нәтижелеріне, сонымен қатар жеке еңбекке деген жауапты қатынасын құрметтеуге тәрбиелеуі.

14. Білім алушыға пікір беруі.

15. Педагогикалық технологиялар саласында өз біліктілік деңгейін көтеруі [99].

Дуальды оқыту жүзеге асырылуы барысында бағдарламаның негізгі төмендегідей міндеттері жүзеге асырылады:

- болашақ мамандардың негізгі кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың өзіндік зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру алғышарттарын ұсыну;

- ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс жасай білу дағдысы, отандық және шетелдік тәжірибені кәсіби іс әрекетінде пайдалана білу, алынған ақпаратты жүйелеп, жинақтап қорытуды меңгерту.

Білім алушылар дуальды оқыту жағдайында өздігінен шешім қабылдауға қабілетті келеді. Бұл жағдайда олар:

- ақпаратты жинау, талдау, түсіну (ізденушілік құзыреттілік);
- идеяларды өңдеу және фактілерді, жағдайларды және т.б. сыни негіздеу;

- кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру;

- оқу-тәрбие іс-әрекетін жоспарлау және жобалау;

– өзін-өзі басқару және өзіндік мотивация.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді.

Дуальды оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

Жоғары оқу орнында дуальды білім беру жүйесін енгізуде қызмет саласы мен құзыреттілігі мына міндеттерді анықтайды:

– әлеуметтік тапсырысты меңгеру және оқу мекемесінің қызметін еңбек нарығы сұраныстарын бағдарлауы;

– маркетингтік зерттеулер нәтижелері бойынша дуальды білім беру жүйесінің даму перспективасын анықтау;

– басқару механизмдерін бейімдеу және оқу-тәжірибелік сабақтар мен өндірістік тәжірибені жүзеге асыру бойынша біріккен жоспар жасау;

– еңбек нарығы жағдайында оқу мекемесінің оқу-тәрбие, оқу-өндірістік қызметін үйлестіру және бейімдеу.

Бұл міндеттер дуальды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігін бүгінгі күн тәжірибесінде дәлелдеп отыр. Олай болса, дуальды оқыту жүйесінің бүгінгі күдегі негізгі мақсаты - оқу орындарының жұмыс беруші секторымен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандар даярлау.

Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, тәжірибелік сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау мәселесі тек қана дуальды жүйені ендірумен жүзеге асырылады.

Еңбек нарығында жоғары білікті мамандар қажеттігі білім беру саласының алдына жаңа талаптар жүктейді. Білім беру үдерісі жас маманның бойынан теориялық білім негізінде табылуға тиісті дағды, білім мен тәжірибенің өндірістік жағдайлардан алшақтап кетуіне жол бермейді. Қалыптасқан жағдайда теория мен тәжірибе ның арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушілер айналысады. Олай болса, дуальды жүйе кәсіпкерлер мен оқу орындардың арасындағы қарым-қатынастың арқасында пайда болған тәсіл. Сондықтан бұл жүйе қазір өзінің құндылығымен тиімді екенін байқауға болады.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру өзектілігі қазіргі заманауи технологиялар мен қондырғыларда жұмыс істеп тұрған өндірістегі жұмыс берушілердің кәсіби білікті жұмысшы мамандарын кәсіптік даярлауға сұранысының жоғары болуы, қоғамның әлеуметтік тапсырысына сай келетін білім алушылардың еңбек ортасына кірігуіне кедергі келтіретін кәсіби біліктіліктің төмен деңгейде жетілдірілуі.

Жоғары кәсіптік білім алушыларының кәсіби біліктілігін жетілдіру – бұл бәсекеге қабілетті, ұтқыр, мамандығын тез басқа біліктілікке бағыттауға қабілетті, қандай жағдай болмасын болашағына нық сеніммен қарайтын, қызметінен рухани ләззат алатын, өмірлік биік мақсаттарға талпынып, оған жету жоспарын, жасайтын іс-әрекеттерін нақты үйлестіруінде көрініс табады.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктігін жетілдіру – бұл жүйелі жоспарлап жүзеге асыруға бағытталған көпқұрылымды үдеріс. Бұл үдерістің мазмұнын білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасу арқылы жетілдіру олардың ұтқырлығы, бәсекеге қабілеттілігі, қызметтестер арасына тез бой үйрету, өзінің мамандығының саласынды өзін кәсіби тұрғыдан өзін жетілдіруге ұмтылысы, кәсіптік біліктіліктің қалыптасуы, тұлғалық сапаларының дамуы мәселелерін қамтиды. Білім алушылардың өз мамандығына кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасуы мәселесін келесі тарауда кеңірек қарастыратын боламыз.

2 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛКІТІЛГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайына кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасу арқылы жетілдіру

Ғылым мен технологияның дамыған жағдайында заманауи білім беру келешек мамандардың теориялық және тәжірибелік білімдерді белсенді игеруді ғана емес, сонымен қатар, сол білімді және тәжірибені интеллектуалдық шығармашылықпен қолдана білуде көрінеді. Қазіргі еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісі оқытудың заманауи әдіс-тәсілдеріне бағытталуы тиіс.

Ал, жоғары оқу орындарында болашақ маманды дайындау үдерісінің мәдени-білім беру аспектісін дамытудың үлгісі өзін-өзі дамытуды, өзін-өзі жетілдіруді, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі танып білу мен анықтауды, толерантылықты, кәсіби этиканы т.б. компоненттерді құрайды. Л.М. Митина кәсіби іс-әрекет қалыптасуының екі моделін бөліп көрсетті:

1. Бейімдік (адаптивті) моделі - адам сана-сезімінде кәсіби еңбектің сыртқы жағдайларға тәуелді болу тенденциясы кәсіби міндеттер, ережелер, нормаларды шешу алгоритмдерінің орындалуы түрінде басым болады.

2. Кәсіби даму моделі - тұлғаның қалыптасқан тәжірибе шектерінен шығу, өз іс-әрекетін тәжірибелік қалыптасу затына айналдыру және сол арқылы өзінің кәсіби мүмкіндіктерінің шектерін жеңе алу қабілеттіліктерімен сипатталады [100].

Мамандардың кәсіби қалыптасуы көбінесе, сыртқы әсерлерге байланысты. Бірақ оны сыртқы жағдайлар мен шарттардан шығаруға болмайды. Себебі, олар адамның өмірлік тәжірибиесі, жеке психикалық ерекшеліктері мен психикалық қорытындыға да сүйенеді. Бұл мағынада сыртқы әсерлер тұлғаның психикалық ерекшелігі, оның әлеуметтік және кәсіби тәжірибесі жататын ішкі шарттарға байланысты болып келеді.

Адам өмірінің шындық сценарийі өзінің алуан түрлілігімен ерекшелінеді. А.А. Бодалев дамудың әр түрінің темптерінің арақатынасына байланысты ересек адамдар дамуының келесі сценарийін бөліп көрсетті:

1. Жеке даму тұлғалық және кәсіби дамудан әлдеқайда озып отыр. Бұндай арақатынас адамның тұлға және жұмысшы ретінде дамуының әлсіз екендігін айқындайды. Белгілі бір іс-әрекет түріне қызығушылық, қабілеттілік пен бейімделушілік жоқ, кәсіби дайындығы мен еңбек қабілеттілігі төмен деңгейде.

2. Адамның тұлғалық дамуы индивидті және кәсіби дамуға қарағанда күштірек. Бұл әлеуметтік ортаға, қоршаған адамдарға, материалдық заттарға, рухани мәдениеттерге және отбасы мүшелеріне жақсы қарым-қатынасынан көрінеді. Физикалық денсаулық, кәсіби жетістіктер екінші жоспарда тұрады.

3. Кәсіби даму басқа екі түрге басшылық етеді. Кәсіби байлықтар приоритеті, жұмысқа кірісіп кету, берілу - еңбекқорлардың негізгі ерекшеліктері.

4. Тұлғаның кәсіби және адам ретіндегі даму қарқынының шамалас болуы - адамның өзі-өзі қызметке бейімдеуі және оны атқару мен бейнеленетін қатынас болып табылады [101].

Қысқаша айтқанда тұлғаның кәсіби және адам ретіндегі дамуы оның жеке өмірінде болып жатқан жағдайлар мен кәсіби өміріндегі жоспарының кең ауқымын құрайды. Адамның кәсіби шыңға шығуы оның кәсіби тұлға болып қалыптасуының әр баспалдағында көрініс табады.

Тұлғаның кәсіби маман болып қалыптасуы мен кәсіби біліктілігінің жетілуі уақытты қатиды (35-40 жыл). Әрине осы уақыт аралығында адамның өмірлік жіне кәсіби мақсаттары өзгеріп, соған сәйкес жоспарлары құбылып, материалдық жағдай жетелеуші орыға шығып, тұлғаның өмірлік қағидаларының қайта қалыптасуы жүреді. Сондықтан дамылсыз жүретін тұлғаның кәсіби қалыптасу үдерісін кезеңдерге бөлу көрсеткіштерін анықтау қажет.

Ресей психологы Т.В. Кудрявцев тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселесін терең зерттей келе тұлғаның мамандыққа қатынасы мен іс-әрекеттің орындалу деңгейін кезеңдерге бөліп ұсынады. Олар:

- кәсіби түркі, ниет (ой) және оның пайда болуы мен қалыптасуы;
- кәсіби білім алу және кәсіби іс-әрекетке дағдылану;
- қызметке кірісу, оны белсенді игеру және еңбек ұжымнан өз орнын табу;
- кәсіби еңбекте тұлғаның кәсіби қалыптасуы [102].

Ал оның әріптесі Е.А. Климов келесі кәсіби бағдарланған кезеңдері ұсынады:

- бейімделу кезеңі (13-18 жас) - мамандығын таңдауға жауапкершілікті сезіну арқылы саналы түрде әрекет ету;
- кәсіби даярлық кезеңі (16-24 жас) - келешек кәсібінің негізгі іс-әрекеттеріне дағдылану, керек білімді меңгеру;
- білікті маманның даму кезеңі (17-24 жастан бастап зейнеткерлікке дейін) - кәсіби ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіне ену және кәсіби іс-әрекетін әрі қарай дамыту [103].

Кейіннен Е.А. Климов кәсіпқойдың өмірлік жолының кезеңіне дәлірек тоқталады:

- оптация - кәсіби орындарда мамандық таңдау кезеңі;
- адаптация - мамандыққа кірісіп, оған үйрену;
- интернал - кәсіби тәжірибені иемдену;
- шеберлік - еңбек іс-әрекетінің білікті орындау;
- беделділік фазасы - кәсіпқойдың жоғары біліктілікке жетуі;
- тәлімгерлік - кәсіпқойдың өз тәжірибесін басқаларға беруі мен үйретуі [104].

Ресей психологы А.К. Маркова кәсіпқойлықтың қалыптасуының 5 деңгейін және 9 кезеңін атап өткен:

1. Кәсіпқойлыққа дейінгі мамандықпен танысу кезеңі.
2. Кәсіпқойлық үш кезеңге тұрады: кәсіпке бейімделу, өзін-өзі көрсету, мамандықты еркін меңгерген шебер.

3. Жоғары кәсіпқойлықта үш кезеңге бөлінеді: мамандықты шығармашылық тұрғыда еркін меңгеру, түрлі кәсіп салаларын меңгеру, тұлға ретінде өзінің шығармашылық қабілетіне болжам жасау.

4. Кәсіпқой емес маманның еңбектенуінен кәсіби еңбектің нормалардан ауытқу арқылы орындалуы.

5. Кәсіпқойлықтан соң кәсіби іс-әрекеттік тоқтау [105].

Ал, В.Д. Шадриков кәсіби мәнді сапа ретінде іс-әрекет тиімділігіне және меңгеру табыстылығына әсер ететін іс-әрекет субъектісінің индивидуалды сапаларын қарастырған [106].

Н.С. Пряжников кәсіби өзіндік анықталуды зеріттеп келе, оның келесі түрлерін бөліп қарастырған: нақты еңбек функциясы кезіндегі, нақты еңбек орнындағы, нақты мамандықтағы, нақты кәсіптегі, өмірлік, тұлғалық және тұлғаның мәдениеттегі анықталулары [107].

Бейімделу үдерісі кез келген жаста психологиялық-эмоциональдық тұрғыдан алғанда өте күрделі үдеріс. Өз зерттеуімізге сәйкес мамандыққа бейімделудің күрделілігі айтпасада түсінікті. Себебі мамандыққа бейімделу алдымен сол мамандық бойынша белгілі бір білімдердің болуын талап етеді. Екіншіден, адам бойында сол мамандықты жақсы меңгеруі үшін қабілеттің болуы шарт мысалы, педагогикалық мамандықты меңгеру үшін ұйымдастырушылық, көпшілік алдында сөйлеуге және т.б. қабілеттер болуы керек. Үшіншіден мамандыққа бейімделу үшін, сол маманның орнында жұмыс істеу тәжірибесі болуы керек. Әрине, бұл педагогикалық мамандықтарда оқу, педагогикалық, өндірістің тәжірибелер барысында іске асырылады. Сөзсіз, бұл көрсетілгендер шартты болғанымен маманның кәсіби бейімделуінде өте маңызды роль атқарады. Аталғандардың барлығы қоғамдық әлеуметтік қарым-қатынас жасаудың нәтижесі болып табылады. Көптеген зерттеулерге сүйенсек адам санасының қалыптасып дамуы тұлғаның еңбек ету үдерісімен тікелей байланысты. Сондықтан білім алушылардың мамандыққа кәсіби бейімделуін еңбек үдерісіне, яғни дуальды оқыту жағдайында іске асыруға мүмкіндігі жоғары.

Адамның кәсіпке бейімделуі басталғанда ол көптеген бейтаныс адамдармен байланысқа түседі. Ол тұлғаны тұрақты қалыптастыратын фактордың ең негізгісі кәсіптік қызмет процесінде, оң мотивация ретінде кәсіптік қажеттілік қалыптасқанда болады дейді, Климовтың ойынша, әрбір кәсіптік топ үшін өз қызметтерінің мәні, құндылықтары бар. Егер таңдалған кәсіп, өмірлік мән, субъекті бірлесе, онда кәсіптік қызмет мәнді, өмірлік сипатқа тең болады.

Осы кезде венгр философы П. Хайдудың айтуынша білім алу кезінде эмоциональдық бағалау мен уайымдау болмаса, индивидтер позитивтік құндылықтарды тек сөз жүзінде вербалды деңгейде ғана қабылдайтын болады [108]. Сонымен әлеуметтік нормалар мен жалпы қабылданған принциптерді рационалды бағалау, саналы ішкі қабылдаудың негізгі жағдайы болып табылады.

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың кәсіби қалыптасуына оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері, оқытушылар мен топтағы білім

алушылардың қарым-қатынас ерекшеліктері, оқу-тәрбие шаралары т.б. жағдайлар әсер етеді. Бұл ықпалдарды көптеген зерттеушілер жұмысынан байқауға болады. Б.С. Круглов [109], А.В. Петровский [110] оқытуды ұйымдастыру кезіндегі дәстүрлі әдістер білім алушының кәсіби қалыптасуына септігін тигізеді деп түсіндіреді. Сонымен, бұдан көрініп тұрғандай белгілі бір тұлғаның кәсіби біліктілігінің дамуы, кәсіпке тез бейімделуге септігін тигізеді. Оқыту үдерісі кезінде, кәсіптік оқыту барысында білім алушылардың бойында кәсіби біліктілігінің қалыптасуына оқытушылар әсер етеді. Ол оқытушының оқыту үдерісін ұйымдастыру және өткізу мазмұнына байланысты.

Сондықтан, білім алушылардың кәсіби біліктіліктерінің қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз ету мақсатында оқытушылардың біліктілігі мен тәжірибесіне зор мән беру қажет.

С.Г. Якобсонның айтуынша шығармашыл ұстаз оқушы бойында білімді дамытып ғана қоймай, сонымен қоса оның қоршаған әлемге қатынасын да қалыптастырады [111].

Тұлғаның маман ретінде кәсіби өсуі және қалыптасуында өзі таңдаған мамандығына деген құндылықтық бағдарлануын қалыптастыруымыз керек. Себебі, біз қарастырып отырған мәселеде білім алушылардың мамандығына деген сүйіспеншілігін, кәсіби құндылықтық бағдарлануын қалыптастыру арқылы білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге бағыттауға назар аударамыз. Бұл үдеріс өз кезегінде дуальды оқыту жағдайында тиімді жүзеге асырылатына алдыңғы тарауларды көз жеткіздік.

И.С. Кон әлеуметтену үдерісінің ақпаратты беру, біріккен іс-әрекет, эмоционалды байланыс орнатуда арнайы функцияларын шығарған [112]. Құндылықтық бағдарлардың да кәсіп пен әлеуметтену процесінің арнайы функцияларын көрсетуі құптарлық. Алайда, мұндағы функциялар ақпараттық, коммуникативтік, экспрессивтік болып бөлінгені де жөн еді. Шынымен де білім алушылардың бойларында кәсіпке бейімделу іс-әрекеті мұғаліммен қарым-қатынаста және кәсіпке деген көзқарас негізінде пайда болады, әрі оны дамытып сүйіспеншілікке айналыдыруға дуальды оқытудың мүмкіндіктерін іске асыру қажет.

Сондықтан да, құндылықтық бағдарлануды тұлғаның шындыққа қатынасындағы және адамның белгілі бір уақыт мерзіміндегі мінез-құлқын басқарып отыратын белгілі бір бағдар жүйесі деуімізге болады.

Біз, бұл арада П. Массенмен келіссек болады. Оның айтуынша, балалар адамгершілік құндылықтары мен ережелерін үлкендер арқылы таниды, ал құрбы құрдастары сол алған ақпаратты түсінуге және бағалауға көмектеседі [113]. Бұл жерде өнегелілік-тәлімгерлік қатынасы орнауы керек екенін басты назарда ұстауымыз керек. Өйткені білім алушыларға өндірісте тәлімгерлер үглі көрсете отырып мамандыққа бағытталуға ықпал етеді.

Білім алушылардың өз мамандығына құндылықтық бағдарлануы күрделі және ұзақ уақытқа созылатын үдеріс. Бұл үдерістің нәтижелі болуы әр білім алушының психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар, білім алушылардың өз мамандығына құндылықтық бағдарлануы білім алу барысында өзгеріп отырады. Тұлғаның өз мамандығына құндылықтық

бағдарлануы қандай болсада өзінің қоршаған ортадағы мінез - құлқын саналы түрде бақылап, реттеп отырып, өзінің қоғамда орны бар екенін көрсетеді. Сондықтан, өз мамандығынның құндылығын сезіну адамның мақсатына жетуге итермелейтін негізгі күші ретінде түсінеміз. Сол себепті, білім алушылардың бойында өз мамандығына деген құндылықты қатынасын және оның кәсіби бейімделуге әсерін зерттеуге талпындық. Зерттеу нәтижесі болашақ мамандардың кәсіби бейімделіп маман ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді деген ойдамыз[114].

Қазіргі техника мен технологияның қарқынды дамыған заманында білім алушылардың тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуы өзекті мәселердің бірі болып отыр. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу оқытушылардың педагогикалық біліктілігіне, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасының жақсы болуы, оқу бағдарламаларының мазмұны мен сапасының жоғары болуына ғана байланысты емес, сондай-ақ жас ұрпақтың психологиялық танымдық процестері және психологиялық қасиеттерінің дұрыс қалыптасып дамуына тікелей байланысты.

Сондықтан білім алушылардың өз мамандығына құндылықты бағдарлануы жеке психологиялық сипаттамасы ретінде қарастырамыз. С.Л. Рубинштейннің айтуынша, құндылық адам үшін өмірдегі бір нәрсенің маңыздылығы ретінде сипатталады. Олай болса білім алушыларға өз мамандығының қоғам үшін және өзі үшін маңыздылығын сезіндіру арқылы кәсіби бейімделуін жеделдетуге болады деп тұжырымдаймыз. Бұл үдеріс басталу үшін біз дуальды оқыту жағдайында тәжірибелік сабақтар барысында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, сабақты өмірмен байланыстыра білім алушылардың өз мамандықтарының маңыздылығын сезінуге ықпал жасай аламыз.

Маманның кәсіпке бейімделуін көптеген ғылымдардың шеңберінде қарастырады. Тұлғаның кәсіби мамандығына бейімделуін зерттеудің өзіндік ерекшелігі бар екенін айта кету керек. Өйткені, зерттеу объектісі тұлға (индивид) болғандықтан, тұлғаның санасы ең жоғарғы феномен ретінде қоғамдық қарым-қатынас салдарынан дамып өзгеріп отыратындығында. Адамды адам еткен еңбек дейтін болсақ, сол адамның сана-сезімінің қалыптасып дамуының кепілі де еңбек пен қарым-қатынас екені барлық ғылым саласына белгілі. Сондықтан, адам өз мамандығының қыр-сырын меңгеру барысында санадағы өзгерістер оның сол мамандықты жақсы көруге, кәсіби құндылығының қалыптасуына, мамандығына бағытталуына алып келеді. Өзгеріс кезеңіндегі психологиялық мәселені анықтау әлеуметтік, экономикалық, кәсіби тәжірибені меңгерумен ұштасады. Бұған бір жағынан кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі, екінші жағынан кәсіптендірілу стереотипінің қайта қаралуы оң ықпалын тигізеді. Кәсіпке бейімделу адамдардың қоғамдық және индивидуалдық саналарының жалпы бағдарлану жүйесіне әсер етеді. Бұрын кәсіпке бейімделу адамдардың нақты бейнесімен, олардың кәсіби өмірбаянымен, құндылықтарымен байланысты болса, ал қазір кәсіпке бейімделу бейнесі осы ерекшеліктермен қоса алғанда өмірдің идеалды бейнесімен де байланысты болып отыр. Тұлғаның құндылықтық бағдарларының өзгеруі, жалпы алғанда қоғамдық

қатынастар өзгеруі және т.б. жағдайлар мамандыққа деген қатынасқа басқаша қарау қажеттігін алға қояды. Кәсіпке бейімделуді тұлғалық даму ерекшеліктерінен бөлек қарауға болмайды. Оның негізінде өзіндік даму, өзіндік өмірлік іс-әрекетін кәсіби тәжірибелік іс-әрекетке ауыстыра алу ерекшелігі, сонымен қоса шығармашылықты жүзеге асырушылық нысаны бар.

Мамандыққа бейімделу кезінде кәсіпті таңдау мәселесі де назар аударуды қажет етеді. Бұл мәселені Д.А. Леонтьев., Е.В. Шелобанова еңбектерінен көруге болады. Олар кәсіпті таңдау мәселесінің екі белгісін қарастырған:

- мүмкін болатын баламалар (альтернативалар);
- осы баламаларды салыстыруға болатын критерийлар.

Бұл орайда авторлар аталмыш мәселенің үш деңгейін көрсетеді. Кәсіпті таңдау кезіндегі бірінші деңгей - баламалары, критерийлері бар таңдау - қарапайым деңгей; баламалары бар, бірақ дайын критерийлері жоқ, оны субъект өзі таңдауы керек болатын екінші деңгей - мәнді деңгей; баламасы жоқ таңдау үшінші, яғни тұлғалық немесе экзистенциалды деңгей деп аталады. Кәсіпті таңдау, анықтау осы кезеңдер ішіндегі үшінші кезеңге жатады. Көбінесе білім алушыдар не керек екенін, болашақта не күтіп тұрғанын білмейді. Кәсіп туралы көп білу негізгі баламалар болып табылмайды. Олар білім алушы үшін белгілі-бір мәнге ие болған кезде, яғни оның өмірлік дүние аясына кірген кезде шынайы баламалар ретінде болады. Баламаларды құру процесі - субъект үшін мәнге ие болу процесі болып табылады [115].

Л.И. Божовичтің тұлғаның ішкі позициясы түсінігін қолдана отырып, адамның ішкі позициясының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деуге болады. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді [116].

Э.К.Қалымбетова кәсіптік бейімделу мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктерін айқындауда кәсіби анықталу процесінде кәсіби маман ретінде ішкі позициясының қалыптасуының бірнеше кезеңдері бөліп көрсетеді:

1. Позицияның қалыптасуының алғашқы кезеңі маманның болашақ кәсіби іс-әрекетіне деген жалпы жағымды эмоциялық қатынасымен сипатталады. С.Л. Рубинштейннің «қалаймын» «істей аламын» «жасау қажет» түсініктерінің арақатынасы туралы идеясына сүйене отырып айтатын болсақ, бұл кезеңде бірінші «қалаймын» компоненті өте айқын көрінеді, яғни мамандықты меңгеруге деген тілек жақсы дамыған, бірақ оның өзіндік қабілеттері мен қажеттіліктері енжар дамыған. Ал үшінші компонент соңғы кезеңге тән жастардың қоғамдық қажеттіліктерді кейінгі орынға қоюымен шарттасады.

2. Келесі кезеңде «істей аламын» кезінде ішкі позицияның дамуы өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін саналау, өз іс-әрекеттерінің мазмұнды моменттеріне деген бағдар қалыптасу кезінде көрінеді.

3. Бұл «жасау қажет» кезеңінде өз кәсіби іс-әрекеті, өз қабілеттері жайлы барабар қозғарастар қалыптасады.

Бұл айтылған кезеңдер кәсіп иесінің ішкі позиция типтерімен сәйкес келеді деп айтуға болады.

Білім алушы кәсіпке бейімделу кезінде үлкен нәтижелер көрінсе, соған орай білім алушының мотивациясы жоғарылайды және кәсіп арқылы оның шығармашылық дамуы басталады, білім алушының іс-әрекет мәнері, үлгісі, қарым-қатынасы, мінез-құлқы, қызығушылығы, құндылығы қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы мен кәсіпке бейімделу процесі үздіксіз болуы қажет. Сонымен қоса, кәсіпке бейімделу кезінде тұлғаның құндылықтар жүйесі, қызығушылықтары т.б. аялары бір-бірімен өте тығыз байланыста болады, сондықтан да оларды бөліп қарастыру мүмкін емес. Кәсіпке бейімделу кезінде білім алушыда ең негізгісі «осы кәсіп маған керек» деген сана қалыптасуы керек. Ол білім алушының қабілетіне, индивидуалды психологиялық ерекшеліктеріне тәуелді [114, б. 42].

Білім алушы жоғары оқу орны қабырғасында білім алу барысында өте жоғары құндылық деңгейін қалыптастыра алса, маман ретінде еңбекке араласқанда табысты жұмыс істей алатын болады. Кәсіпке бейімділік - жас маманның кәсіби өзі-өзі анықтаудың соңғы буыны. Кәсіпке бейімделу білім алушының болашақта білікті маман болуының негізгі кепілі болғандықтан аталған мәселені теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу, оның негізгі әдіс-тәсілдерін айқында болашақ мамандардың өз кәсібіне тез бейімделуіне ықпал ету өте өзекті мәселе болып табылады.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіпке бейімделу үдерісі тиімді ұйымдастыруға болады. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылар өзінің болашақ кәсібіне бейімделуі оның еркінен тыс жүреді. Себебі, білім алу барысында теориялық білім қатар өндірісте тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында мамандығының қыр-сырымен таныса отырып кәсіпке бейімделу үдерісі жүреді.

Білім алушылардың мамандығына кәсіби бейімделуі дуальды оқыту жағдайында еңбек ұжымына бейімделу, жұмыс кестесіне, өзінің кәсіби міндеттеріне, мамандығының кәсіби ерекшеліктеріне үйренуі жүретін көп құрылымды үдеріс деп қарастырамыз. Болашақ маман өзі түскен еңбек ұжымының барлық талап, тілек нормаларын қабылдап, сол ұжымның ерекшеліктерін түсініп әрекет ете алуын кәсіби бейімделген тұлға деп түсінеміз. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше кәсіпке бейімделу танымайтын адамдармен тұлға аралық байланыстар мен қарым-қатынастардың басталуы және дамуы болып табылады.

Э.К. Қалымбетова ғылыми әдебиеттердегі кәсіпке бейімделудің экологиялық, биологиялық, физиологиялық, операциялық, ақпараттық, коммуникативтік, элеуметтік және психологиялық аспектілерін талдай отырып, белгілі бір тәртіпке қою үшін Б.Г. Ананьев жұмысына назар аударады. Оның еңбегінде адам еңбек субъектісі ретінде тұлға мен индивидтің қасиеттерінің қорытпасы түрінде қарастырылғанын, бұл кезде кәсіби бейімделу - индивидтің кәсіби ортадағы физикалық жағдайларға бейімделу бірлігі психофизиологиялық аспект деп аталынса, кәсіби міндеттерге, орындалатын операцияларға, кәсіби ақпараттарға бейімделу кәсіби деп аталатын екінші аспект ретінде, кәсіби ортаның элеуметтік компоненттеріне бейімделу -

әлеуметтік-психологиялық деп аталатын үшінші аспект ретінде түсіндіреді [114, б. 55].

Әр білім алушының дара ерекшелігі өмір бейнелерінің жаңа талаптарына әсер етпей қоймайды. Білім алушының оқуға түсуі бейімделудің күрделі жүйесі басталғандығын білдіреді. Бұл жағдай кезінде біз білім алушының бейімделуі деп тұлға мінездемелерінің негізгі параметрлері мен оқу процесінің жаңа жағдайлары арасындағы динамикалық тепе-теңдікті қарастырамыз. Сонымен қоса бейімделу бұл жерде нақты жағдайлар талаптарына белсенді икемделу және өз құндылықтары мен нормаларын ерікті іске асыру болып табылады.

Жоғары оқу орны талаптарына білім алушының әлеуметтік бейімделуін төмендегідей көрсетуге болады:

А. ЖОО оқу орнының оқу үдерісінің мазмұнына, талаптарына, ұйымдастырылуына және ғылыми ізденіс жұмыстарын өздігінен орындай алу дағдысының қалыптасуы.

В. білім алушының топ мүшелеріне әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, қарым-қатынас жасаудағы қиыншылықтарды жеңіп, өзіндік мінез-құлық стилінің қалыптасуы.

Білім алушының кәсіби қабілеттерін дамыту мақсатын зерттеу нәтижесінде ғалымдар интегративті - матрицалық үлгі қалыптастырды. Оның негізгі кезендері мен элементтері:

– бейімделу-диагностикалық – жоғары оқу орнына жаңадан келген білім алушылардың оқу орнының талаптарына бейімделуге ықпал жасау, бойында бар білімінің деңгейін айқындау, дағды білім меңгеруде таяз білімін толықтыру, оқуға деген құштарлық қатынастын қалыптастыру;

– жоспарлы-коррекциялық - білім алушының негізгі мақсатын айқындау, келешекке деген әзірлігін жоспарлау, жоғары оқу орнында берілетін оқу тапсырмалары мен мақсаттарын шешу іс-әрекетін жобалау, кәсіби тұлғалық өсу жоспарын қалыптастыру;

– ақпаратты іс - әрекеттік - білім алушылардың оқу іс-әрекетімен тікелей байланысты, білім алуға деген құндылықтарының қалыптасуы, оқу пәндерін игеруге қажет құндылықтарын айқындау, белгілі бір пән бойынша меңгерілген іс-әрекетті орындай алуы, меңгерілген білім мен қалыптасқан дағданың құндылығын түсіне білу;

– шығармашылық - білім алушылардың өзі-өзі дамыту, жетілдіру компоненті білім алу барысында өзін-өзі тану, көрсету, түрлі ғылыми сұрақтарғы жауап іздеуге қатысуға көмектеседі, шығармашылық негіздегі кәсіби еңбек мәселенің шешімін іздеу кезінде шығармашылық құндылығын сезіну;

– нәтижелі-бағалау - білім алушылардың меңгерген теориялық білімдерінің кәсіби іс-әрекеттегі құндылығының жалпы қорытындысы, оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалай алуы.

Аталған үлгіні пайдалану нәтижесінде білім алушылардың оқуға деген құндылықтарының қалыптасуына, өзінің мамандығына деген оң көзқарасын қалыптастырудың кепілі болып табылады.

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу функциялары келесідей:

– диагностикалық - бейімделу үдерісін бақылайтын тұлғалардың білім алушы диагностикалық зерттеу;

– болжаушы - маманның кәсіпорынға бейімделуіне алғашқы және жиынтық болжам жасау, бейімделу үдерісінде кездесуі мүмкін мәселелерді болжай алу;

– оқыту - келешек мамандығының іс-әрекетіне және оқу орны талаптарын қабылдау және бұл үдерісті қадағалайтын оқытушы жұмысының әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етілуі;

– дамытушы - білім алушының бейімделуін тұрақты басқаруды іске асыратын педагогикалық және дуальды ортаның және бейімделуші тұлғаның шығармашылық дамуы. Бұндағы негізгі талап білім алушы, оқытушы және тәлімгердің бірге дамуы;

– бағамдау - оқытушылардың жоғары оқу орнындағы іс-әрекеттің жалпы заңдылықтарын саналай алуы, білім алушылардың бейімделе алу мүмкіншіліктерін, әдіс-тәсілдерін, бейімделудің индивидуалды ерекшеліктерін ескеруі;

– түзетуші - алғашқы және кешенді болжауларға сәйкес білім алушылардың жеке жақтарын түзету. Бейімделуші субъектілер бұл жұмысқа өздері белсенді, саналы қатысулары тиіс;

– теңгерушілік - білім алушылардың жоғары кәсіби оқу орнына табысты бейімделуін анықтайтын дамыған жеке қасиеттерін көрсету, бейімделу кезеңіндегі дағдарыстарды жеңілдететін әдіс-тәсілдерді пайдалану;

– ғылыми-әдістемелік - ғылыми-әдістемелік құрылым құру, осы сипатқа ие іс-шаралар өткізу.

Тұлғаның кәсіби мамандығына бейімделе алмауы адамның ұжыммен әлеуметтік және тұлғалық қарым-қатынасын бұзады, өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесін жоспарлау мүмкіншілігі төмендейді, өзінің мүмкіншіліктерімен жағдайды бақылауда ұстай алмайды. Әрине, білім алушылардың мамандықтарына кәсіби бейімделу үдерісінде бейімделе алмау фактісі де орын алуы мүмкін.

Тұлғаның өз мамандығына кәсіби бейімделуі мамандығы бойынша еңбек талаптары мен ерекшеліктерін дуальды оқыту жағдайында меңгеру болып саналады. Ол мамандықты меңгеру кезіндегі тұлғаның кәсіби қасиеттерінің қалыптасуынан, еңбек дағдыларының дамуынан көрінеді. Кәсіпке бейімделу маманның өндірісте дуальды оқыту жағдайында ұжымға сіңісуіне әсер етеді. Ол жаңа ұжымға, еңбек талаптарына, кәсіби іс-әрекетке қатысу процесінің, кәсіби қызығушылықтардың, жеке сапалардың осы іс-әрекет талаптарымен арақатынасын көрсетеді.

Сонымен, кәсіби іс-әрекетке бейімделу үдерісінің табысты болуының негізгі жағдайларын көрсетейік:

Біріншіден, кәсіби іс-әрекетке бейімделу жоғары оқу орындарындағы жас маманды дайындау сапасымен, олардың тәжірбиелік дағдылары мен кәсіби біліктіліктерінің өндірісте дуальды оқыту жағдайында жетілдіріліп жинақтауларымен байланысты. Кәсіпке оқыту және тәрбиелеу кезеңінде кәсіпке бейімделу өндірісте басталады. Бұл жерде кәсіби біліктіліктер мен

дағдылар қалыптасады, кәсіпке керек деген білімдермен қамтамасыз етіледі, еңбекке деген шығармашылық қатынас пайда болады, ұжымдық жұмыс дағдылары мен кәсіпке деген қызығушылық дамиды, яғни кәсіби іс-әрекеттің жағымды мотивациясы шындалады. Оқыту кезінде өндірістік және педагогикалық тәжірибелердің жұмыс орнында дуальды оқыту жағдайында ұйымдастырылуына үлкен көңіл бөлінеді.

Екіншіден, кәсіпке бейімделу кезінде кәсіпті таңдау мотиві де үлкен орын алады. Адамдардың нақты мінез-құлықтары мен әрекеттерінен нақты мотивті көруге болады, ол іс-әрекет процесі кезіндегі мақсатты көрсетеді. Мамандықты өз қызығушылығымен, құндылығына байланысты таңдаған кездегі кәсіпке бейімделу де табысты болады. Өз зерттеуімізде білім алушылардың мамандық таңдау мотивтерін анықтауды келесі 3.1 тарауда нақты әдістемелер арқылы анықтап кеңінен тоқталатын боламыз.

Үшіншіден, кәсіпке бейімделудің табысты болуы кәсіби іс-әрекеттің ұнамдылығымен, ұжымның психологиялық климатымен, қоғамдық белсенділік және индивидуалды ерекшеліктермен байланысты. Сөзсіз жас маман ұжымға алғаш келгенде еңбек ұжымының психологиялық климатына сіңісу оңай болмайды. Сондықтан біз өз зерттеуімізде кәсіби бейімделуді және кәсіби қалыптасуды жоғары оқу орны қабырғасына келген күннен бастап дуальды оқыту жағдайында іске асыруды насихаттаймыз.

Төртіншіден, кәсіпке бейімделу кезінде еңбек іс-әрекетінің еңбек мазмұны, ұжымдағы өзара қатынас, жақсы жағдайлар және еңбекті ұйымдастыру секілді параметрлері әсер етеді. Кәсіби бейімделу дуальды оқыту жағдайында іске асырылғандықтан білім алушылар өздерінің болашақ мамандығының еңбек мазмұнын толық меңгеріп, ұжымдағы оңтайлы қарым-қатынасты үйлестіріп алады.

Сондықтан да айта кететін жайт, білім алушылардың оқу іс-әрекетінің табыстылығы, оған бейімделу көптеген факторларға байланысты. Оған танымдық іс-әрекетін реттеу функциясы, өмірлік жоспары мен қызығушылықтары, мотивтердің, құндылық бағдарлаудың басым болатын түрі, ұмтылыс деңгейі, өзіндік бағалауы, мінез-құлықтарын саналы басқара алуы т.б. көптеген факторлар үлкен ықпалын тигізеді.

Білім алушылардың кәсіби бейімделуіне келесі факторлар да үлкен ықпалын тигізеді: олардың дайындық деңгейі, құндылықтар жүйесі, оқуға деген қатынасы, жоғары оқу орны туралы ақпарат алуы, кәсіптің болашағы туралы ойлары. Бейімделу кезінде білім алушының ортаға тез бейімделе алуы, оқу іс-әрекетінің жаңа құралдары мен әдістерін меңгеруге, нормалар мен ережелер жүйесін түйсінуге, оқуға, болашақ кәсіпке деген құндылық жүйесінің қатынасы болуы керек. Бұл бірінші деңгейдегі факторлар қатарына жатады.

Екінші факторлар қатарына, оқу процесінің ұйымдастырылуы, дуальды оқыту жағдайында өндірістегі тәжірибелік сабақтардың ұйымдастырылуы, сабақ беру деңгейі, оқытушы, тәлімгер және білім алушы арасындағы өзара қатынас ерекшеліктері де үлкен әсер етеді. Осы екінші деңгей адамның кәсіби және психологиялық бейнесін анықтайды.

Кәсіби бейімделу критерийлері нақты зерделенген: қоғамдық белсенділік аясында - қоғамдық жұмысқа қатысу және одан ләззәт алу; өзара тұлғалық қарым-қатынас аясында – статус және ұжымдастар арасындағы қатынастардан, топқа, ұжымға деген қатынасынан, жұмысынан қанағат алу, басшыға, іс-әрекетке қатысушылармен барабар қатынас орнату. Бейімделудің психофизиологиялық өлшемдеріне денсаулық жағдайы, көңіл-күй, мазасыздану деңгейі, шаршау деңгейі, мінез-құлық белсенділігі жатады.

Сонымен, бейімделу процесінің табыстылығына әсер ететін факторлар екіге бөлінеді: субъективті және орта факторлары.

Субъективті факторларға: жас, жыныс, адамның физиологиялық және психологиялық сипаты жатады; орта факторларына: еңбек жағдайы, іс-әрекет сипаты мен режимі, әлеуметтік орта ерекшеліктері жатады. Көптеген зерттеушілер бейімделу процесіне әсер ететін эмоционалдық тұрақтылық және тұрақсыздық факторларын көрсетеді. Сонымен қоса жеке адамның белсенділігінің мәні өте жоғары. Жұмысқа деген белсенді қатынасқа интеллектуалдық белсенділік, қарым-қатынастағы белсенділік жатады, ол мақсатқа бағыттылық, дербестік, бастамашылдық кезінде көрінеді.

Жоғары оқу орнындағы оқуға бейімделудің процестерін төрт аспектіде қарастыруға болады.

1. Бейімделудің психофизиологиялық аспектісі жылдар бойы дайындалған динамикалық стереотиптің бұзылуы мен жаңа белгіленулермен байланысты.

2. Әлеуметтік аспект олардың жаңа ұжымымен, ортамен қарым-қатынасына байланысты.

3. Педагогикалық аспект білім алушылардың жаңа оқу жүйесіне бейімделу ерекшеліктеріне байланысты.

4. Кәсіби аспект білім алушылардың әлеуметтік-кәсіби топтарға ену, болашақ нақты еңбек іс-әрекет жағдайларын игеру процестерін қамтиды.

Білім алушының өндірістегі дуальды оқуға бейімделу үдерісінің төрт аспектіде атап өтейік:

1. Кәсіби бейімделудің жаңа өмірлік қағидалардың пайда болуы және бекітілуі.

2. Әлеуметтік аспект білім алушылардың өндірістегі еңбек ұжымымен жаңа тұлғалармен қарым-қатынас орнатуы.

3. Педагогикалық аспект білім алушылардың өндірістегі жаңа оқу жүйесінің ерекшеліктеріне үйренуі.

4. Кәсіби аспект білім алушылардың өндіріске араласып, нақты мамандығына байланысты еңбек іс-әрекетін орындауы, түрлі стандарттық емес жағдайларда әрекет етіп, шешім қабылдап, мамандықты меңгеру үдерісін қамтиды.

Білім алушылардың өзінің тандаған кәсібіне деген ынта жігерін, қызығушылығын арттыру күнделікті көп еңбекті қажет етеді. Әрбір білім алушылардың ерекшелігін ескере отырып оны оқытудың индивидуалдық қарқынын құру қажет.

Кез келген тұлғаның бейімделуінің басты аясы оның іс-әрекеті деп есептелінеді. Осыған орай білім алушы іс-әрекетінің басты және негізгі аясы оқу болып табылады, ал білімді игеру, оны пайдалана алу сәттілігінің негізгі критерийі - бейімделу, яғни академиялық үлгерімі критерий болып табылады. Бірақ та бұл фактор білім алушы бейімделуінің нақты көрсеткіші бола алмайды.

Кәсіби бейімделуді анықтауды Е.А. Климов дайындаған еңбектің психологиялық белгілері негізінде жүргізуге болады:

1. Қоғамдық құнды нәтижелерден асып түсу.
2. Белгіленген нәтижелерге жетудің міндеттілігін сезіну.
3. Сыртқы және ішкі іс-әрекет құралдарын игеру.
4. Адамдар арасындағы өндірістік қатынастарға бағдарлану.

Е.А. Климов көрсеткен әрбір белгінің когнитивтік және эмоционалдық жақтары бар.

Кәсіби іс-әрекеттің жаңа шарттарына бейімделу М.А. Кременнің позициясы бойынша, шынайы іс-әрекетті психикалық бейнелеу негізінде қалыптасатын ағымдағы бейненің барабарлығы жағдайында орын алады. Өмір әрекеттері параметрлерінің арасында түсінбеушілік болғанда жамандық және ағымдағы бейнелер арасында сәйкессіздік, яғни бейімделмеушілік туады [117].

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу механизмдерін түсіндіретін маңызды әдіснамалық ой-желісі Л.С. Выготскийдің идеясы болып табылады. Оның пікірінше, «... субъектінің психикалық процестері қоршаған адамдармен біріккен іс-әрекет және қарым-қатынас арқылы берілетін қоғамдық-тарихи қалыптасатын әдістер мен тәсілдерді меңгеру арқылы қалыптасады».

Л.С. Выготский бойынша, психикалық процестер адамдардың өзара әрекетінде онтогенетикалық даму процесі барысында ғана туындауы мүмкін. Ең алдымен, тәжірибелік іс-әрекет пайда болады, кейіннен ол адамның өз бетінше жасалынады [118].

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу мәселесін тиімді шешу сәтті бейімделуді қамтамасыз ететін факторларды есепке алмайынша және оларды білмейінше мүмкін емес.

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу факторларының жіктелуі «бірінші ретті – екінші ретті» дихотомиясы негізінде құрылуы мүмкін. Бірінші ретті - бұл екінші ретті факторлардың әрекетін болжайтын фактор. Екінші ретті факторлар бірінші ретті әрекеттер нәтижесі ретінде, бейімделудің жүзеге асуы мен нәтижелерін анықтайды.

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу факторлары объективті, субъективті және субъективті-объективті сипатта болуы мүмкін. Субъективті факторлар психологиялық сипаттың ішкі бейімделу нәтижесімен түсіндіріледі. Объективті факторлар әсерімен бейімделу нәтижесі сыртқы жағдаймен анықталады. Субъективті-объективті факторлардың бейімделу мағынасы бойынша детерминациялау нәтижесінде басты рөл бейімделушінің ішкі қасиеттерімен сыртқы ортаға беріледі.

Субъективті, объективті, субъективті-объективті факторлардың енуінің шарты басқа да бейімделу факторларымен салыстырғанда, (психологиялық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық) кең құлаш жаюына негізделеді.

Бейімделу факторларының әсерлілігі бейімделу процесінің әр кезеңінде көрініс табады. Осыған байланысты университеттік оқуда және кәсіптендірілу кезеңдерінде әсер ететін бейімделу әрекеттерінің факторларын түрлі бөлімдерге бөлу қажеттілігі туындайды.

Білім алушылардың бейімделу жүйесіне нәтижелі енуі үшін қажетті шарттар жасау қажет, ал олар өз алдына кәсіби іс-әрекеттің дамуына алып келетін психологиялық бейімделудің құрылуына кепілдік береді.

Білім алушылардың кәсіпке бейімделуін сипаттайтын компоненттердің даму деңгейін анықтау үшін Г.И. Насырова көптеген критерийлер көрсетеді: мамандыққа қатынас, жоғары оқу орнында оқуға деген мотив, бейімделушілікке байланысты қиындықтар, қоғамдық-педагогикалық жұмысқа деген бастамашылық, кәсіби өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі тербиелеу процесінің ұзақтығы, тандаған оқу орнына қанағаттану, қоғамдық белсенділік пен топта алатын орны [119].

Білім алушының кәсіпке бейімделуінің негізгі критерий ретінде еңбек кезіндегі қанағаттану алынады.

Көрсетілген бейімделудің жаңа тұжырымдамаларының бұрынғы олардың дәстүрлі түсінігінен айырмашылығы келесі пікірлерде негізделген:

- адамның дамуға деген ішкі ұмтылысы адам бейімделуінің басқа биологиялық объектілерден принципті айырмашылығы болып табылады; адам бейімделуінің бастауы бейімделу субъектісінен сырт жатқан жоқ, керісінше оның ажырамайтын функциясы болып табылады;

- адам бейімделуінің мәні жалпы даму процесінің қарқынын қамтамасыз етуде жатыр;

- бейімделу процесін құрылымдау дәстүрлі бөлінген түрлері (элеуметтік, өндірістік, кәсіптік) бойынша емес, бейімделу объектісі мен субъектісіне қарай біршама мақсатқа сай жүреді. Бейімделу-кешенді процесс;

- бейімделу факторлары да кешенді және олар кешенді қажеттіліктерге (материалдық, тұрмыстық, реттеуші, жыныстық, коммуникативті, когнитивтік, өзін іске асырушылық) сейкес келеді.

Бейімделу көрсеткіші зәру қажеттіліктерді перспективті және нақты қанағаттандыру деңгейі болып табылады. Осылайша, адам бейімделуі - тұлғаның кәсіби дамуын сипаттайтын өзінше бір процесс [114, б. 72].

Кәсіби бейімделгендікті тұлға мен топтың өзара қатынас жағдайы, кәсіби талаптар мен ережелерді орындау ретінде сипаттауға болады. Ол үшін тұлға өзінің жеткілікті іс-әрекетін ішкі және сыртқы қайшылықсыз нәтижелі орындауы, өзінің негізгі социогенді қажеттіліктерін қанағаттандыруы қажет.

Кәсіби бейімделу - бұл тұлғаның еңбек ұжымымен диалектикалық өзара әрекет ету нәтижесінде ұжымдық нормалар мен құндылықтарды меңгеру, солардың негізінде тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары мен жүріс-тұрыс үлгілерін жасап шығару процесі.

Кәсіби бейімделу жаңа жұмысшының элеуметтік-психологиялық және психофизиологиялық бейімделуімен тығыз байланысты. Осыған орай, бейімделу тұлғалық таным, қарым-қатынас және еңбек субъектісі ретіндегі бірлігімен шарттастықтағы біртұтас процесс ретінде жүзеге асады.

О.И. Зотова, И.К. Кряжева еңбектерінде бейімделудің объективті және субъективті критерийлері көрсетіледі. Объективті критерийлер бейімделу процесінің нәтижесін көрсетеді және жұмысшы еңбегінің жемістілігімен анықталады, ал субъективті критерий жаңадан келген маманның ұжымның өмірлік әрекетінің түрлі аспектілеріне қанағаттануын көрсетеді [120].

Кәсіп туралы үлкен мәселені Қазақстандық ғалымдар да зерттеген. Солардың ішінен, Қазақстандағы ең алғашқы жұмыстардың бірі Ж. Аймауытов. Бұл жұмыс кәсіп тандау және кәсіби мәселе кезінде үлкен орын алады. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың маңыздылығы маманның жеке тұлғасы мен қызметіне деген осы заманғы талаптарымен сипатталады [121].

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды түрлі сипаттағы кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қызметтерге даярлайды, оларға белгілі бір көлемде нақты білім беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың адамдармен және адамдар үшін жұмыс істей алуын қалайды.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартудағы әдістемелік жұмыстың маңызды екендігін ескеру қажет. Міне, осы мақсаттарды орындау үшін мынандай міндеттер көзделіп отыр: заман талабына қарай ғылыми-техникалық үрдіс талаптарына сай мамандар дайындаудың оңтайлы мазмұнын анықтау; ең тиімді әдістер мен құралдарды жасауды қайта қарастыру; оқу-тәрбие үрдісінің ғылыми дәлелденген материалдық-техникалық базасын жасау және құру; оқу барысында білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру және оларға берілген ақпараттың берік игерілуін қамтамасыз ету; білім алушыда р мен оқушыларды ғылым, техника мен өндірістің қазіргі жағдайына және дидактикалық талаптарға жауап беретін қажетті оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету және т.б [122].

Н. Назарбаевтың бірде-бір баланың оқымай қалмауын қадағалау, ағарту саласында оқу-тәрбие жұмыстарын немесе салауатты өмір салтын орнықтыру міндетін алға қойып отыруы өте жақсы. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, еңбекке баулуда, оларға кәсіби мамандық беріп, оларды реформаның қатысушысы ретінде қалыптастыруда жоғары оқу орындарының да ролі өте зор. Сондықтан білім алушылар үшін негізгі немесе басты іс-әрекет аясы ретінде білім алу жатады, ал жетістікке жетудің негізгі критерийі білімді игеру, жаңалық ашу. Кәсіпке бейімделу мәселесін мемлекеттік деңгейде қолға алған тиімді [114, б. 63]. Бұл мәселе білім беру стандарттары мен бағдарламаларында және білім берудің жалпы тұжырымдамасында нақтылы қарастырылуы қажет.

Қорыта келгенде, білімді жақсарту мен жетілдіру ұмтылысы, кәсіби дамыған біліктілік пен білімді әртараптандыру, түрлі білімдерді қалыптастыра алатын қабілеті бар жаңа типтегі маманды, өз ісі маманының негізгі қасиеті сияқты кәсіби бағыттылықтың қалыптасуын ескертеді. Бұның бәрі мамандардан болашақ жұмысына жоғары деңгейдегі даярлықты талап ететіні даусыз.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісі сыртқы (оқытушының, тәлімгердің басқару ықпалы) және ішкі (өз іс-әрекетін ұйымдастыру)

сипаттарына ие. Бұл екі іс әрекет жүйесі логикалық тұрғыдан оқу кәсіби-бағдарлық, өзара әрекеттесу механизмін басқару болып табылады, ал білім алушылардың өзара қарым-қатынасы мен байланысының күрделі жиынтығы оқытуды ұйымдастыру құралдары, әдістері мен формаларының жүйесі арқылы жанама жүргізіледі. Сондықтан білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдірудің педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаудың маңызды аспектісі оларды концептуальды түрде ұсынуды қажет етеді.

2.2 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары

Қазақстанның индустриальды инновациялық даму жағдайында білім беру жүйесіне түрлі жаңалықтар енгізіліп, оқуыдың жаңа форматтыр енгізілуде. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесіне көптеген жаңалықтар мен реформалардың жүргізіліп жатқандығының айқын дәлелі. Кәсіби маманды белгілі бір қызметке қабылдағанда жұмыс беруші жоғары оқу орнының түлегінің теориялық білімінен бұрын оның кәсіби іс-әрекетті орындай алуы біліктілігі толғандырады.

Жұмыс берішілердің талаптарын сай келетін маман дайындаудың жаңа бағытына ауысуға білім беру мекемелері дайын емес. Өйткені, теориялық оқыту мен тәжірибелік оқытуды тиімді ұйымдастыру тетіктері қарастырылмаған. Аталған мәселені жоғары білім беру жүйесіне дуальды оқытуды енгізу арқылы түбегейлі шешуге болатындығына жүргізілген теориялық зерттеу негізінде көз жетіздік. Себебі, дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін, әлем мойындаған жаңа білім беру технологияларын енгізу қажет. Сонымен қатар, жоғары білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңартып, қазіргі өзгермелі заман шарттарында өмір сүруге дайын жоғары білікті мамандардың жаңа буынын дайындай алуымыз қажет. Осы орайда дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын терең зерделеу қажеттілігі айқындалды.

Алдымен зерттеліп отырған мәселе білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіруге қажетті педагогикалық шарттарды анықтауда "педагогикалық шарттар" ұғымын нақтылауға және оларды жүйелеп көрсетуге көңіл бөлінді.

Осы орайда бірінші "шарт" ұғымына берілген анықтамаларғы талдау жасалды. "Шарт" - айнала қоршаған құбылыстарға қатысты заттарды сипаттайтын философиялық категория. Бұл жерде зат немесе пән шартталған, ал шарт объективті әлемнің көптүрлілігінің сыртқы заттарына қатысты алынады. Шарттардың құбылыстан немесе үдерістен тікелей туындаған себептерден айырмашылығы ол құбылыстардың пайда болуы және дамуы өтетін органы құрайды [123].

Философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылымдарда "шарт" ұғымының анықтамасын мазмұны жағынан толықтыратын ұқсас көзқарастар қалыптасқан.

Аталған мәселені қарастыруды «шарт» ұғымына берілген педагогикалық сөздіктегі анықтамаларды талдаудан бастауды жөн санадық. Шарт - бір нәрсеге қатысты жағдай; өмірдің немесе іс-әрекеттің бір саласында бекітілген ережелер; оқиға жүріп жатқан жағдай [124]. Педагогика ғылымда шарт адамның қалыптасуына, оның мінез-құлқының тәрбиеленуі мен оқуының және адами дамуының негізгі қозғаушы әлеуметтік, ішкі және сыртқы факторлардың кешені болып табылады.

Педагогикалық шарт термині: шарттар дегеніміз себептер мен жағдайлардың кешені, ол кешен адамның білім алып, тәрбиеленуіне және дамуына ықпал етеді, аталған шарттардың әсерінен білім алушының оқуы, тәрбиеленуі және дамуын жеделдетуі немесе баяулатуы ықтимал, сондай-ақ тұлғаның мақсатына жетудегі белсенділігіне әсер етуі мүмкін [125].

Н.В. Ипполитова шарттың педагогикалық аспектідегі мәнін үш мағынада анықтайды: біріншіден, шарт қандай да бір объектінің салдары мен жағдайларының жиынтығы; екіншіден, белгіленген жиынтық адамның дамуына, тәрбиесіне және оқуына әсер етеді; үшіншіден, шарттардың ықпалы дамыту, тәрбиелеу және оқыту үдерісін жылдамдату немесе бәсеңдету болып табылады, сонымен қатар шарттар олардың динамикасына және соңғы нәтижесіне әсер етуі мүмкін [126].

К.О. Казиев өз зерттеулерінде жалпы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін талдап, қорытындылау негізінде педагогика теориясы мен тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шарттардың типологиялық жіктемесін төмендегідей бөліп көрсетеді:

Біріншіден, жүйелі-ұйымдастырушылық шарттар (В.А. Беликов, Е.И. Козырева, С.Н. Павлов, және т.б.) жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дәстүрлі және заманауи сипаттағы оқу және оқулан тыс іс-әрекеттердің әртүрлі үлгілерін ықпалдастыруға, пәнді оқыту кезінде интерент-ресурстарын және қосымша құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін оқыту үдерісін ұйымдастыру, педагогикалық жүйенің процессуалдық аспектісін басқару, жүзеге асырылатын үдерістің құрылымын есепке ала отырып, құрастыру жатады.

А.В. Беликовтың пікірінші, жүйелі-ұйымдастырушылық шарттар педагогикалық іс-әрекет мақсатына жетуге бағытталған тұтас педагогикалық үдерістің мазмұны, формалары, әдістері мен мүмкіндіктерінің жиынтығы [127].

Екіншіден, дидактикалық шарттар (М.В. Рутковская) білім беру үдерісінің мақсатқа бағыттылығын және тиімділігін, тұтастығын сақтауды қамтамасыз ететін оқу әрекетінің ішкі ерекшелігін, басқаруды жүзеге асыратын сыртқы жағдайлардың жиынтығын білдіреді. Дидактикалық шарттардың негізгі қызметі білім беру міндеттерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін оқыту үдерісіндегі педагогикалық өзара әрекеттестік мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын таңдау және жүзеге асыру болып табылады. Дидактикалық мақсатқа жету үшін мынадай жағдайлар қажет: оқытуды ұйымдастыру формаларын, әдістері мен тәсілдерін, мазмұнын таңдау, сондай-ақ дербес танымдық белсенділігін қамтамасыз ететін жұмыстардың әдістері мен вариативті формаларының жүйесін дайындау, бағалау жүйесінің ашықтығы мен

қолжетімділігі, білім мазмұны мен оның нәтижесіне жетуге қойылатын талаптарды сақтау жағдайында оқыту үдерісін диалогтандыру және т.б.

Үшіншіден, педагогикалық-психологиялық шарттар (Н.В. Журавская, А.В. Лысенко, Н.М. Яковлева және т.б.) білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын ортаның материалдық-кеңістіктік мүмкіндіктерінің жиынтығы, олар педагогикалық үдерістің субъектілерін тұлғалық дамытуға әсер ететін педагогикалық іс-шараларды қамтамасыз етеді. Бұл шаралардың негізгі қызметі тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және оқытудың нақты сипаттамасын өзгертуді және жаңадан жасауды қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттесу шараларын ұйымдастыру болып табылады, педагогикалық жүйе субъектілерінің тұлғасын дамытуға бағытталған, яғни педагогикалық жүйенің тұлғалық аспектісіне әсер етеді. Педагогикалық-психологиялық шарттар жиынтығы педагогикалық процесс субъектісінің жаңғыртылған тұлғалық сипатының құрылымына сәйкес таңдап алынады [128].

Н.М. Яковлеваның айтуынша, педагогикалық шарттар білім алушылар тұлғасын дамытуға мүмкіндік беретін жүйенің тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру процесіндегі іс-шаралар кешені [129].

Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге әсер ететін объективті және субъективті шарттар айқындалды. Субъективті шарттарға: адамның белсенділігі, тұлғаның даралық ерекшеліктері мен оның отбасында бойына сіңірген тәрбиесінің ерекшеліктерін жатқызуға болады. Обективті шарттарға: білім алушылардың кәсіби біліктілігін қалыптастырып жетілдіруге көмектесетін дуальды оқытуды іске асырушы әлеуметтік серіктестіктер: өндірістегі жұмыс беруші, өндірістегі тәлімгер, қызметтестер, жоғары оқу орнындағы оқытушылар мен білім алушының тобы кіреді.

Өзінің зерттеулерінде Ж.О. Нуржанбаева педагогикалық шарттар ұғымына берілген ғылыми-әдіснамалық әдебиеттердегі тұжырымдарға сүйене отырып, педагогикалық шарттарды білім беру және материалдық-кеңістік ортаның мүмкіндіктерін бейнелейтін және оның қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің бір компоненті ретінде қарастырады. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделінің тиімді қызмет етуі үшін педагогикалық шарттар кешенін қолдану арқылы кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық шарттар кешенін құруда Ж.О. Нуржанбаева келесі факторларға мән береді:

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқытуды ендіру ұйымдастыру ерекшеліктері;

– әлеуметтік тапсырыс мазмұны, қоғам және жұмыс берушілер сұраныстары мен талаптары;

– жоғары оқу орын білім алушыларын теориялық және іс-тәжірибелік кәсіптік даярлау мазмұны мен оның материалдық – техникалық қамтамасыз етілуі;

– дуальды оқытудың жоғары кәсіптік білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне тәлімгердің білім алушылармен жұмыс істеудегі педагогикалық-психологиялық қабілеті [79, б. 35].

Э.А. Айтенова дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын үш топқа бөліп қарастырған:

1) болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын психологиялық қамтамасыздандыратын психотехнологиялық бағдарлама кешенін әзірлеу және оны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану;

2) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын теориялық қамтамасыздандыру;

3) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын практикалық қамтамасыздандыратын "мектеп-колледж-жоо" өзара әрекеттестігінің механизмін жасау және оны жүзеге асыру [43, б. 73].

Біздің зерттеу жұмысымызда, осы негізде, дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тиімділігін арттыратын төмендегідей педагогикалық шарттар анықталды:

– *болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру;*

– *білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін (тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар т.б.) ендіру;*

– *кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану;*

– *модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру;*

– *білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту;*

– *білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру.*

Сондай-ақ, мынадай қосымша шарттардың орындалуына көңіл бөлінуі тиіс: кәсіби біліктілікті психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту барысында жетілдіру; жоғары оқу орнында оқу кезеңінде тәжірибелік дайындықтың үздіксіздігі; білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіруде «Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибесі» элективті курсының мүмкіндіктерін пайдалану.

Жоғарыда аталған педагогикалық шарттарға жеке тоқталып өтейік. *Болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру* [130]. Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде білім алушылардың өзінің кәсіптік іс-әрекетінің маңыздылығын түсіну және тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі кәсіби біліктілігін жетілдірудің маңызды шарты екендігі анықтау.

Білім алушы өзінің болашақ кәсіптік іс-әрекетінің ерекшелігін қаншалықты нақты және адекватты түрде елестетсе, соншалықты деңгейде оның орындалуын талдай алады, өзінің жіберген қателіктерін түзетіп, педагогикалық әрекетінің сапасына әділетті баға береді. Өзі таңдаған мамандығы бойынша болашақта атқаратын кәсіби іс-әрекетінің мақсаты, міндеттерін нақты білу арқылы өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік алады [131].

Білім алушыларға өз мамандығының мәні мен мазмұнын түсіндіруде қоғамның сұранысын жеткізу және әртүрлі пәндер негізіндегі теориялық біліммен қаруландыру қажет.

Зерттеу жұмысымызда «Кәсіптік оқыту» білім бағдарламасының білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарының модульдік форматы талданды. Оқу жұмыс жоспары бойынша кәсіптік оқыту білім бағдарламасын меңгеріп шығуға қажетті пәндер циклі тілдік, қоғамдық ғылымдар, педагогикалық ғылымдар, кәсіптік білім берудегі дуальды оқыту әдістемесі, жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру, жоғары мектеп педагогикасы, агроөнеркәсіп кешеніне мамандарды кәсіби дайындау модульдеріне біріктірілгені анықталды. Болашақ педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне лайық кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үшін алдымен осы модульдер негізіндегі оқу пәндерінің мазмұнын толық меңгеріп шығуы қажет. Әрбір міндетті және элективті пәндерді меңгеру арқылы білім алушылар тәжірибелік іс-әрекеттерді нәтижелі атқаруына ықпал ететін білім, білік, және дағдылары жетілдіруі тиіс.

Зерттеу барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби-біліктіліктерін жетілдіруде жеке оқу пәндерінің мүмкіндіктерін зерттедік. Жүргізілген зерттеу нәтижелері білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді оқу жоспарында берілген барлық пәндер құрайды.

Білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде аудиториядан тыс жұмыстардың маңызы орасан зор. Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіпорындарда ұйымдастырылатын түрлі (психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, технологиялық, өндірістік және т.б.) іс-тәжірибелері аптасына бір күндіктен, бірнеше апта, бірнеше ай аралығында кәсіптік мамандығы ерекшеліктеріне сай өткізіледі. Аталған шарттың ұтымдылығы білім алушылар ұзақ мерзімге созылған іс-тәжірибеден өтуі барысында жұмыс берушінің мекемесінде, бөлімдерінде тәжірибе жинауға, заманауи қондырғылар мен технологиялардың жұмыс істеуі және өзіндік ерекшеліктерін өндірісте жүріп меңгеруге мүмкіндік алады, сондай-ақ мамандығының кәсіби біліктілігі мен дағдыларын меңгереді. Білім алушылар кәсіпорынның еңбек ұжымымен жүзедісіп, қызмет ету ортасына тез араласуына септігін тигізеді. Өздерін ұжымының бір мүшесі ретінде сезіне алады,

Осылай түбегейлі ойластырылып ұйымдастырылған іс-тәжірибенің арқасында білім алушылар ұжым қызметкерлерінің кәсіптік, тұлғалық қасиеттерін тануына, болашақ мамандығының қыр-сырын терең меңгере отырып тұлғалық кәсіби сапаларының дамуы мен кәсіби біліктілігінің жетілдіруге әсер етеді.

Бұл педагогикалық шарт білім алушылардың нақты кәсіби іс- әрекеттерді орындау дағдыларын қалыптастыруға оңтайлы жағдай жасауда оқыту үдерісін ұйымдастыруда жұмыс берушінің өз міндетіне жауапкершілікпен қарауы және жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста модульдік білім беру бағдарламалары шеңберінде бірлесіп жұмыс істегенде жүзеге асырлады.

Кәсіби біліктілігін жетілдірудің тағы бір маңызды педагогикалық шарты - оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін жүйелі түрде, өзара сабақтастыра отырып пайдалану. Репродуктивті сипаттағы әдістер білім алушыларға ақпаратты қабылдауға және есте сақтауға көмектеседі, тәжірибелік жұмыста іскерліктен мен дағдыны бұрын қабылданған білімдерге сәйкес құруға мүмкіндіктер жасайды.

Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби дағдылары мен біліктіліктерін жетілдіру барысында оқытудың репродуктивті және белсенді әдіс-тәсілдерін (тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар және т.б.) қолдану маңызды педагогикалық шарт болып саналады. Оқытудың белсенді әдістері проблемалық мәселелерді, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық пікірталас, миға шабул, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді қамти отырып, білім алушыларды белсенді ізденушілік әрекеттерін іске қосады [132].

Демек, білім алушылардың өзінің кәсіби қызметінің өзектілігін ұғынуы және тәжірибе барысында кәсіби іс-әрекетті істеуге керекті теориялық білім, іскерліктер және дағдыларды меңгеруіне аталған әдістердің маңызы зор. Ал келтірілген әдістерге үшінші бөлімде кеңінен тоқталатын боламыз.

Кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану шартына тоқталар болсақ.

Қазіргі таңдағы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларға терең теориялық білім бергенімен ол білімдерді тәжірибеде нақты жұмыс орнында түрлі жағдайларда тиімді пайдалануға үйрету ісі ақсап тұрғаны мәлім. Жұмыс берушілерді университетті бітіріп шыққан түлектің бойындағы терең теориялық білімнен бұрын сол білімді тәжірибеде қолдану мүмкіндіктері қызықтырады. Себебі жас маманның жаңа жұмыс орнында өндірістегі жаңа технологияларды меңгеруі үшін арнайы біліктілікті жетілдіру шаралары жүргізіледі. Ал бұл өндіріс үшін және мемлекет үшін де қосымша шығындарды талап етеді. Сондай-ақ түлектің жұмысқа орналасқаннан кейінгі мекеменің ұжымына, ұжымның өзінің талап ережелеріне, белгілі дәстүрлеріне, жұмыс орнында атқаратын тікелей кәсіби міндеттеріне психологиялық бейімделуі ұзақ уақытқа жалғасуы мүмкін. Бұл уақыттың қаншаға созылатыны жеке тұлғаның психологиялық танымдық ерекшеліктеріне тәуелді екендігі белгілі. Егер жоғары оқу орнында берілген теориялық білімдерді өндірісте тәжірибелік сабақтармен бекітіп отыруға арнайы оқу орталықтары құрылып өндірістің ресурстық, материалдық-техникалық базасын ұтымды пайдалануға көшсек кәсіби біліктілігі жетілген түлек дайындайтынымыз анық. Ал бұл үдеріс дуальды оқытуды іске асыруға қатысатын үш жақты тараптыңда пайдасына шешіледі.

Түлек үшін бұл өзі болашақта қызмет ететін ұжымға, сол ұжымның талап-ережелеріне, ұжымда қалыптасқан дәстүрлерге, сондай -ақ өзінің тікелей кәсіби міндеттеріне психологиялық бейімделу үдерісі қаншалықты ұзаққа созылғанына қарамастан, себебі білім алушы оқу барысында өндіріске барып тұрады, диплом алғаннан кейін ұжымға бірден сіңісіп қызметке тез араласып кетеді. Өзінің тікелей кәсіби міндеттерін орындауда терең теориялық білімін тәжірибеде бекітіп отырғандықтан мұндай жас мамандардың еңбек өнімділігі өте жоғары болатындығы түсінікті. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылар университет қабырғасына келген күннен бастап кәсіпорынның жұмысына араласуға мүмкіндік алады, мұның салдарынан білім алушылардың бойында өзі таңдаған мамандығына деген оң көзқарасы қалыптасып, қоғам алдындағы жауапкершілігі ұлғаяды, кәсіпорында ұстаз-тәлімгердің басшылығымен заманауи технологиялық қондырғыларда нақты жұмыстар жасайды, кәсіптік дағдыларды меңгереді және кәсіби біліктілігі жетілдіріледі.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі үшін дуальды оқытуды іске асыру арқылы университеттер жоғары кәсіби маман дайындаудағы күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік алады. Біріншіден, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра алатын, жұмыс берушілердің талаптарын толық қанағаттандыратын кәсіби біліктілігі жетілген, бәсекеге қабілетті мамандар дайындайды. Екіншіден, қазіргі технологияның қарқынды дамыған заманында, заманауи технологиялар, техникалар және зертханаларды өндірістен қалыспай сатып алуға қаражаттың үнемделуі, себебі, күнде бір жаңа технология немесе техника шығып жатқанда ағымға ілесіп қалып қоймау өте қиын және көп шығынға ұшырататын үдеріс. Үшіншіден түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғарлауы.

Жұмыс беруші үшін жұмысқа қабылданатын жас маманның дайындалу үдерісіне тікелей қатысу арқылы өзіне қажетті кәсіби сапаларды меңгерген, өзінің өндірісіндегі барлық техника мен технологияларды толық игерген, психологиялық бейімделуге қосымша шығындарды талап етпейтін маманға ие болады. Дуальды оқыту жағдайында әлеуметтік серіктестік өз кәсіпорындарына мамандар даярлауға үшін белгілі бір көлемде қаражат бөледі, сондай-ақ кәсіпорын базасында оқу орталықтарын ашып, сол орталықтардың материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді. Аталған шаралар жоғары кәсіптік білім беру сапасының жоғарлауына әсер етіп, әлеуметтік серіктестердің кәсіби білікті маман дайындауға тікелей қатысуы олардың жауапкершіліктерін жоғарлатады. Бұл өз кезегінде өндіріс басшыларының жоғары кәсіптік білім беру мазмұны мен оның құрылымына, модульдік білім беру бағдарламасының мазмұнын жасақтауға қатысуға қызығушылықтарын арттырады. Міне, осы жағдай болашақ мамандардың кәсіби біліктілігінің артуына ықпал ететін нақты өндірістік жағдайында дуальды білім беру ортасын құру маңыздылығын артуына себеп болады.

Дуальды оқытудың мемлекет үшін тиімділігі білім беру жүйесінің әлемдік деңгейде көтеріліп, жаңғыртылуы, сапалы, білікті, бәсекеге қабілетті мамандардың дайындалуы салдарынан жұмыссыздықтың азаюы, өндірістегі еңбек өнімділігінің артуы салдарынан ел экономикасының көтерілуі. Жас

мамандарды қайта даярлау, басқа мамандықа қайта оқыту және т.б. шығындардың аязюы.

Жоғары кәсіптік білім беру мен жұмыс берушілердің талаптары арасындағы алшақтықты нақты өндіріс жағдайында дуальды оқыту аймағын құру арқылы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру негізінде жақындатуға мүмкіндік болады.

Ж.О. Нұржанбаева «дуальды білім беру ортасы» кәсіптік білім беру жүйесіндегі дәстүрлі теориялық оқыту мен өндіріс, кәсіпорын базасында тәлімгер жетекшілігімен іс-тәжірибелік оқыту үдерісінің үйлесімді ұйымдастырылуы, білім алушылардың кәсіпорын жұмысшысы ретінде нақты еңбек тапсырмаларын орындауы арқылы кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын меңгеруі, еңбек құндылықтарының қалыптасуына ыңғайлы орта ретінде анықтайды [79, б. 36].

Дуальды білім беруде білім алушылар нақты өндірістегі жұмыс жағдайымен, еңбек ұжымымен, заманауи қондырғылардың жұмыс барысымен етене танысып, өз ісінің шеберлерімен жұмыс істейді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге дуальды білім берудің маңыздылығын айқындай түсуде.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың өндірісте іс-тәжірибеден өтуі мен өндірістегі заманауи технологияларды меңгеру арқылы олардың таңдаған мамандығына деген ықыластарын тудырып, кәсіби біліктіліктері мен дағдыларын меңгеруіне ықпал етеді. Білім алушылар теориялық білімдерінің нақты көлемін бірізділікпен өндіріс орындарында, кәсіпорындарда әлеуметтік серіктестіктердің мекемесінде іс-тәжірибеде бекітіп отырады.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тағы бір маңызды шарты - *модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру*. Білім алушыларды маман ретінде даярлауда жоғары кәсіптік білім беру және тәрбие үдерісінің мазмұнын дайындауда жұмыс берушілердің талаптарын ескеру және оларды модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға қатыстыру шарты. Аталған мәселенің өзектілігі қазіргі таңда мемлекет деңгейінде көтеріліп жатыр. Бұл сөзімізге дәлел білім және ғылым министрлігі, бейіндік қауымдастықтар (профильные ассоциации) және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірігіп, түрлі мамандық салалары бойынша кәсіби стандарттарды дайынауға кірісуі. Алайда бұл іргелі зерттеулерді талап ететін және ұзақ уақытқа созылатын шара. Болашақ маманардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде жұмыс берушілердің талаптарын ескеру өте маңызды. Сондықтан кәсіби стандарттарды дайындау өзектілігі туындауда, себебі университетті бітіріп жатқан түлектердің басым көпшілігін еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз, жұмыс берушінің қатысуынсыз дайындалған білім беру бағдарламасымен білім алған. Кәсіби стандарт негізінде және жұмыс берушінің қатысуымен дайындалған модульдік білім беру бағдарламасын меңгерген түлек еш қиындықсыз заман ағымына ілесіп өзі қалаған жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңдағы, жұмыс берушілердің болашақ мамандарды кәсіптік даярлауға қоятын талаптарын ескере отырып, жоғары кәсіптік білім берудің модульдік бағдарламасының бағыттарының мынадай мазмұны толықтырылуы қажет:

- кәсіптік білімі;
- бейіндік білімі;
- кез келген ұжымды басқара білу және лидерлік қабілеті;
- іскерлік қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық нормалары, кәсіби этика ережелерімен таныс болуы;
- шебер сөйлеу бейімділігі;
- кәсіптік шығармашылығы мен өзін жетілдіруі;
- шет тілін меңгеру.

Жұмыс берушілердің талаптары және еңбек нарығындағы сұранысты зерттеу арқылы болашақ мамандардың келесі кәсіптік сапалары маңызды:

- білім беру сапасы (кәсіптік білім, іскерлік және дағдыларының деңгейі);
- бәсекеге қабілеттілігі, кәсіптік білім, іскерлік және дағдыларының деңгейін арттыру үшін жеке тәжірибесінің болуы;
- кәсіптік білімін жетілдіруге қабілеттілігі, оның ішінде мамандығына жақын салаларды меңгеру қабілетінің болуы, басқа мамандыққа жылдам аусыа білу мен оны меңгеруі; ұтқырлығы, танымдық қабілеті, дүниетанымының кеңдігі, қосымша кәсіптік даярлығының болуы.

Бұл орайда жұмыс беруші болашақ маманның тұлғалық сапаларына келесі талаптар қояды:

- өз мамандығына деген сүйіспеншілігі;
- заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі;
- алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылысы;
- өзінің мамандығы бойынша білімін және кәсіби біліктілігін заман ағымына орай жетілдіруге ұмтылысы;
- қоршағар ортамен мәдени қарым-қатынас орната білу қабілеті.

Жұмыс берушілердің болашақ мамандарға қоятын талаптарын нақтылайтын болсақ, онда Нұр-Сұлтан қаласының кәсіптік және техникалық білім беретін мекемелері дуальды оқытуға белсене қатысып отырған мекемелер жоғары оқу орны бітірушілерінің бойында келесі кәсіптік және тұлғалық сапаларды меңгеруі қажетті және маңызды деп есептейді:

- мамандығына және балаға деген сүйіспеншілігі мен сол салада шығармашылық жетістіктерге жетуге ұмтылысы;
- заманауи оқыту технологияларын меңгеруі;
- өндірістік қондырғы технологияларымен жұмыс істей білуі және оны жөндеу тәжірибесінің болуы;
- компьютерлік модельдеу, замануи арнайы мамандықтарға негізделген компьютерлік бағдарламаларда жұмыс істей білуі;
- ағылшын, қытай тілдерін меңгеру.

Жұмыс берушілердің болашақ мамандардың кәсіптік даярлығы мазмұнының маңызды бөлігі ретінде өз мамандығына деген сүйіспеншілігі мен сол салада шығармашылық жетістіктерге жету ұмтылысы маңызды деп

санайды. Өйткені, қазіргі кезеңде білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін жастардың қатары әлі де болса төмен, олар қиындықтарға шыдамайды, мамандықты уақытша деп есептейді, жұмыс орнында тұрақтамайды, мұғалім мәртебесі төмендеп кетті.

Аталған педагогикалық шарт жоғары кәсіптік білім беру мекемелері мен жұмыс берушілердің болашақ маманға қоятын талаптарын ескере отырып модульдік білім беру бағдарламаларының кәсіптендіру циклінің мазмұны мен құрылымын құрастыруда көрініс табады. Бұл өз кезегінде жоғары кәсіптік білім беру үдерісінің кәсіптендіру циклінің кәсіптік білім, іскерлік, дағдылары және кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге бағытталған мазмұнын құрастыруды көздейді. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы құжатты білім алушы өндірістік оқыту мен тәжірибеден өту уақытында білім алушының еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды және сол уақыт үшін өтемақы төлемі жүргізіледі деп көрсетілген [99.].

Алайда бүгінгі таңда жұмыс берушілердің барлығы бірдей бұл тәжірибеден өтетін білім алушыға жұмыс орнын беріп еңбек ақы төлеуге құлықсыз. Себебі жұмыс берушілердің маман даярлау ісіне етене араласып қаржы бөліп ат салысуын реттейтін заң жоқ. Сондай-ақ, дуальды оқытуды іске асыруға белесене қатысқан жұмыс берушілерге мемлекет тарапынан жоғары қолдау көрсетілсе бұл іске әлеуметтік серіктестіктер тарапынан қызығушылық артар еді деген тұжырымға келдік.

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тағы бір маңызды шарты - *білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту;*

Білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін дуальды оқыту жағдайында жетілдірудің тағы бір педагогикалық шарты өндірісте білім алушыға білікті тәлімгер тағайындау.

Тақырыптық түсіндірме сөздіктер қызметі тәлімгерлікті - жастарды өндірісте кәсіби тәрбиелеу және дайындау формасын деп түсіндіреді. Осы сөздіктің персоналды басқару бөлімінде тәлімгерлікті - тәжірибелі жұмысшылардың жас мамандарға немесе олардың тобына жеке және ұжымдық басшылық етуі деп анықтама берілген [132].

Тәлімгерлік-тәжірибелі мамандардың жастарды тиісті мамандыққа дайындау және тәрбиелеуге қатысу формасы. Тәлімгерліктің мәні - кәсіби маманның жеке тәжірибесін жас маманға үйрету және оның кәсіби іс-әрекетке бейімделу үдерісін жеделдетуге көмек пен қолдау көрсету [133].

Н. Клименко тәлімгерлік жүйесін оқыту әдісі ретінде осы жүйедегі негізгі тұлға - тәлімгер білім алушының өндірістік үдеріске қатысуына ықпал етеді деп есептейді.

Автор тәлімгерлік жүйенің келесі компоненттерден тұратынын анықтады: қажеттіліктерді анықтау; бағдарламаны жоспарлау және құрастыру; нәтижелерді бағалау [134].

Ғылыми зерттеулерде тәлімгерлік болашақ мамандарды еңбек етуге, кәсіби бейімделуге, еңбек ұжымына кірігуіне тәрбиелеу түрі деп анықтайды. Тәлімгерліктің мақсаты кәсіптік құзіреттіліктерді меңгеру, ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетін меңгеру, әріптестеріне құрмет, мамандығын сүюге тәрбиелеу болып табылады. Тәлімгерді бекіту үшін кәсіпорын басшысы оның кәсіптік шеберлігіне, кәсіптік және тұлғалық сапаларының деңгейіне қарап таңдайды. Тәлімгердің іс-әрекеті кәсіптік білім беру мен білім алушылардың кәсіби біліктіліктері жетілдіру тетігі ретінде қарастырылады.

Өндірісте білім алушының оқытушысы ролін өзінің мамандығын жетік игерген, мол кәсіби тәжірибесі бар, абыройлы тәлімгер атқарады. Сондықтан біз өзіміздің зерттеуімізде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге ат салысатын бірден-бір тұлға тәлімгермен білім алушылардың тіл табысуы, біресіп жұмыс істей білуі, тәлімгерлердің білім алушылардың жас ерекшелік психологиясын білуі маңызды екендігіне көз жеткіздік. Жүргізілген бақылаулардың нәтижесінде елімізде көптеген мекемелердің экономикалық тұрақсыздығы және кішігірім кәсіпорындардың экономикалық дағдарыстарға төтеп бере алмауы, кәсіпорын басшыларының білім алушыға тәлімгер бекіткенімен, оған қосымша жалақы төлемеуі, тәлімгерліктің қажетті деңгейде жүргізілмейтіндігі анықталды. Бұл өз кезегінде тәлімгерлердің білім алушыларға жеткілікті көңіл бөліп, кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге немқұрайылықпен қарап, жауапсыздық танытуына әкеледі. Сондай-ақ өндірістен бекітілген тәлімгерлердің психологиялық-педагогикалық, оқыту әдістемесі және т.б. білімдерінің болмауы білім алушылармен жүргізілетін тәлімгерліктің сапасының нашарлауына алып келеді.

Біз бұл тығырықтан шығу жолын жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде өндірістік тәлімгерлердің психологиялық-педагогикалық, оқыту әдістемесі және т.б. білімдерін жетілдіріп, біліктіліктерін арттыру курстарын, тернингтер және семинарлар ұйымдастырып тәлімгерлерді оқу әдістемелік қолдап, кеңес беріп отыратын арнайы орталықтардың жұмыс істеуінде көреміз. Сондай-ақ, бұл орталықтарда тәлімгерлерді арнайы оқытып, белгілі бір емтихан тапсыртып, оларға тәлімгерлік етуге құқық беретін нақты бір құжаттармен қамтамасыз етумен де айналысуы қажет деп есептейміз. Елімізде тәлімгерлерді психологиялық дайындау әлі зерттеу нысанына айналмауы, бұл жүйенің тыңғылықты және іргелі зерттелмегендігін айқындайды. Себебі, дуальды оқытудың отаны Германияда тәлімгерлікті дайындаудың және оларды сертификациялаудың арнайы жүйесі қалыптасқан. Германияда «инструкторлардың жарамдылығы Директивасы» құжаты қабылданған, онда тәлімгерлердің білім алушыдармен жұмыс жасауға педагогикалық-психологиялық дайындығы, қойылатын міндеттер мен сынақ тапсыру ережесі қарастырылған. Кезінде бұл құжаттың заңды күші уақытша тоқтатылғанда жастар арасында жұмыссыздық, тәлімгерлердің білім алушыдармен жетекшілігін атқару дағдысының төмендігінен білім алушылардың кәсіпорындарға баруға үрейленуі, қызықпауы артып кеткен. Сондықтан, осы Директива қайта қабылданған [135].

Финляндияда тәлімгерлерді кәсіптік біліктілігіне деңгейіне орай былай зерделейді: алғашқы тәлімгер, базалық деңгейдегі тәлімгер, жеке тәлімгер, тәлімгер-шебер. Финляндия елінің ұлттық білім беру басқармасы өндірістік оқыту тәлімгерлерін үш апталық даярлау курсы қарастырылған. Курс бағдарламасы күзіреттіліктің төрт саласын қамтиды: өндірістік оқытуды жоспарлау, біліктілік жұмыстары мен біліктілік емтихандары, білім алушылармен жұмыс жүргізу және олардың оқу үлгерімдерін бағалау, білім алушының білімі мен дағдыларын бағалау, тәлімгер ретінде өзінің кәсіптік біліктілігі мен күзіреттіліктерін арттыру [136].

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің негізінде, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби біліктілігін жетілдірудің негізгі қағидаларының бірі өндірістегі тәлімгердің педагогикалық-психологиялық білімдерін арттырып, біліктіліктерін жетілдіру бойынша курстар, дәрістер, психологиялық тренингтер, семинарлар және т.б. ұйымдастыру және олардың психологиялық дайындығын емтихан арқылы тексеріп, тәлімгерлік қызметті атқаруға мүмкіндік беретін арнайы сертификаты бар тұлғаларды қолдау мәселені оңтайлы шешуге болады. Өндірістегі тәлімгерлердің негізгі міндеті білім алушыларды өзінің кәсіби қызметінің қыр-сырын терең ұғындырып, кәсіби және жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуына ықпал ету, ұжым мүшелерімен жағымдық қарым-қатынас орнатуға, қарапайымдылыққа, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Сонымен бірге, білім алушылардың кәсіби акме шыңға жету жолын бағдарлап, сол жолда тыңбай еңбектенуге, өзін үздіксіз білімін, кәсіби біліктілігін жетілдіруге баулу, замануи техникалар мен қондырғылады жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Тәлімгердің тағы міндетінің бірі білім алушылардың түрлі іс-тәжірибелеріне өндірісте жетекшілік етіп, оқытуға оңтайла қарым-қатынасты құрады, ақыл-кеңес бере отырып, жұмыс орнындағы техникалық қауіпсіздік шараларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда тәлімгерлерді даярлау ісі біртіндеп қолға алынып келеді. 2015 жылдың 6 мамыры күні «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Трирдің (Германия) Кәсіптік палатасымен кәсіптік оқыту жөніндегі әріптестік жобаны іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Жоба аясында Германияның кәсіби білім беру мекемелеріне оқу сапарлары өтті: Германия Кәсіпшілерінің орталық одағы, білім министрлігі, экономика министрлігі, Кәсіби білім беру федералды институты (BIBB), Кобленц және Трир қалаларының палаталары, Трир қаласының сауда-өнеркәсіп палатасы, кәсіби мектептер және т.б.

«Кәсіби және еңбек педагогикасы. Тәлімгерлерді аттестаттау» тақырыбы бойынша Астана, Алматы, Тараз, Қызылорда, Шымкент, Талдықорған, Ақтөбе, Петропавл қалаларындағы кәсіпорындардағы 50-ден астам тәлімгер оқытылды. Оқуды неміс сарапшыларымен қатар «Базис» ҚК» (Астана), «Borusan-Makina» ЖШС (Қарағанды), «Қазақмыс Смэлтинг» (Балқаш), «Степногорск» ЖШС (Степногорск), «LegaGroup» (Қарағанды) сынды қазақстандық кәсіпорындардың мамандары да жүргізді [137].

Аймақтық кәсіпкерлер Палатасы тарапынан тәлімгерлердің біліктіліктерін жүйелі түрде тексеру, олардың білім алушылармен жұмыс жүргізудегі педагогикалық-психологиялық білімдерін, білім алушыларға

қолдау көрсету іскерліктерін жетілдіріп отыруы керек. Бірақ еліміздің өндірістік кәсіпорындарында тәлімгерлік, тәлімгердің дәрежесі мен мәртебесі, атқаратын қызметтері мен міндеттері кәсіптік білім беру немесе еңбек кодексінде және т.б. заңнамалық құжатта көрсетілмеген, сондай-ақ ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған. Бүгінгі күні оқуға ниеті бар 14-25 жас аралығындағы еңбекке жарамды жастарға кәсіптік және техникалық білім беру мекемелерінде бірінші және екінші санаттағы жұмысшы мамандықтарды тегін оқып шығуға болады. Осы оқуға қабылдаған білім алушылар кәсіптік және техникалық білім беру мекемесінде дуальды оқыту жағдайында тәлімгерге бекітіледі, тәлімгер өндірісте жоғары санаттағы білімі мен білігі толысқан, жаса маманға берері көп қызметкер немес жұмысшы болуы мүмкін. Сондай-ақ кәсіпкердің өзі де білім алушыларға тәлімгер қызметінде көп нәрсені үйрете алады.

Кәсіптік және техникалық білім берудің жаңа бұқаралық сипаты бұрынғы уақытша жұмыспен қамту емес, енді аймақтарда жергілікті басқару ұйымдары, әкімдердің алдына қойылған маңызды міндеттерді: жаңа жұмыс орындарын ашу, жастарды жұмыспен қамту, кәсіптік мамандық алуға қаржы бөлу, әдістер мен құралдармен қамтамасыз етіп оңтайлы жағдай жасау талап етілуде. Жүргізілген зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, дуальды оқыту жүйесіндегі негізгі басымдық берілетін тәлімгердің дуальды оқыту жүйесіндегі орны мен ролін ғылыми, заңнамалық тұрғыдан анықтау қажет екендігін көрсетеді. Осылайша, тәлімгерлік жүйесін біз білім алушылардың кәсіби мамандығына баулушы, тәлімгер мен білім алушы арасындағы өзара байланысқа негізделген және білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге бағытталған деп анықтаймыз.

Елімізде жастарды белгілі кәсіпке дайындайтын жоғары оқу орындары көп, жылда белгілі бір мамандықты игеріп диплом алып, кәсіби мамандар қатарын сан мыңдаған жас маман толықтырып жатыр, алайда өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүргендері некен саяқ. Бұл өндіріске жұмысқа қабылдардағы жұмыс берушінің талаптарына қолындағы дипломнына қарамастан сай келмейтін жас маманның кәсіби біліктілігін дамыту жетілдіру болып табылады. Еліміздің экономикасы индустриалды-инновациялық даму кезеңінде өндіріске қажетті кәсіби білікті маман дайындау өзекті мәселе болып отыр. Осы мәскелені шешу үшін ел үкіметі маман дайындаудағы мемлекеттік тапсырыстарды жылдан жылға арттыруда, ондықтан мемлекеттік тапсырыс бойынша диплом алған түлектер өндіріс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруы керек. Сонымен қатар, бұл орталықтарда өндірістегі практика тәлімгерлерге педагогикалық-психологиялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетіледі. Осылай аталған педагогикалық шарттардың орындалуына жағдай жасалғанда болашақ мамандардың кәсіби біліктіліктері жетілдіріліп және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттіліктері артып, жұмыссыздардың саны азаятындығына кәміл сенеміз.

Сонымен болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде

оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін ендіру; кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану; модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру; білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту; білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру секілді шарттар эксперименттік тәжірибе барысында басшылыққа алынуы тиіс.

Жоғарыда мазмұндық сипаттама бере отырып, көрсетілген шарттар білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдіруге мүмкіндік туғызады, ол кәсіби іс-әрекеттің табыстылығы мен тиімділігінің негізі. Бұл тұжырымдар келесі бөлімде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауға мүмкіндік береді.

2.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі

Кәсіби біліктілік моделі – кәсіби іс-әрекетті атқаруға маманның теориялық және практикалық әзірлігінің бірлігін білдіретін мамандық бойынша қызметтік әрекеттер жиынтығының үлгісі. Педагог маманының кәсіби үлгісін зерделеудегі жетістіктер жоғары білім мен жеке кәсіби әрекеттерде төмендегідей үлгіде пайдаланылады:

– педагогтың кәсіби біліктілік құрамы, құрылымы мен мазмұнын қамтитын шарты үлгі ретінде;

– кәсіби біліктіліктің қалыптасуы мен жетілуінің итермелеуші-қалыптастырушы алғышарттарының стандарттық үлгісі өзін диагностикалау нәтижелерін салыстыру барысында кездесетін бастауы ретінде.

Кәсіби маманның біліктілік үлгісі кәсіби қызметтің ішкі құрамы мен маңызды сапаларының бейнесі негізінде қалыптасады. Онда кәсіби іс-әрекеттің субъектілік, нысандық және пәндік құрамы түзіледі. Субъектілік құрамы кәсіби біліктіліктің меңгерген деңгейін сақтау, толықтыру және оны кәсіби қызметте белсенді пайдалануды, ал пәндік құрам қол жеткізген нәтижені бейнелейді.

Аталған екі құрам тұтас үлгінің аз жүйесі болып табылады. Педагогтың кәсіби біліктілігінің үлгісін екі құрамның бастау негіздері мен ішкі бөліктерінің өзара кірігуі барысында алсақ, олардың мазмұндық көбейуімен жүйелі нақтылануын дамытуға болады. Көріп отырғанымыздай, маманның тұлғасы әр моделдің субъектілік компонентінің жүйе түзуші элементі болып табылады. Онда кәсіби біліктілік деңгейіндегі өзін-өзі зертеу, өзін-өзі тану, өзі-өзі бағалау және өзін-өзі талдау турасында субъекті іс-әрекетінің саналы түрдегі бағытталуының құрылымы мен мазмұны берілген. Сондай-ақ, кәсіби іс-әрекет пәні мен нысанын болжау, өзгерту, бағалау мен талдау да осы тұста көрініс береді.

Тұтас үлгінің жүйе түзуші элементі маман іс-әрекетінің бағытталуы болады. Мұның мазмұны субъектілік, нысандық, пәндік ішкі жүйелердің жүйетүзуші элементтердің мазмұндық құрамына байланысты.

Сонымен қатар халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді, үлкен сыннан өткен кадрлардың қолында екенін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында ерекше айта отырып, бұл жүйені іске асырудың бірден – бір жолы елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу мәселесі екенін көрсеткен.

Кәсіби білікті маман қоғамға пайдасын тигізіп, еліміздің экономикасын көтереді. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформалар тұлғаға бағытталған, адамның еркін дамуын, мәдениеті мен шығармашылығын, бәсекеге қабілеттілігін және толеранттылығын қалыптастырады. Еліміздің білім беру жүйесінде жоғары дәрежеге жету үшін түрлі әдіс-тәсілдермен терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық бағыт ұстанатын, ол үшін өзі таныта білетін жеке тұлғаны даярлау маңызды міндеті болып отыр [138].

Диссертациялық зерттеуіміздің негізгі міндеттерінің бірі - жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуалды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдірудің моделін құрастыру. Осы міндетті орындау барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерге шолу жүргізу негізінде «модель» ұғымының мәнін ашуды жөн санадық.

"Модель" (ағыл. model) қандай да бір объектінің немесе объектілер жүйесінің ойша құрастырылған үлгісі ретінде анықталған [139].

Педагогикалық әдебиеттерде "модель" термині объекті жайлы жаңа ақпаратты алуға, оны ары қарай зерттеуге мүмкіндік беретін ойша немесе іс-жүзінде жүзеге асырылатын материалдық жүйенің көрнекті, анықталған түрде практикалық әрекетке қолдану үшін ұсынылатын нақты құрылысы [140].

Сонымен берге модель ғылыми таным процесіндегі түпнұсқаны ауыстыруға және түпнұсқа жүйесінің бар қасиеттерін өзгертетін объекті немесе таңба жүйесі ретінде құбылыстың талқыланып, қорытындыланған бейнесі [141].

А.И. Диханның пікірінше, модель зерттелетін объекті немесе құбылысқа жақын келетін сызбанұсқа, физикалық құрылым, таңбалық форма немесе формула түріндегі жасанды құрастырылған үлгі, ол сол объектінің элементтері арасындағы өзара байланысты, қасиетті, белгілі бір білім саласындағы фактілерді, заттарды жеңілдетілген құрылымда аса көрнекті сипаттайды [142].

Ш. Таубаева өзінің ғылыми еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесін кеңінен қарастырған. Ғалым «модель» түсінігінің, латынның «modules» сөзінен туындағандығына, ол «өлшем», «бейне» деген ұғымды білдіретіндігін айтып өтіп, «модельдеу» түсінігі ғылым садасында әртүрлі мағынада қолданылатындығын айтып өтеді. Бұл дегеніміз «модельдеу» объектінің арнайы дайындалған бейнесінің, нақты нысанның сипаттамасын дайындау жасау деп түйіндеуге негіз болады.

Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы,

физикалық конструкциялар, құрастырулар т.б. Моделдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылым мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмысауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді. «Модельдеу» даяр зерттеу нысанының түпнұсқа моделі делінеді [143].

Модельдің мазмұны мен типі, мақсаты мен міндетіне байланысты әртүрлі болады. Көп жағдайда зерттелетін материяның түпнұсқасының мазмұнына, оның қоршаған ортаға әсеріне де байланысты түрленіп отырады. Модель сөзінің көмегімен заттық ортаны айқындайтын білім туралы ұғым ретінде, белгілі топтасқан, өзара байланысы сөйлем жиынтығы, қорытындылар түрінде, объектінің негізгі бөліктері, элементтерін олардың байланысын көрсететін физикалық-графика, схема түрінде сондай-ақ негізгі сыртқы және ішкі байланыстары мен қатынастарын анықтайтын математикалық формулалар немесе сандық кесте болуы мүмкін [144].

Г. Клаустың пікірі бойынша, модель-теория мен тәжірибе ның диалектикалық қарама-қайшылығы болып есептеледі. Модель-теория, ол белгісіз ортаны дәлелдеудің, абстракциялықтан нақтылыққа көшудің мүмкіндігі, ғылыми дәлелділігі [145].

А.М. Новиков модельді сипаттай отырып, оның негізгі нысаны туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан ретінде қарастырады [146].

В.А. Штофф моделді былайша сипаттайды: «Ойша елестетілген немесе құбылысты көрсететін жүйе болатын модель зерттеу объектісін бейнелеп немесе қайта жаңғырту арқылы, оны алмастыруға қабілетті болады. Модель арқылы зерттеу объектісін қарастыру бізге жаңа ақпарат береді» [147].

М. Вартофскийдің «модель келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель мақсатты іске асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады» деп тұжырымдайды [148].

К.О. Оразбаева өзінің диссертациялық зерттеуінде модельдің негізінде белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрінісі деп түсіндіреді [149].

Қазіргі кезде ғылымда модель ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді: біріншіден, қандайда бір формада түп нұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді; екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады; үшіншіден, түп нұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Барлық материалдық немесе заттық модельдерде түп нұсқаның орнын басу сәйкес құрылымның мінез-құлқы мен қызмет ұқсастығы есебінен жүзеге асырылады. «Модель» ұғымы «модель құру» ұғымымен тығыз байланысты.

Модель құру – бұл теориялық танымның маңызды категорияларының бірі, теориялық деңгейде түрлі белгілер, абстрактілік модельдер, эксперименталдық деңгейде – пәндік модельдер қолданылатын процестер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі, сондықтан педагогикалық зерттеулерде

модельді құру және оны қолдану кеңінен пайдаланылуда. Маманды кәсіби даярлау моделі жалпы түрде болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті меңгерілетін білім көлемі мен оның құрылымының, маман ретіндегі кәсіби қасиеттер мен дағдылардың жалпы түрде сұлбелік өрнектелуі деп түсінуге болады.

Қазақстандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдар (Н.Д. Хмель, Ә.П. Сейтешов, Г.А. Уманов, Г.К. Нұрғалиева, А.В. Мудрик, В.П. Беспалько, А.Н. Дихан, т.б.) еңбектеріне жасалған талдау модельдің мазмұндық және құрылымдық-мазмұндық, функционалдық және құрылымдық-функционалдық, теориялық, концептуальдық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, дидактикалық, рефлексивтік, позициялық, нормативтік-құқықтық түрлерін бөліп көруге мүмкіндік береді.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін жобалау кезеңінде Т.А. Ильина, А.В. Усова, В.А. Черкасов, Ю.К. Бабанский, В.А. Беликов, В.П. Беспалько, Т.Т. Галиев және т.б. еңбектерінде жүзеге асырылатын жүйелілік тұғырға назар аударылды.

"Жүйелілік тұғыр жүйе ретінде объектіні зерттеумен және құрылымдаумен байланысты қазіргі заманғы ғылымның әдіснамалық бағыты. Жүйе, байланыс, қарым-қатынас, құрылым, тұтастық жүйелілік тұғырдың негізгі ұғымдары болып саналады" [150].

Сондай-ақ жүйелілік тұғыр білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге ықпал ететін шарттарды модельдеуге мүмкіндік береді.

Аксиологиялық тұғыр білім алушыларды тұлға ретінде дамытуға, өзінің ұлттық сәйкестігін сақтай отырып, басқа ұлттың да мәдениетін, дәстүрін зерттеуге қызығушылығын және жағымды қатынасын қалыптастырады. Аксиологиялық тұғырдың негізін өзара байланыста әрекет ететін адамгершілік тұжырым құрайды. В.А. Сластениннің пікірінше, осы тұжырымдамаға сәйкес біздің әлем қоғамның жоғары құндылығы, мәні тұтас адам әлемі және оны дамыту болып табылады [151].

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру тұлғаны кәсіби дамытуға бағытталады, яғни тұлғалық-бағдарлық үдеріс ретінде сипатталады. Біздің зерттеуімізде тұлғалық тұғыр білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда айтылған ой пікірлерді тұжырымдай келе, маман моделі құрылымы мен мазмұнын үш бөлікке бөлуге болады: зерттелетін маман іс-әрекеті өтетін әлеуметтік-кәсіби фон, мамандардың іс-әрекеттерінің негізгі аспектілері, мамандардың іс-әрекеттерінің психологиялық-педагогикалық сипаттары. Ал маман моделін құру келесі мақсаттарға табысты қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған:

– маманның кәсіби әлеуметтік іс-әрекеті мазмұны мен оны орындаудағы білім, іскерлік, дағдылар мен тұлғалық сапаларды сипатын талдау;

– білім беру мазмұнын жобалау үшін негізделген бағдарлар мен критерийлерді анықтау, қажетті білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру

мен болашақ маманның тұлғалық сапасын дамытуды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тәжірибелік іске асырылуы;

– кәсіби даярлау сапасы мен ЖОО бітірушісінің тұлғалық дамуы деңгелерінің барынша осы модель талаптарымен сәйкестігін қамтамасыз ету;


– ЖОО имиджі мен оның бітірушілеріне берілетін дипломның беделін қалыптастыру, оны бітірушілердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамсыздандыру [152].

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың алатын орны мен маңызын, оның жаңашылдық сипатын ерекшелеп, сондай-ақ болашақ маман дайындауды кәсіптік білім беру мекемелері мен кәсіпорындар берлесіп әрекет еткенде жоғары нәтижеге жететіндігін көптеген ғалымдар айтқан. Оның ішінде, Ю.Н. Петров дуальды оқытудың келесі әдіснамалық негіздерін ұсынған: аксиологиялық (құндылықтар мен мақсаттардың басымдығы); онтологиялық (күзиреттілік ұстаным); технологиялық (қоғамдық-кәсіптік қарым-қатынастар) [153].

Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мәселесін зерттеу, өзектілігін анықтау, оның жүзеге асыру тетіктерін айқындау мақсатында дуальді оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үдерісін талдау және жүйелеу қажеттілігі туындады.

Бүгінде педагогикалық-психологиялық зерттеулерде еңбекке және кәсіби іс-әрекеттердің әр түріне тұлғаның психологиялық, моральдық дайындығы туралы мәлеметтер теориялық және тәжірибелік ақпараттар көптеп кездеседі. Кәсіби даярлық термині тұжырымдалып, оның мазмұны, құрылымы, негізгі көрсеткіштері анықталып, оның көрініс беру шкаласы, ұзақтығы және тұрақтылығына ықпал ететін шарттар анықталды.

Білім алушы өзі таңдаған мамандығының негізгі іс-әрекеттерін атқаруға дайындығы оның белсенді көңіл-күйі ретінде анықталады; іс-әрекет нәтижесін; кәсіби жағдаяттарға бғадарды анықтайтын сапа ретінде; өндірістік мақсатты шешуге ұмтылған іс-әрекеттің негізгі шарты болып табылады. Сондықтан, білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптатсырудың құрылымдық компоненттері айқындалған, осы сұрақты нәтижелі шешу жолдары, шарттары және оны іске асыру деңгейлері, болашақ мамандардың кәсіби өсулеріне итермелейтін құралдар мен формалары анықталған құрылымдық мазмұндық моделі әзірленді (4-сурет).



Сурет 4 – Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделі

Енді жоғарыдағы суреттегі модельдің құрылымына сипаттама берейік. Зерттеу міндетін шешуге бағытталған модель 4 компоненттен тұрады: мотивациялық, мазмұндық, әрекеттестік, рефлексиялық.

Мотивациялық компонент кәсіби біліктілікті жетілдірудің психологиялық тұрғыда қарастырады. Мотив - тұлғаның қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін іс-әрекетін ояту, тұлғаның белсенділігін анықтайтын және оның қызығушылығын қанағаттануға бағыттайтын ішкі және сыртқы шарттардың кешені; тұлғаның кәсіби таңдауы және мінез-құлықтарының негізіне жататын себеп; іс-әрекет түрін таңдап, бағыттаушы қасиет.

Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (мотив; фран.motif, лат. moveo - қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады. «Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады. Түрткі – адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп. Кісінің өз қажетін өтеуі оның түрткілеріне байланысты [154].

Әр істі бастаған кезде ол істің табысты болуы мотивация немесе түрткіге тікелей байланысты болып табылады. Мотивациясы жоғары адамдар үнемі белсенді, бастамаға бейім, мақсатқа бағытталуы тұрақты, табандылығы мен төзімділігі секілді қасиеттермен белгіленеді. Мұндай тұлғаларға кездескен кедергілерге таусылмай, керісінше оны жеңу үшін күшейе түсетін қайтпас қайсарлық тән. Кездескен қиындықты шешуде бұл тұлғалар жаңаша әдіс-тәсілдерді таңдап, сол шешім үшін жауапкершілікті өзі алады. Өзінің біліміне деген сенімділігі оның ішкі мотивтері оны үнемі жетістіктерге итермелеп отырады. Алайда маманның өзінің мүмкіндіктерін бағалауы шынайылыққа сәйкес болуы керек. Әлбетте, кәсіби білікті маман болуы үшін, істеген қызметінен рухани ләззат алу ішкі түрткінің жоғраы болуынан деп кесіп айту жансақтық болар. Сананы ашқа билеген заманда мұғалім қызметі өз деңгейінде бағаланбауы, тұрмыстық мәселелердің дер кезіндегі шешілмеуі салдарынан денсаулығында психикалық аутқулар туындап, жұмысы алға баспай жүрген тұлғалар көп кездеседі. Бұл қиыншылықтар оның өз кәсібіне қызығушылығының төмендеуіне, өзінің күш - жігеріне сенімсіздіктен кәсібін тастап басқа салаға ауысуына алып келеді. Алайда өз кәсібін шексіз сүйетіндер, мамандыққа кездейсоқ келмегендер тынымсыз еңбектену мен шеберліктерін шығармашылықпен шындағандар үлкен мәртебеге ие болатындығы анық. Қазақстанда балабақшы тәрбиешісі, мектеп мұғалімі, ЖОО оқытушысы жас ұрпақты тәрбиелеу ісінің ауыр жүгін алға тартып келеді.

Мазмұндық компонент білім алушыларға мемлекеттік стандарттарында сәйкес белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндерден теориялық білім бере отырып, кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруде көрініс табады. Дегенмен білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге ықпал ететін, педагогикалық шеберлікті, тұлғалық шығармашылықты қалыптастыратын таңдау пәндері бір-бірімен байланыста меңгерілгені жөн.

Болашақ кәсіби білікті мамандар оқытушылық және ғылыми жұмыстарда жиі кездесетін қалыптан тыс жағдайлар, осындай сәттерде іске қосылуға тиісті

мінез құлықтық алгоритм, жеке дара қабілеттер мен қасиеттер, педагог еңбегіндегі дәстүрлілік пен жаңашылдық, тіпті озық тәжірибемен әйгілі болған беделді адамдар еңбегі мен шығармашылық жолдары жайлы білімдер жиынтығы ұсынылуы тиіс деп санаймыз.

Біздің жағдайымызда «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» атты элективті курсы тәжірибеден өтті. Әрине, бір ғана пәнді оқыту негізінде алға қойған мәселе түбегейлі шешілуі мүмкін емес екендігі түсінікті. Дегенмен ұсынылған арнайы курстан да басқа «Жоғары мектеп педагогикасы», «Кәсіптік білім беру мұғалімінің кәсіби-педагогикалық этикасы», «Жоғары білім берудегі оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері» т.б., пәндермен бірлестікте білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеуімізде әрекеттік компоненттің үш құрамдас бөлігі қарастырылады. Олар: жоғары оқу орны оқытушысының әрекеті, өндірістегі тәлімгердің және білім алушының әрекеті. Жоғары оқу орны оқытушысының әрекеті білім алушының теориялық білім алуына әсер ететін, оның шығармашылық белсенділігін тудыратын, әдіс құралдар арқылы дамытушылық орта жасаудан тұрады. Оларды сипаты, оқытушының білім алушылардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастырады, басқарады, ғылыми шығармашылық жұмыстарына қызығушылығын белсендіреді, интеллектуалдық өсуіне жағдай жасайды, оқу-білік дағдыларын жоспарлауды меңгеру білігін қалыптастырады, білім алушылардың өзіне сенімділігін, бағдарланушылығын дамытуға ықпал етеді, бақылау жасау, әрекет қорытындысын болжай алу дағдыларын жетілдіреді.

Өндірістегі тәлімгерлердің әрекеті білім алушыларды өзінің кәсіби қызметінің қыр-сырын терең ұғындырып, кәсіби және жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуына ықпал ету, ұжым мүшелерімен жағымдық қарым-қатынас орнатуға, қарапайымдылыққа, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Сонымен бірге, білім алушылардың кәсіби шыңға жету жолын бағдарлап, сол жолда тыңбай еңбектенуге, өзін үздіксіз білімін, кәсіби біліктілігін жетілдіруге баулу, замануи техникалар мен қондырғылады жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Тәлімгердің тағы әрекетінің бірі білім алушылардың түрлі іс-тәжірибелеріне өндірісте жетекшілік етіп, оқытуға оңтайла қарым-қатынасты құрады, ақыл-кеңес бере отырып, жұмыс орнындағы техникалық қауіпсіздік шараларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Білім алушы: ғылыми-педагогикалық әрекетті жобалау, жоспарлау, ұйымдастыру, нәтижесін қорытындылау сияқты компоненттерді меңгереді, өзіндік шығармашылық әрекетін басқарады, кәсіби міндеттерінің мақсатын ұғынады және сол міндеттерді атқару логикасын, зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдерін меңгереді, өз бетінше оқу біліктерін дамытады, оқу үрдісінде кездесетін қиыншылықты жеңуге еріктік аймақтарын бағыттайды, өзіндік басқару және өз іс-әрекеттеріне баға беруге машықтанады.

Бұдан білім алушыларды дайындайтын профессор оқытушылардың және өндіріс тәлімгерінің кәсіби біліктілігінің деңгейінің жоғары болуы тиіс екендігін байқау қиын емес.

Осы үш жақты әрекеттің үйлесімін тауып, бір арнаға тоғысуы зерттеліп отырған кәсіби біліктілігі жетілдіруге мүмкін береді.

Рефлексивтік компонент біздің зерттеуімізде тұлғаның өз әрекеті мен оның нәтижелеріне беретін өзіндік бағасы ретінде сипатталады. Өзіндік баға адамның өзінің біліміне көңілі толып, ішкі рухани қанағаттанушылық сезіміне бөлейді. Бұл өз кезегінде қоршаған ортамен қарым-қатынасын түзетіп, өзінің мүмкіндіктерін бағалап биік мақсаттар қоя білу арқылы жеңіске де жеңіліске байыппен қарауға үйретеді. Р. Декарт аталған күйге көп ойлану арқылы жетуге болатынын сананы ашықтырмас үшін көп ойлану, пайымдау қреек екенін айтқан [155]. Сондықтан жас маманды көп ойлануға, ойланудан ішкі рахатты сезінуге тәрбиелеу кәсіби шыңдалып шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді деп ойлаймыз.

Білім алушы кредиттік оқыту жүйесі бойынша негізінен өзідігінен іздену негізінде білім алады, сол арқылы өзін-өзі дамытады, өзгертеді, қайта қалыптастырады. Осы тұрғыда білім алушының өзінің болашағы үшін жасап жатқан әрекеттерін ой елегінен өзкізу маңызды. Білім алушы меңгерген білімнің маңызын, эмоциялық көңіл күйін, істеген әрекетерін таразылап қорытындылайды. Тұлғаға қоршаған орта оның сана сезімі, ойы, іс-әрекеті арқылы ықпал жасайтыны белгілі. Алайда, қазіргі жоғары оқу орнында білім берудің дәстүрлі тәжірибесі білім алушылардың бойында көп ойлануға, өзінің мүмкіндіктерін бағамдауға, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, кәсіби мансабын жоспарлау секілді жас маман үшін өте керекті құндылықтарды қалыптастырмайды. Атақты психолог айтқандай өмірдің белгілі жағдайында әсер ететін сәттер бұған дейін миымызда ойлаған іштей атқарған жұмысымыздың қорытындысы [156].

Рефлексивтік іс-әрекет жас маманның өзін ой елегінен өткізуде көрініс табатын өзіндік жеке қасиеттерін ажыратуға мүмкіндік береді. Ал оның нәтижесі жетістікке жету жолындағы мақсат міндеттерін түсіне білу. Кез келген рефлексия тұлғаның мақсатымен тығыз байланысты. Мысалы шығарамшылық рефлексия - тұлғаның мақсатына жету жолы ғана емес, сол жолдағы жаңа білімдеру арқылы жаңа идеялар мен жаңаша мақсаттардың туындауы. Бұл рефлексияның түрі адамның өзіндік құндылық ерекшеліктерін және өзіндік өсу бағдарын анықтау, маманды қалыптастыруға бастайтын шығармашылық іс-әрекетте оның ішкі жан дүниесінің мүмкіндіктерін ескеру арқылы ой тоқтату болып анықталады. Біздің зерттеуімізде ол дара, топтық және ұжымдық жағдаяттарда ұйымдастырып өткізілді. Мұндай рефлексияның түрлері де көптүрлілігімен сипатталады. Ойлану білім алушыға маман ретінде даралыққа, бәселестікке түсуге ұмтылыс секілді кәсіби маңызды қабілеттерді қалыптастырып жетілдіруге ықпал етеді. Біздің зерттеуімізде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құармы анықталғаннан кейін оның көрсеткіштері мен өлшемдерін анықтау қажет болды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келесі көрсеткіштер мен өлшемдер ұсынылады (7-кесте).

Кесте 7 – Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық	<p>1. Өзінің кәсіби мамандығына деген оң қатынасы мен қызығушылығының болуы</p> <p>2. Өндірісте іс тәжірибе барысында кәсіби өсуге қажеттіліктің туындауы.</p> <p>3. Адамгершілік қасиеті мен жақсылық жасауға ниеттілігі</p>	<p>1 Кәсіби біліктілікті жетілдіру үшін жағдайдың сәйкестігі, кәсіби білімді меңгеруге, кәсібіне орай еңбек мазмұнын игеруге ұмтылысының болуы.</p> <p>2. Жеңісті өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырып, өндірісте іс-тәжірибе барысында кездесетін кедергілерден өтуге ұмтылысының болуы, өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу.</p> <p>3. Өзінің кәсіби маман ретінде рухани әлемін, моральдық кәсіби бейнесін жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылысының болуы</p>
Мазмұндық	<p>1. Міндетті базалық теориялық білімдер</p> <p>2. Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы бойынша берілетін білімдер</p> <p>3. Оқытудың инновациялық технологиялары негізінде берілетін білімдер</p>	<p>1. Мемлекеттік стандартта белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндерден берілетін теориялық білімдерді меңгеру</p> <p>2. «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» пәнін игеру;</p> <p>3. Инновациялық технологиялардың философиясын ұғыну</p>
Әрекеттік	<p>1. Өзінің университеттегі теориялық білім алудағы және өндірістегі іс-әрекетін басқару</p> <p>2. Кәсіби мамандығына сәйкес кәсіби міндеттерінің маңызын түсіну</p> <p>3. Оқу біліктерін қалыптастыруға, өзіндік зерттеу жүргізудің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдану</p>	<p>1. Оқыту барысында теориялық білім бойынша берілген тәжірибелік жұмыстарды істеу (реферат, таныстырылым, портфолио, ғылыми жобалар, мақалалар мен тезистер)</p> <p>2. Кәсіби біліктілікті жетілдіруде өндірістегі міндеттерді орындау</p> <p>3. Кәсіби біліктіліктерді жетілдіруге түрлі іс-шараларға қатысу, мысалы конкурстар, байқаулар, симпозиумдар, пікір таластар және т.б.</p>

7-кестенің жалғасы

1	2	3
Рефлексивтік	1. Құндылықтық талаптарға сәйкес кәсби іс-әрекетінің мақсатын ойластыру 2. Кәсіби іс-әрекетінің нәтижесі жетістікті болу үшін өз әрекет терін логикалық үйлестіру және орындау 3. Өзіндік талдау мен өз қажеттеліктеріннің қанағаттан дырылуын бақылау нәтижесін де ой елегінен өткізу	1. Мақсаттың маңыздылығын бағалау 2. Нәтиженің жетістілігін анықтауда, сыни тұрғыдан ойлау 3. Өз іс-әрекетінің тиімділігін бағалау, іс- әрекет нәтижесінің маңыздылығын бағалау, өз іс-әрекеті мен оның нәтижесі үшін жауапкершілікті болу

Берілген модельдің негізінде кәсіби біліктіліктің жетілдіру деңгейлері ұсынылады. Олар өлшемдер мен көрсеткіштердің негізінде жоғары, орта, төмен деп анықталды.

Жоғары деңгей - кәсіби біліктілікті жетілдіру үшін жағдайдың сәйкестігі, кәсіби білімді толық меңгеруге, кәсібіне орай еңбек мазмұнының игеруге ұмтылысының жоғары болуы; жеңісті өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырып, өндірісте іс-тәжірибе барысында кездесетін кедергілерден өтуге жоғары ұмтылысының болуы, өзіндік жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу; өзінің кәсіби маман ретінде рухани әлемін, моральдық кәсіби бейнесін жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылысының жоғары болуы; мемлекеттік стандартта белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндерден берілетін теориялық білімдерді жоғары деңгейде меңгеру; «Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибесы» пәнін терең игеру; инновациялық технологияларды жетік меңгеру арқылы философиясын ұғыну; оқыту барысында теориялық білім бойынша берілген тәжірибелік жұмыстарды жоғары дәрежеде орындау; кәсби біліктілікті жетілдіруде өндірістегі міндеттерді өте жақсы орындау; кәсіби біліктіліктерді жетілдіруге түрлі іс-шараларға қатысу, мақсаттың маңыздылығын жоғары бағалау; нәтиженің жетістілігін анықтауда, сыни тұрғыдан ойлау; өз іс-әрекетінің тиімділігін жоғары бағалау, іс-әрекет нәтижесінің маңыздылығын бағалау, өз іс-әрекеті мен оның нәтижесі үшін жоғары жауапкершілікті болу

Орта деңгей - кәсіби біліктілікті жетілдіру үшін жағдайдың сәйкестігі, кәсіби білімді меңгеруге, кәсібіне орай еңбек мазмұнының игеруге ұмтылысының болуы; жеңісті өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырып, өндірісте іс-тәжірибе барысында кездесетін кедергілерден өтуге ұмтылысының болуы, өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу; өзінің кәсіби маман ретінде рухани әлемін, моральдық кәсіби бейнесін жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылысының болуы; мемлекеттік стандартта белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндерден берілетін

теориялық білімдерді меңгеру; «Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибесы» пәнін игеру; инновациялық технологияларды меңгеру; оқыту барысында теориялық білім бойынша берілген тәжірибелік жұмыстарды орындау; кәсби біліктілікті жетілдіруде өндірістегі міндеттерді орындау; кәсіби біліктіліктерді жетілдіруге түрлі іс-шараларға қатысу, мақсаттың маңыздылығын бағалау; нәтиженің жетістілігін анықтауда, сыни тұрғыдан ойлау; өз іс-әрекетінің тиімділігін бағалау, іс-әрекет нәтижесінің маңыздылығын бағалау, өз іс-әрекеті мен оның нәтижесі үшін жауапкершілікті болу

Төмен деңгей - кәсіби біліктілікті жетілдіру үшін жағдайдың сәйкестігі, кәсіби білімді меңгеруге, кәсібіне орай еңбек мазмұнын игеруге ұмтылысының болмауы; жеңісті өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырып, өндірісте іс-тәжірибе барысында кездесетін кедергілерден өтуге ұмтылысының төмендігі, өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылмауы; өзінің кәсіби маман ретінде рухани әлемін, моральдық кәсіби бейнесін жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылысының төмендігі; мемлекеттік стандартта белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндерден берілетін теориялық білімдерді толық меңгермеу; «Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибесы» пәнін толық игермеу; инновациялық технологияларды меңгеру дәрежесінің төмендігі; оқыту барысында теориялық білім бойынша берілген тәжірибелік жұмыстарды орындау мүмкіндігінің төмендігі; кәсби біліктілікті жетілдіруде өндірістегі міндеттерді орындай алмауы; кәсіби біліктіліктерді жетілдіруге түрлі іс-шараларға қатыспауы, мақсаттың маңыздылығын бағалай алмайды; нәтиженің жетістілігін анықтауда, сыни тұрғыдан ойланбайды; өз іс-әрекетінің тиімділігін бағалайды, іс-әрекет нәтижесінің маңыздылығын бағалау дәрежесі төмен, өз іс-әрекеті мен оның нәтижесі үшін жауапкершілікті болмауы.

Сонымен ұсынылған модель компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері кәсіби біліктіліктерінің жетілдіру дайындығын сипаттайды. Ол білім алушылардың кәсіби іс-әрекеті үшін қажетті тұлғалық (интеллектуалдық-рефлексивтік және тұлғалық-бағдарлық, құндылық-мәнділік), тұлғалық өзара әрекеттестік (коммуникативтік, топтық өзара әрекеттестік құрылымындағы рефлексивтік) сапаларының сәйкестігін талап етеді.

Сондықтан жоғарыда айтылғандар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

– ұсынылған модельдің мотивациялық компоненттер тізбесі білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін қажетті тұлғасын, оның кәсіби бағдар сипатын, кәсіби мінез– құлық типі секілді ішкі тетіктерді белгілейді;

– ұсынылған әрбір компоненттің (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексиялық) қалыптасу дәрежесі өзіне "Мен-маман", "Мен мұғалім" деп жете ұғынылған бейнені енгізетін кәсіби "Мен тұжырымдамасын" бейнелейді.

Зерттеу барысында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің әдістерін айқындалды. Бұлар біріншіден, білім алушының кәсіби біліктілігін дамытуға көмектесетін заманауи оқыту технологиялары, екіншіден, арнайы дайындалған психологиялық тренингтер, үшіншіден, оқытудың белсенді әдістері болып табылады.

3 ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТІ

3.1 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді анықтауға бағытталған жұмыстар

Қазіргі таңда жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіби білікті маманды дайындау терең теориялық білімді жүйелі және сапалы меңгеруді, соған сәйкес тәжірибелік біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды ұйымдастыру ғана емес, олардың өзінің біліктіліктерін әрі қарай жетілдіруге қабілетті болуды талап етеді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың зерделенетін үдеріс заңдылықтарын анықтауға ықпал ететін негізгі әдіс педагогикалық эксперимент болып табылады. Эксперимент педагогикалық жағдайда белгілі бір құбылысты зерттеу мақсатты және жоспарлы түрде жүргізілетін таным тәжірибесін бақылау деп түсіндіреді. Педагогикалық эксперименттің белгілі бір педагогикалық үдерістің күйін талдау, білімді меңгеруге септігін тигізетін жағдайларды айқындау үшін қолданылатын педагогикалық әрекет, оның мақсаты зерттелінетін процесс және оның жеке компоненттері арасындағы байланысты зерттеу, сонымен бірге бұл байланыстың туындау шарттарын айқындау секілді типтері бөліп көрсетіледі. Бұл типтер берілген зерттеу концепциясына, оның мақсатына, пәніне, болжамы мен міндеттеріне тікелей байланысты болады [127, с. 92].

Теориялық әдебиет көздерінде "тәжірибелік жұмыс" және "педагогикалық эксперимент" түсініктері ажыратылып көрсетіледі. А.М. Новиков тәжірибелік жұмыс - бұл зерттейтін үдерісті жоғары деңгейдегі нәтиже алу және оны кейіннен тексеру, бағалау, сондай-ақ өзгеріс, инновация енгізу әдісі деп анықтайды [157].

А.Я. Найн "эксперимент нақты ескерілген жағдайда жасанды құбылысты ғылыми тұрғыдан тексеру, оның дамуы барысын қадағалауға және оны басқаруға, сонымен қатар шарттарды қайталауда оны жаңадан жасауға мүмкіндік береді" -деп түсіндіреді [158].

Отандық және Ресей ғалымдары (Ю.К.Бабанский [159] В.И. Загвязинский [160], Ш. Таубаева [161] және т.б.) педагогикалық экспериментті ұйымдастырудың жалпы талаптарын (зерттеу болжамын анықтау және алғашқы мәліметтерді жинақтау үшін алдын ала бақылау; эксперименттік жұмыс үшін объектілерді ұйымдастыру және оларға тиімді жағдай құру; бақылау барысында өзгеріс фактілерін нақты тіркеу және есепке алу; бағалау үшін өлшемдер мен көрсеткіштер, сәйкес деңгейлерді нақтылау; алынған мәліметтерді теориялық талдау және математикалық статистика әдістері көмегімен өңдеу) белгілеп көрсетеді [162].

Зерттеу жұмыстары негізгі ғылыми болжамға сәйкес білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің моделі алдыңғы тарауларда ұсынылған болатын. Осы моделді іске асыру үшін "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша

бакалавр және магистратура бөлімдерінің білім алушылары арасында эксперимент жұмысы жүргізілді.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстары мынадай оқу орындарында жүзеге асырлады: С.Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық университеті 6М012000 - "Кәсіптік оқыту" білім беру бағдарламасының 40 білім алушысы, Қазақ ұлттық аграрлық универсиетінің 6М012000 - "Кәсіптік оқыту" 30 білім алушысы қатысты.

Тәжірибелік экспериментке бақылау және эксперименттік топтарда барлығы 70 жоғары оқу орны білім алушылары тартылды.

Бақылау тобы 30 білім алушы - олар Қазақ ұлттық аграрлық универсиетінің білім алушылары.

Эксперименттік тобын 40 білім алушы олар - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасының білім алушылары қамтылды.

Эксперименттік-тәжірибе үш кезеңнен, анықтау, қалыптастыру, бақылау эксперименттері жоспарланған бағыттар бойынша жүргізілді.

Анықтау экспериментінде білім алушылардың кәсіби біліктіліктерінің қалыптасуының бастапқы деңгейін зерттеу; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің компоненттері (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексиялық), өлшемдері мен көрсеткіштерін және оған сәйкес деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) анықтау; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру деңгейін анықтау міндеттері қойылды.

Сондықтан білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді зерттеуде анықтау бағытындағы педагогикалық эксперимент міндеттеріне сәйкес шешу және қойылған мақсатқа жету үшін бақылау, сауалнама, тест сауалнама, әңгімелесу және зерттеу мәселесінің ерекшелігіне орай әдістемелері айқындалды және олар эксперименттік тәжірибеде басшылыққа алынды (8-кесте).

Кесте 8 - Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру деңгейлерін зерттеу әдістемелері

Компоненттер	Қолданылған әдістемелер
1	2
Мотивациялық	«Кәсіби ниет» тесті (Я.С. Сунцова) Мамандық таңдаудағы мотивтер анкетасы (Я.С. Сунцова) "Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы" (Т.И. Ильина)
Мазмұндық	Сауалнама "Студенттің дуальды оқыту жүйесіне деген көзқарасы" (Ж.Е. Алшынбаева)
Іс-әрекеттік	Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау әдістемесі (В.И. Андреев)

8-кестенің жалғасы

1	2
	Еңбек сүйгіштік және жұмысқа қабілетін бағалау әдістемесі
Рефлексивті-бағалау	Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (А.В. Карпов, В.В. Пономарева)

Біздің зерттеу жұмысымызда анықталған дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тиімділігін арттыру шарттары негізінде тәжірибелік зерттеу эксперименті төмендегі іс-шараларды қамтыды.

Тәжірибелік-зерттеу экспериментінің диагностикалық анықтаушы кезеңінің мақсаты - білім алушылардың кәсіби біліктіліктерінің қалыптасу деңгейі мен жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау, ол алдымен кәсіби мамандыққа деген қатынас, кәсіби ниет және мамандық таңдау мотивтерін анықтаудан бастаймыз.

1. «Кәсіби ниет» тесті (Я.С. Сунцова). Күнделікті өмірде адамның ниеті оның іс-әрекет ету мақсатын анықтайды, атап айтқанда болашақтағы кәсіби қызметке деген ұмтылысын білдіреді. Тұлға өзінің жеке жеке ерекшеліктерін шынайы бағалап, кәсіби мамандығы туралы нақты көзқарасы болса ол өзінің кәсіби іс-әрекетті сәтті атқара алады.

Кәсіби ниеттер кәсіптік беделімен тікелей байланысты, бұл көбінесе оның бұқаралық сипатымен кері байланысты. Кәсіби ниеттің тұрақтылығы білім алушылардың мамандық талаптарын білумен, оның қиындықтары туралы нақты түсінумен және оны жеңуге дайындығымен байланысты.

Кәсіби оқыту үдерісінде білім алушылардың болашақтағы таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істеуге деген ниеті өзгеруі мүмкін. Ниет - көзделген нәтижеге жетуге бағытталған жоспарланған бағдарламаға сәйкес әрекетті аяқтауға деген саналы ұмытылыс. Ниет - бұл аффективті және интеллектуалды компоненттер ажырамас бірлікте пайда болатын, адамның психикалық дамуы үдерісінде пайда болатын жаңа функционалды формация. Ниет - бұл адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыру мен жоспарлау қызметін атқаратын саналы шешім. Ол адамның мінез-құлқын ұйымдастырады, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз еркімен әрекет етуге мүмкіндік береді.

Ниет, біріншіден, қызметтің мақсаты алыста және оған жету кешіктірілгенде, екіншіден, қажеттілікті қанағаттандыруға тікелей қол жеткізуге болмайтын кезде, бірақ ынталандыру жоқ аралық мақсаттарға жетуді қажет ететін кезде қалыптасады.


Кәсіби ниеттер - бұл кәсіби өзін-өзі анықтауға негізделген қызметтің белгілі бір түрін меңгеруге және оны жетілдіруге бағытталған саналы ынталандыру жиынтығы (Қосымша Г).

Алынған тест нәтижелері білім алушылардың мамандық таңдаудағы кәсіби ниеттерін төмендегі бес көрсеткіш бойынша анықтауға мүмкіндік берді (9-кесте).


Кесте 9 – "Кәсіби ниет" тесті бойынша алынған нәтижелер

Көрсеткіштер	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Эксперименттік топ)		Қазақ ұлттық аграрлық университеті сіздер (Бақылау тобы)	
	білім алушылар саны	пайыздық өлшемі, %	білім алушылар саны	пайыздық өлшемі, %
Субъектілердің өмірлік жоспарлары	12	30	9	30
Қызығушылық және кәсіби ниет	10	25	8	26,7
Мамандық туралы білім	6	15	5	16,7
Өзінің мамандыққа жарамдылығын бағалау	6	15	4	13,3
Кәсіби бағдар жұмысының тиімділігі	6	15	4	13,3

Кестедегі мәліметтерді талдау негізінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің білім алушыларының мамандық таңдаудағы кәсіби ниетінің басым бөлігі қызығушылықтарына және өмірлік жоспарларына сәйкес таңдалғанын көруге болады (5-сурет). Қазақ ұлттық аграрлық университетінің білім алушыларының кәсіби ниет сауалнамасының нәтижесі білім алушылардың қызығушылықтары мен өмірлік жоспарларына сәйкес таңдалғанын анықтауға мүмкіндік берді (6-сурет).



Сурет 5 – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті білім алушыларының кәсіби ниеті



Сурет 6 – Қазақ ұлттық аграрлық университеті білім алушыларының кәсіби ниеті

Атап өтетін жайт екі университеттің де білім алушылары мамандық таңдауда өздерінің өмірлік жоспарлары мен қызығушылықтары және кәсіби ниеттері жоғары екендігін көрсетті, сонымен қатар кесте мен суреттен байқағанымыздай мамандық туралы білімдері мен өздерінің мамандығына жарамдылығын бағалаудың көрсеткіштері шамалас. Бұл білім алушылар арасында мамандығына деген қызығушылығын оятуға бағытталған жұмыстар жүргізілу керектігін көрсетті.

2-әдістеме. Мамандық таңдаудағы мотивтер анкетасы (Я.С. Сунцова) [163]. Әдістеменің мақсаты білім алушылардың мамандықтарын таңдаудағы мотивациясын анықтау арқылы қалыптастыру экспериментін мамандықтарына деген сүйіспеншілігін оятуға бағыттауға негіз бола алады (Қосымша Д).

Нәтижелерді өңдеу және түсіндіру: Әр бағандағы (А, В, С) плюс белгілерін бөлек санаңыз. Қай бағанда плюстер басым сол баған мамандық таңдау мотивациясын көрсетеді:

1. А бағанында басым болса - Беделді мамандықты таңдау мотивтері басым, қоғамда көрнекті орынға ие болуға, өзінің жоғары ұмтылысын жүзеге асыруға деген айқын ниет пайда болады.


2. Б бағанында басым болса - Материалдық әл-ауқаты көтеру үшін табыс табу ұмтылысы басым.

3. В бағанында басым болса - шығармашылық жұмысқа ұмтылу, таңдаған мамандығына қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеру және жаңа технологияларға деген қызығушылық.

Жүргізілген әдістеменің нәтижесін талдау барысында екі топтың білім алушыларыда мамандық таңдауда қоғамдағы беделді мамандықтарға және табысы көп мамандықтарға қызығушылықтары басым екендігін көрсетті. Қазіргі таңда педагог мамандығының қоғамдағы беделді және табысы көп мамандықтың біріне айналып келе жатқандығын және бұл мамандықта маман шығармашылықпен үнемі жұмыс істейтінін ескерсек аталған сауалнаманың нәтижесі қалай болғанда да педагог мамандығының қыр сырын ашып тұр. Әдістеменің нәтижелерін талдау қорытындылары 10-кесте және 7-суретте көрсетілген.

Кесте 10 – Мамандық таңдаудағы мотивтер анкетасы нәтижелері

Көрсеткіштер	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Эксперименттік топ)		Қазақ ұлттық аграрлық университеті (Бақылау тобы)	
	білім алушылар саны	пайыздық өлшемі, %	білім алушылар саны	пайыздық өлшемі, %
А бағаны (Беделді мамандық)	18	45	12	40
В бағаны (Материалдық әл- ауқат)	15	37,5	13	43,4
С бағаны (Шығармашылық)	7	17,5	5	16,6



Сурет 7 - Білім алушылардың мамандық таңдау мотивін анықтау сауалнама нәтижесі


Жоғарыда көрсетілген салыстырмалы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде анықталды:

Мамандық таңдау – күрделі динамикалық процесс, сондықтан оның табысты болуы объективтік және субъективтік шарттарға яғни, әлеуметтік ортаға, өмірлік бағдарларға байланысты болып келеді. Сырттан келетін әсер етуші стимул ортақ болғанымен, бір жағдайға адамдар түрліше қатынас білдіреді, әрбір адамның жауап беру реакциясы әр түрлі болады. Яғни, кез-келген адамның жеке даралығын да осыдан көре аламыз.

Сонымен қатар, білім алушылардың педагогикалық мамандықты таңдау мотивін зерттеу мақсатында Т.И. Ильинаның "Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы" әдістемесі жүргізілді. Әдістеме авторы жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясын зерттеу әдістемесін дайындау барысында үш пайдаланады: "Білімді меңгеру" шкаласы (білімді меңгеруге талаптану, білуге құштарлық); "Мамандықты меңгеру" шкаласы (кәсіптік білімді меңгеруге және кәсіби маңызды қасиет сапаларды қалыптастыруға талпыну); "Диплом алу" шкаласы (емтихандар мен сынақтарды тапсыруда жеңіл жолды іздестіруге және білімді формалды (үстірт) меңгеріп дипломды алуға ұмтылу) [164].

Зерттеу барысында осы әдістеменің нәтижесін талдау бақылау тобының 33% және эксперименттік топтардағы 33% білім алушылардың -"Мамандықты меңгеру" шкаласына сәйкес болашақ мұғалім ретінде кәсіби іс-әрекеттеріне қызығушылықтары бар екенін, бақылау тобының 40% және эксперименттік топтардағы 42% білім алушылардың -"Білімді меңгеру" шкаласына сай жоғары оқу орнын өздері сүйіп оқитын пәндермен ғана байланыстыратынын, ал білім алушылардың бақылау тобының 27% және эксперименттік топтардағы 25%-ы -

"Диплом алу" шкаласы бойынша мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне, не бір пәнге қызықпай, әйтеуір диплом алу үшін ғана оқитындарын анықтауға мүмкіндік туғызды (8-сурет).




Сурет 8 – Т.И. Ильинаның "Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы" әдістемесінің нәтижесі

Бұл әдістеменің бірінші шкаласы бойынша тұлғаның жаңа ақпараттарды меңгеруге жалпы ұмтылысы, білуге құштарлығы, ал екінші шкаласында болашақ маманның қалыптасуына қажетті маңызды сапаның қалыптасуына мүмкіндік беретін кәсіби салада білімді меңгеру ынтасы, үшінші шкаласы арқылы емтихан тапсыруда жеңіл жолды іздестіруге және білімді формальды меңгеріп дипломды алуға ұмытылуы бағаланады. Әдістемені қолдану арқылы біз білім алушылардың дуальды оқытуда мұғалім мамандығын саналы таңдау деңгейін, оқу әрекетіне ішкі және сыртқы мотивтердің құрылымын анықтау әрі дуальды оқытуда білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үдерісін ұйымдастыру кезінде тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасы жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мүмкіндіктерін ескеруге ықпал етеді.

Мазмұндық компонентін іске асыру барысында "Білім алушылардың дуальды оқыту жүйесіне деген көзқарасы қандай" (Ж.Е. Алшынбаеваның авторлық сауалнамасы шығармашылықпен қолданылды) сауалнамасы жүргізілді [80, б. 132]. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың кәсіби іс-әрекетінің мәнін жақсы түсінетіндегі анықталып, оның ерекшеліктерін ажырата алатындығы байқалды, мамандық бойынша нақты кәсіби білік, дағдыларының жеткілікті деңгейде екендігі дәлелденді.


Жүргізілген зерттеуде В.И. Андреевтің [165] жеке тұлғаның интеллигенттің бәсекеге қабілеттілігін және шығармашылық қабілеттерін

дамытып бағалауға арналған "Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау" әдістемесі қолданылды (9-сурет), әдістеменің нәтижесін өңдеу негізінде бақылау тобында 17,5%-ы төменгі деңгейді көрсетсе, эксперимент тобында бұл көрсеткіш 20%-ті көрсетті, Ал бақылау тобында орта деңгейде 42,5%-ы, ал эксперименттік топтың 37,5%-ті көрсетті. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейінің жоғары көрсеткіші бақылау тобының 40%-ті, ал эксперименттік топтың 42,5%-ында анықталды. Әдістемені нәтижелі қолданып жүргізіу мақсатымыз, білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін дуальды оқыту жағдайында заман талабына сай жаңашыл бәсекеге қабілетті және жоғары оқу орнындағы меңгерген білім, білік, дағдыларын өндірісте ұтымды қолданып, өндірістің үздіксіз дамуына ілесу мүмкіндіктерін арттыру. Бүгінгі күннің талабы еңбек нарығында жоғары бәсекеге тойтарыс беруге қабілетті кәсіби білікті мамандарды дайындау болып табылады.




Сурет 9 – Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау нәтижесі

Тұлғаның дамуы мен маман ретінде қалыптасуында шешуші ролді еңбек ету үдерісі атқаратындығы белгілі. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі еңбек тәрбиесінің міндеті - білім алушыларды еңбексүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбек дағдысына үйрету және олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда еңбек сүйгіштік және кәсіби біліктілігін жетілдірудің маңызы ерекше. Өйткені білім алушы берілген тапсырманы ғана орындамайды, сабақтан тыс жұмыстарда өз ойын жаңашыл идеяларын әрдайым жетілдіріп, жаңа туындылар шығарады. Осының негізінде білім алушылардың еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында - "Еңбек сүйгіштік және жұмысқа қабілетін бағалау" әдістемесі жүргізілді (10-сурет).



Сурет 10 – Еңбек сүйгіштік және жұмысқа қабілетін бағалауын анықтау нәтижесі

Жоғары кәсіптік білім білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың өзін-өзі дамыту қабілеттерін салыстырмалы түрде жетілдіру мақсатында "Өзін-өзі дамыту және өз білімін жетілдіру қабілетін бағалау" (11-сурет) әдістемесі жүргізілді. Әдістеменің нәтижелері қорытындыланып, төменде көрсеткіштер арқылы берілді.



Сурет 11 – Өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру қабілетін бағалауын анықтау нәтижесі

Анықтау экспериментінің барысында жүргізілген жұмыстардың жоғарыда көрсетілген нәтижесі бізге жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді мазмұндық жағынан толықтырып, арнайы қалыптастыру қажеттігіне көз жеткізді. Бұл жұмыстарың мазмұны келесі бөлімде кеңінен сипатталады.

3.2 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұндық сипаты

Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарындағы элективтік пәндер каталогын ЖОО-да білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік туғызатындай арнайы курспен мазмұнын толықтыру; өндірістегі тәжірибелік сабақтардың міндеттері мен мазмұнын нақтылау; білім алушыларды кәсіби мамандығына бейімдеу тренингтерін енгізу; жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқыту үдерісінде және білім алушылардың оқудан тыс жұмыстарын күшейту, кәсіби бейімделуі мен кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін жұмыстарды ұйымдастырып өткізу қажеттілігі айқындалды.

Осыған орай зерттеуімізде білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқыту жағдайында жетілдірудің әдістемелік кешенін жасау міндеті қойылды.

"Әдістеме" ұғымы грек сөзі "methodike" қазақшаға аударғанда жол дегенді білдіреді де, келесі мағыналарда мазмұндалады: біріншіден, әдістер жиынтығы; екіншіден, оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ғылым; үшіншіден, педагогиканың жеке пәндерінен берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы [166].

Әдістеме білім алушыларды тәрбиелеу оқыту үдерістерінің заңдылықтарын зерттейді. Сондықтан оқытудың әдістемесі кез келген пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі мен оқыту теорияларын қолдану болып табылады. Бүгінде әдістеме білім беру технологияларын пайдалану элементтеріне негізделеді, олардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемесі қолданылады. М.В.Клариннің пікірінше, әдістеме - бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылатын барлық тұлғалық, жабдықтық, әдістемелік құралдардың жұмыс істеу реті және жүйелі жиынтығы [167].

ЮНЕСКО-ның құжаттарында әдістемеге "оқыту, білімді игеру процесінде техникалық, адамдық ресурстарды және олардың өзара әрекеттесулерін есепке ала отырып, білім беру реформаларын оңтайландыруға мақсат қойған жүйелі әдіс" деген анықтама беріледі [168].

Әдістеме жасаудың мәні білім алушылардың базалық және бейіндік пәндер бойынша алған білімдеріне сүйеніп, дүниетанымдық көзқарастарын, ой-тұжырымдары мен пікірлерін қалыптастырып, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру.

Ұсынылып отырған әдістеме білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін дуальды оқыту жағдайында кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасу арқылы жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталады.

Әдістеменің мақсаты: жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіруде оқу және оқудан тыс іс-әрекет түрлерінің тапсырмаларын орындау, тәжірибелік іс-әрекетте кәсіби біліктіліктерін жетілдіру.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін дайындалған әдістеме "Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы" атты элективті курсы және

оның деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін "Дуальды оқытудың теориясы мен әдістемесі" атты оқу құралынан тұрады.

Зерттеу жұмысында дайындалған әдістеменің "Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы" элективті курсы білім алушыларға арналады. Ол элективті курс бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесі құрастырылып, оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге ықпал ететін жүйелі кәсіби іс-әрекеттер белгіленді.

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсын 6M012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы модульдік білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына және С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің білім беру үдерісіне енгізілді.

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының негізгі мақсаты – магистранттардың жоғары оқу орны мен өндірістің болашақ мамандарды дайындау ісінде бірігіп, біртұтас педагогикалық үдерісін жобалау, жоспарлау және ұйымдастыру біліктіліктерін жетілдіру.

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының негізгі міндеттері:

1. Дуальді оқытудың теориялық негіздері бойынша білімдерді қалыптастыру.

2. Әлемдік және Қазақстандық дуальді оқыту жүйесінің тарихы, қазіргі жағдайы және даму тенденцияларымен таныстыру.

3. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі және дуальді оқыту жағдайындағы заманауи оқыту технологиялары туралы білімдер және оларды жобалау және пайдалану дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру.

4. Жоғары оқу орнындағы және өндірістегі біртұтас педагогикалық үдерісті жобалау, жоспарлау және ұйымдастыру біліктіліктерін жетілдіру.

5. Жоғары оқу орнында дуальді оқыту жағдайында өздерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге және кәсіби шеберліктерін арттыруға сондай-ақ үздіксіз өзіндік дамуға баулу.

Білім алушы «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсын оқу нәтижесінде: жоғары кәсіптік білім беру жүйесіне дуальді оқытуды еңгізу мәселелері мен даму тенденцияларын; дуальді оқыту жағдайында кәсіби біліктілікті жетілдірудің теориялық негіздерін; әдістемесі мен технологиясын; жоғары оқу орны мен кәсіпорындағы өндірістің бірлескен білім беру үдерісін басқару және ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуі керек.

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсын оқу нәтижесінде *білім алушы*: дуальді оқыту жағдайында білім беру және оны әрі қарай дамыту; дуальді оқыту жағдайында оқытудың заманауи технологияларын пайдалануды; дуальді оқыту жағдайында коммуникативті өзара әрекеттестіктің негізгі түрлерінде бақылаусыз оқытудың құралдары мен технологияларды; дуальді оқытудың өзекті мәселелерін шешу, қол жеткізген нәтижелерді бағалауды; білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқаруды тарихы мен даму кезеңдерін *меңгеруі тиіс*.

Білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үшін және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, «Дуальды оқытудың теориясы мен

практикасы» элективті курсы бойынша дәрістер, дискуссия, дебат, әңгімелер мен пікірталастар және тренингтер жүргізу арқылы жүзеге асырылды (11, 12-кестелер).

Кесте – 11 "Дуальды оқыту теориясы мен практикасы" элективті курсының мазмұны

Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Дәріс сабағының сағат саны	Тәжірибелік сабақтың сағат саны	Білім алушының оқытышымен бірескен өзіндік жұмысы	Білім алушының өзіндік жұмысы
Дуалды оқытудың теориялық негіздері	8	6	6	20
Дуальды оқытудың мәні және ерекшелігі	11	7	7	30
Дуальды оқыту жүйесіндегі кәсіби дайындау мазмұны	4	3	3	10
Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың еңбегін әлеуметтік қорғау	3	2	2	10
Дуальды оқытуды әдістемелік қолдау және әдістемелік қызмет көрсету	4	2	2	10
Барлығы	30	20	20	80

Кесте – 12 "Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы" элективті курсының дәріс сабақтарының тақырыптық жоспары

<i>Бөлімдер мен тақырыптар атауы</i>	Сағат саны
1	2
<i>Дуалды оқытудың теориялық негіздері</i>	
Дуальды оқыту-тәжірибеге бағытталған ғылыми пән ретінде. Дуальды оқытудың объектісі мен пәні. Дуальды оқытудың мақсат міндеттері. Дуальды оқытудың негізгі категориялары	1

12-кестенің жалғасы

1	2
Жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары	1
Дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуы	1
Педагогика ғылымында дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу деңгейі	1
Дуальды оқытудың әдіснамасы: тұжырымдамалар, әдістер-тәсілдер, заңдар, заңдылықтар мен қағидалар.	1
Шетелде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері (Германия, Ресей, Белоруссия және т.б.)	1
Қазақстанда дуальды оқыту жүйесінің дамуына әсер ететін факторлар және оның даму тенденциялары	1
ТжКББ мен ЖОО дуальды оқыту жүйесі моделін салыстырмалы талдау	1
Дуальды оқытудың мәні және ерекшелігі	
Дуальды оқытуға қатысушылардың кәсіби міндеттері мен қызметі (өндіріс, ЖОО және т.б.)	1
Дуальды оқытуді жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестік.	1
Дуальды оқытудағы педагог қызметінің ерекшеліктері	1
Педагогикалық білім беру бағдарламаларының сипаттамалары	1
Дуальды оқыту жүйесіндегі педагог-тәлімгер тұлғасына қойылатын талаптар	1
Дуальды оқыту жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттіліктерін қалыптастыру	1
Педагогтың кәсіби стандарты	1
Дуальды оқытудағы тәлімгерлер мектебі	1
Дуальды оқытудағы мамандар ассоциациясы	1
Дуальды оқытуға қатысушылардың кәсіби этика стандарттары	1
Дуальды оқыту жүйесіндегі кәсіби дайындау мазмұны	
Дуальды оқытуды жоспарлау (оқу жұмыс жоспары, академиялық күнтізбе, сабақ кестесі)	1
Модульдік білім беру бағдарламасын (МББ, Элективті пәндер каталогы) жұмыс берушінің қатысуымен қалыптастыру ерекшелігі	1
Пәннің модульдік білім беру бағдарламасын дайындау ерекшелігі (Силлабус, пәннің ОӘК)	1
Дуальды оқыту жүйесінде оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары	1
Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың еңбегін әлеуметтік қорғау	

12-кестенің жалғасы

1	2
Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау.	1
Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың құқығын қоғау	1
Дуальды оқыту жүйесінде техникалық қауіпсіздік шараларын сақтау	1
ЖОО дуальды оқытуды ұйымдастыру және басқару	1
Дуальды оқытуды әдістемелік қолдау және әдістемелік қызмет көрсету	1
Дуальды оқыту жүйесінде білім беру мекемелеріндегі орталықтар немесе Ғылыми-әдістемелік қызмет (академиялық кеңес)	1
ЖОО дуальды оқытуды реттейтін ресми құжаттар (ЖОО дуальды оқыту дың дамуы мен іске асырылу бағдарламасы, кәсіпорындармен келісім шарт жасау)	1
Дуальды оқытуды іске асыруға қатысушыларды дайындау және қайта дайындау	1

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының мазмұны.

Бөлім 1 Дуалды оқытудың теориялық негіздері.

Тақырып 1.1. Дуальды оқыту-тәжірибеге бағытталған ғылыми пән ретінде. Дуальды оқытудың объектісі мен пәні. Дуальды оқытудың мақсат міндеттері. Дуальды оқытудың негізгі категориялары. Тақырыпта дуальды оқытуға анықтама беріліп, объектісі мен пәні, дуальды оқытудың мақсат міндеттері анықталған және негізгі категориялары көрсетілген.

Тақырып 1.2. Жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары.

Қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарындағы дуальды оқытуды ұйымдастыру жағдайы. С. Сейфуллиан атындағы Қазақ агротехникалық университетінің факультеттеріндегі білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары қарастырылады.

Тақырып 1.3. Дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуы.

Дуальды оқыту ұғымына философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген анықтамалардың мәні мен маңыздылығын талдау. Әлемдік тәжірибедегі дуальды оқыту жүйесінің дамуы мен қалыптасу тарихына шолу.

Тақырып 1.4. Педагогика ғылымында дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу деңгейі.

Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу деңгейін педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде анықтау. Қазақстанда және алыс жақын шетелдердегі дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу жағдайын анықтау.

Тақырып 1.5. Дуальды оқытудың әдіснамасы: тұжырымдамалар, әдістер-тәсілдер, заңдар, заңдылықтар мен қағидалар

Қазақстан Республикасында дуальды оқытуды енгізуге байланысты қалыптасқан ресми құжаттар. "Қазақстан Республикасында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары" атты құжатты талдау.

Тақырып 1.6. Шетелдерде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері (Германия, Ресей, Белоруссия және т.б.).

Германияда дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Белоруссияда дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Ресейде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Тақырып 1.7. Қазақстанда дуальды оқыту жүйесінің дамуына әсер ететін факторлар және оның даму тенденциялары.

Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың дамуына ықпал ететін факторлар. Қазақстан Республикасында жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың дамуына әсер ететін факторлар. Жоғары және техникалық кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудың даму тенденциялары.

Тақырып 1.8. ТЖКББ мен ЖОО дуальды оқыту жүйесі моделін салыстырмалы талдау.

Шетелдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту моделі. Шетелдегі жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту моделі. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім берудегі және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудағы мамандарды кәсіби дайындау моделін салыстырмалы талдау.

Бөлім 2. Дуальды оқытудың мәні және ерекшелігі

Тақырып 2.1. Дуальды оқытуға қатысушылардың кәсіби міндеттері мен қызметі (өндіріс, ЖОО және т.б.).

Дуальды оқыту жүйесін іске асырушылардың бірі жоғары оқу орнының кәсіби міндеттері мен қызметтері. Дуальды оқытуды іске асыратын кәсіпорынның кәсіби міндеттері мен қызметтері. Дуальды оқытуға қатысушы білім алушының кәсіби міндеттері мен қызметтері.

Тақырып 2.2. Дуальды оқытуді іске асырудағы әлеуметтік серіктестік.

Дуальды оқытуды іске асырудағы әлеуметтік серіктестіктің мақсаты мен маңыздылығы. Әлеуметтік серіктестік кәсіби білікті маманға тапсырыс беруші ретінде. Жоғары оқу орнында білім беру бағдарламаларын дайындаудағы әлеуметтік серіктестіктің ықпалы.

Тақырып 2.3. Дуальды оқытудағы мұғалімнің педагогикалық қызметтің ерекшеліктері.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудағы мұғалімнің педагогикалық қызметінің мақсаты. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды іске асыратын мұғалімнің педагогикалық қызметінің ерекшелігін анықтау. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуға қатысушы мұғалімнің педагогикалық этикасы.

Тақырып 2.4. Педагогикалық мамандықтар және білім беру бағдарламаларының сипаттамалары.

Педагогикалық мамандықтарға сипаттама. Педагогикалық мамандықтардың модульдік білім беру бағдарламаларының мақсат, міндеттері. Педагогикалық мамандықтардың модульдік білім беру бағдарламаларын салыстырмалы талдау.

Тақырып 2.5. Дуальды оқыту жүйесіндегі педагог (тәлімгер) тұлғасына қойылатын талаптар.

Дуальды оқыту жүйесіндегі педагог (тәлімгер). Дуальды оқыту жүйесіндегі педагогтің (тәлімгер) мақсат, міндеттері. Дуальды оқыту жүйесіндегі педагог (тәлімгер) тұлғасына қойылатын талаптарды талдау.

Тақырып 2.6. Дуальды оқыту жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігі. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігін қалыптастыру мәні. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын анықтау.

Тақырып 2.7. «Педагогтың» кәсіби стандарты.

«Педагогтың» кәсіби стандартының мақсат, міндеті. «Педагогтің» кәсіби стандарты мазмұны мен құрылымы. «Педагогтің» кәсіби стандартында анықталған маманның кәсіби өсу деңгейлері мен көрсеткіштерін талдау.

Тақырып 2.8. Дуальды оқытудағы тәлімгерлер мектебі.

Әлемдік тәжірибедегі тәлімгерлер мектебінің қалыптасу тарихы. Германияның білім беру жүйесіндегі тәлімгерлер мектебінің мақсаты мен міндеттері және ерекшелігі. Қазақстандағы тәлімгерлер мектебінің қалыптасу ерекшелігі мен даму тенденциялары.

Тақырып 2.9. Дуальды оқытудағы мамандар ассоциациясы.

Дуальды оқыту жүйесіндегі мамандар ассоциациясының орны. Әлемдік тәжірибедегі мамандар ассоциациясының дуальды оқыту жүйесіне қатысушы ретінде анықталуы. Мамандықтың кәсіби стандарттарын даярлаудағы салалалық мамандар ассоциациясының ролі мен қызметін анықтау.

Тақырып 2.10 Дуальды оқытуды іске асырушылардың кәсіби этика стандарттары

Дуальды оқыту жүйесіндегі педагогтың кәсіби этика стандарты. Дуальды оқытудағы жұмыс берушінің өндірістегі кәсіби этика стандарты. Дуальды оқытудағы білім алушылардың кәсіби этика стандарты.

Бөлім 3. Дуальды оқыту жүйесіндегі кәсіби дайындау мазмұны.

Тақырып 3.1. Дуальды оқытуды жоспарлау (оқу жұмыс жоспары, академиялық күнтізбе, сабақ кестесі).

Дуальды оқытуды іске асыратын мамандықтың оқу жұмыс жоспарының ерекшелігі, мазмұны. Дуальды оқытуды іске асыратын мамандықтың академиялық күнтізбесінің мазмұны және ерекшелігі. Дуальды оқытуды іске асыратын мамандықтың сабақ кестесінің ерекшелігі.

Тақырып 3.2. Модульдік білім беру бағдарламасын (МББ, Элективті пәндер каталогы) жұмыс берушінің қатысуымен қалыптастыру ерекшелігі.

Дуальды оқытуды іске асыратын мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны мен ерекшелігін талдау. Дуальды оқытуды іске асыратын мамандықтың элективті пәндер каталогының мазмұны мен ерекшелігін талдау.

Тақырып 3.3. Пәннің модульдік білім беру бағдарламасын дайындау ерекшелігі (Силлабус, пәннің ОӘК).

Пәннің модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымы. Дуальды оқыту жүйесіндегі пәндердің силлабусын дайындау ерекшелігі, мазмұны. Дуальды оқыту жүйесіндегі пәндердің оқу әдістемелік кешенінің мазмұнын талдау және мақсат міндеттерін айқындау.

Тақырып 3.4. Дуальды оқыту жүйесінде оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары.

Жоғары оқу орнында дуальды оқытуды ұйымдастыру ұйымдастыру ерекшелігі. Дуальды оқыту жүйесіндегі теориялық оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдері. Дуальды оқыту жүйесіндегі тәжірибелік оқытудың мазмұны мен ерекшеліктері.

Бөлім 4. Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың еңбегін әлеуметтік қорғау.

Тақырып 4.1. *Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау.*

Дуальды оқыту жүйесінде өндірістегі білім алушының жұмыс орны. Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушының кәсіби өсуінде тәлімгердің ықпалы. Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушының кәсіби өсуінде оңтайлы жағдай жасау мүмкіндіктерін анықтау.

Тақырып 4.2. *Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың құқығын қозғау.*

Қазақстан Республикасының заңнамалық жүйесінде қалыптасқан құжаттар негізінде дуальды оқыту жүйесінде білім алушылардың құқығын қозғау. Білім туарлы заңдағы білім алушылардың құқықтары анықталған баптарды талдау. ҚР "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары" құжатындағы білім алушылардың құқығын айқындайтын баптарды талдау.

Тақырып 4.3. Дуальды оқыту жүйесінде техникалық қауіпсіздік шараларын сақтау.

Дуальды оқыту жүйесінде білім алушылар өндірістегі сақтауы тиіс техникалық қауіпсіздік ережелерінің мазмұны. Өндірістегі техникалық қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығы.

Бөлім 5. ЖОО дуальды оқытуды ұйымдастыру және басқару.

Тақырып 5.1. Дуальды оқытуды әдістемелік қолдау және әдістемелік қызмет көрсету.

Дуальды оқыту жүйесінің әдістемелік мазмұнын анықтау. Дуальды оқытуды әдістемелік қамтамасыз етіп және әдістемелік қызмет көрсететін ғылыми-әдістемелік орталықтардың маңызыдылығын айқындау. Ғылыми-әдістемелік орталықтардың құрылымын зерттеу.

Тақырып 5.2. Дуальды оқыту жүйесінде білім беру мекемелеріндегі орталықтар немесе Ғылыми-әдістемелік қызмет (академиялық кеңес).

Дуальды оқыту жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ететін ортақалықтың қажеттілігінің мәні айқындау. Ғылыми-әдістемелік қызмет көрсету орталығының мүшелерін анықтау, олардың мақсат міндеттерін жүйелеу. Ғылыми-әдістемелік қызмет көрсету орталығының негізгі көрсететін қызмет мазмұны мен мүмкіндіктерін зерделеу.

Тақырып 5.3. ЖОО дуальды оқытуды реттейтін ресми құжаттар (ЖОО дуальды оқытудың дамуы мен іске асырылу бағдарламасы, кәсіпорындармен келісім шарт жасау)

Жоғары оқу орнында дуальды оқытудың іске асырылу бағдарламасының мазмұнымен болашаққа дайындалатын жоспарының маңыздылығын зерттеу. Дуальды оқыту жүйесіне қатысушылардың арасында жасалатын үш жақты келісім шарт мазмұнын талдау. Келісім шарттың мақсат міндеттерінмен негізгі заңнамалақы тұғырын анықтау.

Тақырып 5.4. Дуальды оқытуды іске асыруға қатысушыларды дайындау және қайта дайындау

Дуальды оқытуды іске асырушыларды дайындаудың көкейтестілігін ашып көрсету. Дуальды оқытуды іске асыруға қатысушылардың біліктілігін арттырып отыру маңыздылығы және қайта даярлаудың перспективалық жоспарын құру.

Элективті курс мазмұны екі бөлімнен тұрады: теориялық және тәжірибелік. Теориялық бөлімде дуальды оқытудың теориялық негіздері берілсе, оқу курсының тәжірибелік бөлімі білім алушылардың кәсіби қызметіне қажетті іскерліктер мен дағдыларын игеруге және кәсіби-тұлғалық маңызды сапаларын дамытуға бағытталады.

Элективті курстың теориялық және тәжірибелік бөлімдерін оқытуда жаңа оқыту технологиялары мен репродуктивті және белсенді оқыту әдістері қолданылды [131, с. 97]. Оқу курсының тәжірибелік бөлімінде білім алушыларғы арналған арнайы тәжірибелік тапсырмалар мен сұрақтар әзірленген.

Тәжірибелік тапсырмалар мен сұрақтар

№1 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытудың теориялық негіздері.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, "дуальды ", "оқыту", "дуальды оқыту" ұғымдарының анықтамасын жазыңыз Дуальды оқытудың обекітісі мен пәнін анықтау.

2. Дуальды оқыту жүйесіндегі оқытудың обекітісі, пәні және мақсат міндеттерін анықтаңыз және кесте құрастырыңыз.

3. Дуальды оқытудың негізгі категорияларын айқындаңыз.

4. "Дуальды оқытудың обекітісі, пәні және мақсаты мен міндеттері" атты тақырыпта топтық пікірталас.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Дуальды оқытудың обекітісі?

2. Дуальды оқытудың пәні?

3. Дуальды оқытудың мақсаты?

4. Дуальды оқытудың негізгі міндеттері?

5. Дуальды оқытудың негізгі категорияларына сипаттама беріңіз.

№2 тәжірибелік сабақ. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары (Техникалық, Агрономиялық факультет).

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техникалық факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

2. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің агрономиялық факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

3. Екі факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін салыстыра отырып кесте арықылы бейнелесіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Техникалық факультетте дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

2. Агрономиялық факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

3. Техникалық факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

4. Агрономиялық факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

№3 тәжірибелік сабақ. Білім беру бағдарламалары мазмұнындағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1 С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

2 С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

3 Екі факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін салыстыра отырып кесте арықылы бейнелесіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетте дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

2. Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

3. Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

4. Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

№4 тәжірибелік сабақ. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттары (Энергетикалық, Экономикалық факультет факультет).

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің энергетикалық факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

2. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің экономикалық факультетінде білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) кәсіби дайындаудағы дуальды оқытуды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау.

3. Екі факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін салыстыра отырып кесте арықылы бейнелесіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Энергетикалық факультетте дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

2. Экономикалық факультеттегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін атаңыз?

3. Энергетикалық факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

4. Экономикалық факультетте дуальды оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын дайындаудың ерекшеліктері?

№5 тәжірибелік сабақ. Әлемдік тәжірибеде және Қазақстандағы дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуы

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Әлемдік тәжірибедегі дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуының хронологиялық кестесін дайындау.

2. Қазақстандағы дуальды оқытудың даму тарихы мен қалыптасуының хронологиялық кестесін дайындау.

3. Екі кестені топтық пікір сайыста салыстырмалы талдау жасау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Әлемдік тәжірибедегі дуальды оқытудың дамуы кезеңдерін атаңыз?

2. Қазақстан дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуы кезеңдерін атаңыз?

3. Әлемдік тәжірибе мен Қазақстандағы дуальды оқытудың дамуы мен қалыптасуындағы ерекшеліктер?

№6 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының қазіргі зерттелу деңгейі.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Ғылыми-педагогикалық еңбектерге талдау жасау арқылы шетелдердегі дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу деңгейін анықтаңыз.

2. Қазақстанда дуальды оқытуды еңгізу бойынша жүргізіліп жатқан іргелі және ғылыми зерттеулерді талдау.

3. "Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальды оқытудың толықтай енуінің мүмкіндіктері" тақырыбында топтық пікір талас.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сын зерттеген қандай шетелдік ғалымдарды атай аласыз?

2. Шетелдік әдебиеттерде дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының зерттелу деңгейі?

3. Дуальды оқытудың зерттеген Қазақстандық ғалымдарды атаңыз?

4. Дуальды оқытудың теориясы мен тәжірибе сының ғылыми негіздерін ашуға бағытталған қандай ғылыми еңбектерді талдадыңыз?

№7-8 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытуды іске асыруға қажетті тұжырымдамалар, әдістер-тәсілдер, заңдар, заңдылықтар мен қағидалар.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Дуальды оқытуды іске асыруға қажетті тұжырымдамалар мен әдіс-тәсілдерді талдау.

2. Дуальды оқытуды іске асыруға қажетті заңдылықтар мен заңдарды талдау.

3. Қазақстан Республикасында бекітілген "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидасының" мазмұнын талдау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Дуальды оқытуды іске асыруға қажетті қандай тұжырымдамалар мен әдіс-тәсілдерді анықтадыңыз?

2. Дуальды оқытуды іске асыруға қажетті заңдылықтар мен заңдарды анықтадыңыз?

3. Қазақстан Республикасында бекітілген "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидасының" мақсаты мен міндеттері, құрылымын атаңыз?

4. Қазақстан Республикасында бекітілген "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидасында көрсетілген дуальды оқытуды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін атаңыз?

5. Қазақстан Республикасында бекітілген "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидасында көрсетілген дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функцияларын атаңыз?

№9 тәжірибелік сабақ. Германия, Ресей, Белоруссия елдерінде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Германия елінде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтау.

2. Ресей елінде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін талдау.

3. Белоруссия елінде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеу.

4. Үш елдің білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін салыстырмалы кестеде бейнелеңіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Германия елінде дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшелігі қандау?

2. Ресей елінде дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін атаңыз?.

3. Белоруссия елінде анықталған дуальды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері қандай?

№10 тәжірибелік сабақ. ТЖКББ мен ЖОО дуальды оқыту жүйесі моделін салыстырмалы талдау.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту моделін қарастыру.

2. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту моделін зерттеу.

3. Техникалық және кәсіптік білім берудегі және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытудағы мамандарды кәсіби дайындау моделін салыстырмалы талдаңыздар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін атаңыз?

2. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқыту ды ұйымдастыру ерекшеліктерін атаңыз?

3. Техникалық және кәсіптік білім берудегі және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды ұйымдастырудың айырмашылықтарын салыстырыңыз.

№11 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытуді іске асырудағы әлеуметтік серіктестік.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Дуальды оқыту жүйесін іске асырушы әлеуметтік серіктестіктің кәсіби міндеттері мен қызметтерін анықтау.

2. Модульдік білім беру бағдарламаларын дайындаудағы әлеуметтік серіктестіктің рөлін анықтау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Әлеуметтік серіктестік деген кім?

2. Әлеуметтік серіктестің қызметін атаңыз?

3. Әлеуметтік серіктестіктің білім бағдарламаларын дайындаудағы үлсін атаңыз?

№12 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытудағы мұғалімнің педагогикалық қызметтің ерекшеліктері

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Дуальды оқыту жүйесіне қатысушы мұғалімнің педагогикалық қызметінің мақсатын анықтаңыз.

2. Дәстүрлі мұғалім мен дуальды оқыту жүйесіне қатысушы мұғалімнің атқаратын педагогикалық қызметтерін салыстырмалы кестеде бейнелеңіз.

3. Дуальды оқытуды жүйесіне қатысушы мұғалімнің педагогикалық этикасы.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мұғалімнің педагогикалық қызметінің негізгі компоненттерін атаңыз?

2. Дуальды оқытуды жүйесіне қатысушы мұғалімнің педагогикалық қызметінің ерекшелігін сипаттаңыз.

3. Мұғалімнің педагогикалық этикасына анықтама беріңіз?

№13 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқыту жүйесіндегі тәлімгердің міндеттері мен құқықтары

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Дуальды оқыту жүйесіндегі педагог (тәлімгер) ұғымының жан-жақты талдау.

2. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде анықталған педагогтің (тәлімгер) мақсаты мен міндеттеріне талдау жүргізу.

3. Әлемдік тәжірибедегі дуальды оқыту жүйесіндегі педагог (тәлімгер) тұлғасына қойылатын талаптарды зерделеу.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Тәлімгер дегеніміз кім?

2. тәлімгер тұлғасына қойылатын талаптарды атаңыз?

3. Тәлімгердің мақсат міндеттеріне не жатады?

№14 тәжірибелік сабақ. Өндірісте білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ету жолдары.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде шолу жасау арқылы білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен кәсіби құзыреттілігі ұғымдарын анықтаңыздар?

2. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігін қалыптастыру мәнін ашып көрсетіңіздер.

3. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын қарастырыңыздар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Кәсіби біліктілік және кәсіби құзыреттілік ұғымдарына анықтама беріңіз?

2. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілік және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мүмкіндіктерін атаңыздар?

3. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен құзыреттілігін қалыптастырудың қандай шарттары бар?

№15-16 тәжірибелік сабақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесі. "Педагог" кәсіби стандарты

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Қазақстан Республикасында қабылданған "Ұлттық біліктілік жүйесі" мазмұнын талдаңыздар.

2. «Педагогтың» кәсіби стандартының мазмұнын, құрылымын және мақсаты мен міндеті кестеде бейнелеңіздер.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасында қабылданған "Ұлттық біліктілік жүйесінің" мақсаты мен міндеттерін атаңыз?

2. Қазақстан Республикасында қабылданған "Ұлттық біліктілік жүйесінің" енгізілу жағдайларын айтып беріңіз?

3. Педагогтың кәсіби стандартының мақсаты мен міндеттерін атаңыз?
№17 тәжірибелік сабақ. Әлемдік тәжірибеде тәлімгерлер мектебі және Қазақстандағы тәлімгерлер мектебі тәжірибесі.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Әлемдік тәжірибедегі тәлімгерлер мектебінің қалыптасуының хронологиялық кестесін дайындаңыз.

2. Германия елінің білім беру жүйесінде қалыптасқан тәлімгерлерді дайындау ерекшелігін анықтаңыз.

3. Қазақстандағы тәлімгерлер мектебін дамытудың жолдарын анықтауға тырысып, өз ұсыныстарыңызды дайындаңыздар

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Тәлімгерлер мектебі қай елдерде жақсы дамыған?

2. Германияның тәлімгерлер мектебінің ерекшелігін сипатаңыз

№18-19 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытудағы мамандар ассоциациясы тәжірибесін талдау.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Қазақстанда тіркелген мамандар ассоциацияларын кестеде бейнелеңіз.

2. Салалық мамандар ассоциациясының кәсіби стандарттарды дайындау тәжірибесіне талдау жасаңыздар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстанда ресми тіркелген мамандар ассоциацияларын атаңыз?

2. Қандай мамандық саласында мамандар ассоциациясы ресми тіркелмеген?

3. Қандай мамандық салаларының кәсіби стандарттарын талдадыңыз?

№20 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытуды жоспарлау (оқу жұмыс жоспары, академиялық календарь, сабақ кестесі)

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ оқу жұмыс жоспарының мазмұнын талдаңыз.

2. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ академиялық күнтізбесінің зерделеңіз.

3. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ сабақ кестесінің ерекшелігін сипаттаңыз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ оқу жұмыс жоспарының дуальды оқытуға бағытталған сағат көлемінің ара қатынасын қанша пайызды құрады?

2. Сабақ кестесіндегі негізгі ерекшеліктерді атаңыздар?

№21-22 тәжірибелік сабақ. Модульдік білім беру бағдарламасын (МББ, Элективті пәндер каталогы) жұмыс берушінің қатысуымен қалыптастыру ерекшелігі.

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ модульдік білім беру бағдарламасының мазмұнына талдау жасаңыздар

2. 6M012000 - Кәсіптік оқыту мамандығының элективті пәндер каталогының мазмұнына талдау жасаңыздар

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББмодульдік білім беру бағдарламасында қандай білім беру циклдері қарастырылған?

2. 6M012000 - Кәсіптік оқыту мамандығының модульдік білім беру бағдарламасындағы модульдердің мазмұнын атаңыздар?

3. 6M012000 - Кәсіптік оқыту мамандығының электиті пәндер каталогына сипаттама беріңіз.

№23-24 тәжірибелік сабақ. Пәннің модульдік білім беру бағдарламасын дайындау ерекшелігі (Силлабус, пәннің ОӘК)

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ бойынша базалық және бейіндік пәндердің силлабустарының мазмұнына талдау жүргізу.

2. 6M012000 - Кәсіптік оқыту ББ бойынша базалық және бейіндік пәндердің оқу әдістемелік кешенінің мазмұнын қарастырып талдама жазу.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мамандық бойынша базалық және бейіндік пәндер дегеніміз қандай пәндер?

2. Талданған силлабустардың мазмұнын сипаттап беріңіз.

№25 тәжірибелік сабақ. *Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау.*

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру ұғымының мәнін ашыңыз.

2. *Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін шарттарды кестеде бейнелеңіздер.*

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру ұғымына анықтама беріңіз?

2. *Дуальды оқыту жүйесінде өндірісте білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін қандай шарттар анықталды?*

№26 тәжірибелік сабақ. *Дуальды оқыту жүйесіндегі білім алушылардың құқығын қорғау*

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы заңында" көрсетілген білім алушылардың құқықтарын анықтау.

2. Қазақстан Республикасында қабылданған "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары" құжатындағы білім алушылардың құқығын анықтау.

3. Екі құжаттағы білім алушылардың құқықтарын салыстырмалы кестеде бейнелеңіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Білім алушылардың "Білім туралы заңында" көрсетілген құқықтарын атаңыз?

2. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларында көрсетілген білім алушылардың құқығын сипаттаңыз?

3. Екі құжатта берілген құқықтарды салыстырыңыз?

№27 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқыту жүйесінде білім беру мекемелеріндегі орталықтар немесе Ғылыми-әдістемелік қызмет (академиялық кеңес)

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Академиялық кеңес тәжірибесіне талдау жүргізу.
2. Ғылыми-әдістемелік орталықтардың жұмысының мазмұнын анықтау

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Академиялық кеңес қандай ұйым және оның негізгі функциясы?
2. Ғылыми-әдістемелік орталықтардың жұмысына сипаттама беріңіз?

№28-29 тәжірибелік сабақ. ЖОО дуальды оқытуды реттейтін ресми құжаттар

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі дуальды оқытуды дамытудың бағдарламасын талдау.

2. Жоғары оқу орны мен кәсіпорын және білім алушы арасында жасалатын үш жақты келісім шарт мазмұнын зерттеу және топмен талқылау.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі дуальды оқытуды дамытудың бағдарламасының мазмұнын атып беріңіз?

2. Үш жақты келісім шарт мазмұнында барлық тараптарының құқытарын сипатаңыз?

3. Үш жақты келісім шарт мазмұнында барлық тараптардың міндеттерін атып беріңіз?

№30 тәжірибелік сабақ. Дуальды оқытуды іске асурға қатысушыларды дайындау және қайта дайындау

Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Дуальды оқытуға қатысушыларды дайындау тәжірибесіне талдау жасаңыз.

2. Дуальды оқытуға қатысушыларды қайта дайындау тәжірибесіне талдау жасаңыз.

Аталмыш элективті курс 1 курстің үшінші семестріне құрастырылып, курс көлемі - 150 сағатқа (5 кредит) есептелген, оның 20 сағаты дәріс, 30 сағаты тәжірибелік-семинар сабағына, 20 сағаты МООЖ, 80 сағаты МӨЖ арналған. Элективті курс бойынша сабақты өткізу дәріс, тәжірибе сабақтары, семинар және білім алушылардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылды. Оқытушы ағымдық және тақырыптық бақылауды білім алушылардың әр тәжірибелік сабақта берілген тапсырмаларды орныдау деңгейі мен өзіндік жұмыстарының нәтижесі бойынша бағаланады [169].

Дәріс сабақтарында дуальды оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері, оның ғылым және өндіріс салаларымен байланысы, өзіндік ерекшеліктері, бағыттары, мазмұны мен мәні айтылып, білім алушыларды жүйелі түрде дуальды оқыту мақсаты қойылады.

Дәрістер дуальды оқыту материалдары, дуальды оқыту жағдайында оқу-танымдық әрекет құрылымы мен сипаты, білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ұсынылатын тапсырмалар, оның мазмұнын конспектілеу, ең маңыздысын ажыратып, туындаған сұрақтарды түсіндіру жұмыстарын қамтыды. Дәрістер соңынан қызықтыратын сауалдарға жауаптар беріліп, ой-

пікірлер алмасу, олардың өндіріс орындары туралы мағлұматтары, ұғым-түсініктері қалыптастыру көзделеді.

Тәжірибелік сабақтар формасы оқу материалын өз бетімен белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді, терең талдау жасап, өзіндік баға бере білуге үйретеді. Тәжірибелік сабақтардың негізгі міндеттері:

– білім алушылардың дәрісте меңгерген теориялық білімдерін тереңдету және жинақтау;

– дуальдық оқыту теориясы бойынша ғылыми-әдістемелік, оқу әдебиеттерін өз бетінше ізденіп оқуы, білім қорын кеңейту, толықтыру;

– дуальды оқытудың жүзеге асырылу жолдары мен қолданбалы аспектілерінің әдіс-тәсілдерін оқу үдерісінде қолдану іскерліктері мен дағдыларын меңгерту.

Тәжірибелік сабақтарға дайындық барысында білім алушылардың оқу материалдарын өздігімен дербес іздестіріп, табуы, арнайы және анықтамалық әдебиетпен жұмыс істеудің жолдарын үйренуі олардың білім, іскерлік, дағдыларды берік меңгеруіне ықпал етеді. Дуальды оқыту жағдайында тәжірибелік сабақтардың ерекшелігі өндіріс базаларында жоспарлануы. Өндіріс орындарында сабақтарда белгіленген мәселе бойынша тақырыптық немесе проблеманы талқылау ұйымдастырудың да берері мол. Білім алушылар пікірталас барысында бір-біріне сұрақ қояды, өз көзқарасын білдіріп, оны дәлелдейді, сұрақтарға жауап береді. Өндіріс базасындағы тәжірибелік сабақтар білім алушылардың жауапкершілік, дербестік, ізденімпаздық сияқты сапа-қасиеттерін қалыптастырып, ой операцияларын орындау іскерлігін дамытып, шыңдайды.

Білім алушылардың оқытушы басшылығымен немесе өзіндік жұмыстарында дуальды оқыту материалдары өзінің жаңалығымен, мазмұндық тереңдігімен, шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. Білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтіп, болашақ мамандығына қажеттіліктерін қызығушылықтарын қанағаттандырады, сырттан алған мағлұматтарын бір жүйеге келтіруге жәрдемдеседі. Арнайы бағдарлама бойынша жүргізілген өзіндік жұмыстар білімдерін тереңдетіп, келешектегі бағыт-бағдарын айқындауға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, элективті курс бағдарламасында білім алушыларға МООЖ, МӨЖ тапсырмалары және ұсынылатын міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі беріледі. Элективті курсты жүргізу барысында жоғарыда берілген тақырыптардың мазмұны толық ашылып, білім алушыларға дуальды оқыту жүйесінің мазмұны туралы білімдер беріледі. Осы курсты меңгеруде басты орында ғылыми әдебиеттегі мәліметтерді талдап, курс тақырыптары бойынша арнайы зерттеу еңбектерімен (монграфиялар, мақалалар) танысып, зерттеу мәселесіне байланысты шетелдік тәжірибелерді зерттеулері тиіс. Курсты оқыту барысында компьютерлік техника, оқу-әдістемелік кешен және қосымша оқу құралдары қолданылды. Курс семестр соңында емтиханмен аяқталды.

Элективті курсты оқыту барысында оқыту үдерісінде мына әдістер кеңінен қолданылды: оқытудың хабарламалық-дамытушылық (тақырыпты

әңгімелеу, түсіндіру, оқу материалымен өзіндік жұмыс), проблемалық-ізденіс (оқу мазмұнын түрлі жағдаятта баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, ғылыми-зерттеу жұмысы, кіші топтардағы білім алушылардың ұжымдық ойлау іс-әрекеті), репродуктивті (оқу мазмұнын баяндау, берілген тапсырмалармен жұмыс істеу) және шығармашылық-ретпродуктивті (педагогикалық тақырыптарға шығарма, эссе жазу, педагогикалық ситуацияларды шешу, іскерлік ойындар), тәжірибелік-семинарда білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісіне конференциялар, тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар, үйірмелер, диспут және дебаттар, консультациялар, экспедициялар, көрмелер, жарыстар, сайыстар, олимпиадалар, ғылыми-шығармашылық бірлестіктер мен клубтар, әңгіме, пікірталас т.б. *Конференциялар* оқу репродуктивті түрі ретінде сабақтардағы қайталау мен тақырыптарды бекіту тәрізді әдіс-тәсілдерді қызғылықты әрекетке айналдыруымен құнды да мәнді саналады, білім алушылардың күштерін жұмылдырып, ұлттық шығармашылықтары мен танымдық қызығушылықтарын арттырады. Білім алушыларға оқу материалдарын қайталап, бекітуін қамтамасыз етіп, дискуссия барысында өз көзқарастарын, пікірлерін негіздеп, айқын дәлелмен жеткізе білуге үйретеді.

Білім алушыларға өз еркімен орындайтын баяндамалардың немесе хабарламалардың тақырыбы алдын ала ұсынылады. Талқылауға білім алушылар түгел қатысады, олардың әрқайсысының оппонент ретінде сөз алуға дайын болуы, оған алдын-ала әзірленуі талап етіледі. Конференцияға дайындалу, оны өткізу білім алушылар өзіндік жұмыс орындаудағы іскерлігі мен дағдыларын жетілдіреді.

Экскурсия оқу үдерісін дуальды оқыту мазмұнымен жақындастырып, объектілердің өзара байланыстару мен тұтастығын жан-жақты танытып, ұғындыруға септігін тигізеді. Өндіріс орындарына немесе тәжірибе базаларына экскурсияға барғанда білім алушылардың теориялық білімдері қорытындыланады.

Үйірмелер дуальды оқыту міндеттері мен шығармашылық ізденістерді үйлестіре отырып, білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуда маңызды роль атқарады. Дуальды оқыту мазмұнында ұйымдастырылған үйірмелер білім алушылардың белгілі бір іс-әрекет саласындағы қабілеттер мен қызығушылықтарын, болашақ бағыт-бағдар таңдауын қамтамасыз етеді.

Диспут және дебаттар мамандықтың қыр-сырын меңгертуде проблемалық, шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. Диспут және дебаттарға қатысу арқылы білім алушылар өздерін қызықтыратын түрлі сауалдарға жауап алады, тың мағлұматтарға қанығады.

Кеңес беру атқаратын қызметі – дуальды оқыту барысында берілетін оқу материалдарын меңгерудегі қиындықтар мен кемшіліктерді жоюға, осы сала бойынша білімдерін толықтыруға көмек беру. Кеңес беру оқытушының немесе ғалымдардың әңгіме-кеңестерін қамтиды. Топтарда жалпылама немесе жекелеген түрде жүргізілетін кеңестер білім алушылардың өндіріс, өнеркәсіп

орндыры жөніндегі білімдерін тереңдетіп, оны меңгеруде ішкі рухани күштерін жұмылдыруға ықпал етеді.

Экспедициялар білім алушылардың ізденімпаздық, байқампаздық, іскерлік қабілеттерін шыңдап, белсенділіктерін жетілдіреді.

Көрмелер білім алушылардың өздері басқарып, пікір алмасуы, өз тәжірибелерімен таныстыруы олардың белсенділіктерін арттырып, мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімдерін нығайтады.

Жарыстар, сайыстар, олимпиадалар білім алушылардың теориялық-тәжірибелік іскерлік, дағдыларын жетілдіріп, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуда тиімді ұйымдастыру формалары болып табылады.

Ғылыми-шығармашылық бірлестіктер мен клубтар білім алушылардың теориялық дайындығын тереңдетіп, ғылыми ізденіске бағыттайды. Білім алушылар педагогтардың, ғалымдардың жетекшілігімен проблемалық топтарда ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференцияларына баяндамалар, мәнжазбалар дайындап, оларды көпшілікте қорғайды. Ізденіс барысында ғылыми қосымша дерекер жинап, оларды теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздеп, өзара байланыстарын көрсетеді, сөйтіп, ғылыми зерттеу жұмыстарының талаптарын меңгереді.

Ғылыми дерек көздерімен жұмыс білім алушыларды өздігімен дербес ойлауға баулиды. Олардың таңдаған мамандығына деген қызығушылықтарының артып, білімдерінің тереңдей түсуін қамтамасыз етеді.

Тәжірибелік-зерттеу экспериментінің қалыптастырушы келесі кезеңінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру оқу үдерісінде тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар енгізу қоса жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперименттің келесі кезеңінде білім алушылардың дуальды оқыту жағдайында кәсіби біліктілігін жетілдірудің, теориялық даярлығын өндірісте бекіту үшін қолайлы дуальды орта құру, кәсіби дайындау жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету жұмыстары келесі формаларымен қамтамасыз етілді.

1. Білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге арналған топтық тренингтер

Топтық тренингтерді өткізуде келесі мақсаттар көзделеді:

- кәсіпті меңгеру кезіндегі қиындықтар себептерін түсіну;
- кәсіпті меңгеруге көмектесетін білім алушы бойындағы ресурстарды ашу.

Топтық тренинг міндеттері:

- білім алушылардың өзін-өзі тануына көмектесу;
- арнайы техникалардың мүмкіндіктері арқылы өндіріс орнында қарым-қатынас элементтеріне дағдыландыру;
- өз қабілеттерін сезіне, мүмкіншіліктерін түйсіне алуларына үйрету.

Топтық тренинг жоспары:

Бұл бірнеше кезеңнен тұрады.

1. Дайындық кезеңі.

2. Қарым-қатынас кезеңі.

3. Рефлексивті кезең.
4. Технологиялық кезең.
5. Ресурсты кезең.
6. Субъективті-бағалау кезеңі.

Дайындық кезеңі – білім алушылармен топтық пікірлесуді ұйымдастыру болып табылады. Бұл уақытта білім алушыларды ұжымдық тренинг ережелерімен таныстыру керек.

Қарым-қатынас кезеңі – уақытша бірлесу аралығы. Бұл уақытта білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы өз міндеттерін ажыратып алады.

Рефлексивті кезең – білім алушылардың бірлескен іс-әрекет кезеңі. Рефлексивтік кезеңде білім алушылар ортақ мақсаттарды талдайды.

Технологиялық кезең – білім алушылар өз ойларымен бөлісіп, ойлау іс-әрекетімен алмасу кезеңі.

Ресурсты кезең – алдағы кезеңдердегі іс-әрекеттердің нәтижесінде жаңа теориялық білімдер қалыптасады.

Субъективті-бағалау кезеңі - білім алушылар бірлескен іс-әрекеттердің, әңгімелесулердің нәтижесінде өз сезімдерін бағалай алу арқылы мақсаттардың белгілену кезеңі.

Білім алушыларға төмендегі жоспар бойынша бағдарлама ұсынылады:

1. Танысу.

Тренингке қатысатын білім алушылар тобы өз аттарын айту арқылы танысып, топтың тренинг уақытындағы ережелерін талаптарын қарастырады, толықтырады және бекітеді. Сонымен қатар, атқаратын іс-әрекеттерді анықтайды. Бұл уақытта топқа ортақ мақсаттар анықталып, қалыптасады.

Білім алушылар: тапқырлық, ұтқырлық, белсенділік, табандылық, қызғушылық, икемділік көрсеткіштері бойынша ұжымдық және жекелей бірін-бірі бағалайды.

2. Мамандыққа үйрену үдерісі кезінде әсер ететін қоршаған орта жағдайлары, қоғамдық бекітілген ережелер мен талаптар әсер етеді.

Екінші кезеңде тренер білім алушыларға қоршаған орта талаптары мен қоғамдағы қалыптасқан ережелер туралы ақпарат беріп, сол ережелердің қоғамдағы қызметін түсіндіреді. Тренингке қатысушылар өздерінің және кәсіби мамандардың, озат тәжірибелі мұғалімдердің өмірлерінен нақты мысал келтіре отырып, кәсіби бейімделуге ықпал ететін әдіс-тәсілдерді әңгімелейді. Сондай-ақ мамандық таңдаудағы кәсіби құндылықтарын талдайды. Бұл кезеңде білім алушылар өз күшінің мүмкіндіктерін және мамандықты меңгеру көрсеткіштерін қайта тексереді.

3. Қалыптасқан кәсіби маманның бейнесі.

Білім алушылар өзінің болашақ мамандығы туралы не білетінін анықтау арқылы, осы мамандықты неліктен таңдағандығын әсерлі етіп айтып беруі қажет. Сонымен қатар, ол өзінің болашақ кәсібінің қалыптасқан маманы ретінде бейнесін қалыптастырып, негізгі қызмет функцияларын атқаруы тиіс. Осы арқылы білім алушылардың жеке кәсіби мақсаттары қалыптасып, белгілі бір қорытынды шығаруға дағдыланулары тиіс. Білім алушы өзінің білім мен

кәсіби мүмкіндіктерін және мамандығына қойылатын талаптарды шынайы сәйкестендіруге мүмкіндік алады.

4. Қоғамның және қазіргі жағдайдың сіз таңдаған мамандыққа тигізетін әсерін талдау.

Білім алушы өзі таңаған мамандығының қоғамға қандай пайдасы бар екенін, бұл мамандық нәліктен таңдалды, бұл мамандықты таңдауға қандай мотивтер ықпал етті және т.б. көптеген сауалдарға жауап іздейді және жауап беруге тырысады. Осы кезеңде білім алушы таңдаған мамандығының өзі үшін ғана керек екенін, өзінің қызығушылықтарын қанағаттандыру арқылы қуаныш сезімге бөленетіндерін сезінулері керек. Сол арқылы қабылданған мақсаттар өзгеріп, болашақ мақсаттар қоғамға өзінің пайдасын тигізуге бағытталған, ел болашағының дамуына өз үлесін қосу ниетін қамтып нақтыланады [114, б. 111].

5. Ұжымдық пікірлесу, шешемді бекіту.

Тренингтен алған көңіл-күйдің ырғағына орай топ жұмысын қорытындылайды. Білім алушылар өздерінің болашақ кәсіптеріне бейімделулері өз қолдарында екендігін, бұл мамандықты өздері саналы түрде өз қызығушылықтарына сәйкес қалағандарын, алған мамандықтарының болашақта маңызы зор екендігін, сол арқылы өзін және өз отбасын асырайтындығын, соған орай өз күштерінің мүмкіндіктерін саналы түрде бағалап қабылдаулары керек. Бекітілетін шешімнің тұлғалық дербестігі болу қажеттігін тренер түсіндіреді.

6. Кәсіпке бейімделу және кәсіби маңызды құндылықты бағалау. Бұл кезеңде білім алушылар ұжым жұмысын, жұмыс барысындағы үдерістерді және тренинг кезіндегі бір-бірінің іс-әрекетін талдайды.

Бірінші, яғни танысу кезінде - білім алушылар бір-бірімен танысып, түсінісу үдерісі басталады. Бұл уақытта тренинг өткізетін оқытушы мен тренингке қатысушы білім алушылардың арасында бір-бірімен қарым-қатынас жасау, қызығушылықтары бірігу кеңезі болады. Осы кезеңде білім алушылардың жеке және топтық қызығушылықтарын ескеру қажет. Қарым-қатынас орнатудың басты мақсаты тренингтің сәтті өтуіне кедергі келтіретін сыртқы кедергілерге мән бермейтін жағымды эмоционалдық байланыс орнату.

Екінші кезеңде ақпарат жинау және мәселені көрсету жүреді. Педагогикалық мамандығының негізгі ерекшелігін анықтау, қоғамдағы беделін өлшеу. Тренингке қатысушылар бұл кезеңде аталған мәселені өздерінше қарастырып, шешу жолдарын ұсынуға талпынады.

Үшінші кезеңде тренингке қатысушылар өзара әрекеттесу арқылы қандай белестерді бағындыратындарын жоспарлайды.

Қалымбетова Э.К. өз зерттеулерінде қалаулы нәтижеге жету үшін келесі талаптар көрсетеді:

1. Мақсат нақтылығы (егер мақсат өте үлкен болса, онда оны бірнеше бөлшектерге болу қажет нәтижесінде негізгі мақсаттың орындалуына алып келетін жол пайда болады).

2. Нәтиже жетістігі керсеткіштерін анықтау.

3. Нәтиже контекстін анықтау (қашан және қандай жағдайда клиент

мүмкін нәтижені орындағысы келеді).

4. Нәтижеге жетуде саналы резервтерді анықтау (нәтижеге жетудегі қозғаушы күш: білім деңгейі, қабілет, мінез-құлық; біліктілік - бүгін не істей аламын, бір аптада, бір айда, бір жылда).

5. Мақсат үйлесімділігі, оның басқа маңызды мақсаттарға қарама-қайшы келмеуі.

Бұл кезеңде білім алушыға әсер ету міндетті түрде жүреді, ол әр түрлі тәсілдермен болуы мүмкін: беделге жүгіну, тәжірибеге сүйену. Білім алушы қызығушылығының артуы үшін оқытушы озат тәжірибелі ұстаздардың және өндірістегі тәлімгерлердің тәжірибесі арқылы әсер етеді. Олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің позитивті сәттерін талқылау аса маңызды [114, б. 116].

Бұл кезең қалаулы нәтижелерге жетудегі мүмкін жолдарды позитивті жалпылаумен анықталады.

Төртінші кезең - альтернативті шешімдер шығаруға бағытталған. Білім алушымен мәселені шешудің әр түрлі жолдарын талқылай отырып, оқытушы әрқашан кәсіби позициясын саналау керек және өзіне дұрыс шешім ол үшін ондай болмайтынын ескерген жөн. Сонымен қатар, әр түрлі рекомендациялар болуы керек. Келесі жұмыстар қолданылады.

– ғажайып ұсыныс: «Көз алдыңызға, елестетіңізші», «Идеалды кәсіби іс-әрекетті сипаттап беріңізші»;

– еркін ассоциациялар «Бұл кәсіп сізде қандай ассоциациялар тудырады», «Сіздің кәсіби өміріңіздегі жағдайларды елестетуіңізді сұраймын»;

– ролдік позицияларды талқылау «Оқытушы ретінде сіз», «Инженер ретінде сіздің құқығыңыз бар»;

– тілдік алмастырулар «Мен қалар едім», «Мен қалаймын», «Мүмкін болса» және т.б.

Бұл жерде альтернативті шешім қабылдау құқығы, сонымен қатар оны орындау мен өзгерту білім алушы тандауында екенін ерекше айтып кеткен жөн.

Бесінші кезеңде «Іске сәт» ұранымен алдыңғы кезеңдерді жалпылау жүреді. Сонымен қатар, болашаққа қосылу процедурасы жүреді. Бұл кезеңде оқытушы міндеті ретінде тұлғаның нақты әрекеттер деңгейіне, ойларының, сезімдерінің, ниеттерінің, мінез-құлық мен іс-әрекеттерінің өзгеруіне әсер етуі.

Бұл жұмыстың аяқталу барысында оқытушы белгілі бір нәрселерге жүгінуіне ұсыныс береді, сонымен қатар керек жағдайда бір-бірімен әрекеттесуін жалғастырып отырады. Бұл жұмыс әрдайым рефлексияны талап етеді.

Бұл технология кәсіби болашақты болжауда өте тиімді. Өмір бейнесін құру тәсілі ретінде кәсіби карточкаларды жатқызуға болады. Мұндай әдістемелерге мысал ретінде «Стратегия», «Мүмкіндік», «Мансап» және т.б. Осы әдістемелердің негізгі белсенді тәсілдері - арнайы ұйымдастырылған ойыншылардың бәсеке карточкаларға жазылған жауаптарымен сипатталады. Карточкалық ойындарды жүргізудің негізгі ерекшелігі - жоғары динамикалылығы. Бұл әрине тренинг кезіндегі жаттығуларды толығымен қамтымайды.

Бұл жұмыстан кейін көптеген өзгерістер болды деуге болады. Бұл жерде білім алушылардың бұл жұмысқа белсене араласуын ерекше атап кетсек болады. Бұл олардың өзіндік тану мен даму ерекшелігіне зерттеудің тигізген әсері деуге болады.

Қалыптастыру экспериментінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін келесі тармақта толық баяндалатын болады.


3.3 Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудегі тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері

Бұл тармақта жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге бағытталған тәжірибелік эксперименттің қалыптастыру жұмыстарының нәтижелерін анықтау міндеті орындалады. Осы міндетті орындау мақсатында бірнеше әдістемелер пайдаландық.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесі бойынша жасалған зерттеу нәтижелері білім алушыларда мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау мүмкіндігін 13-кестеден және 12-суреттен көруге болады.

Кесте 13 – Білім алушылардың мотивациялық компонентінің қалыптасу нәтижелері

Білім алушылардың мотивациялық компоненті	Эксперимент басы		Эксперимент соңы	
	бақылау тобы, %	экс. тобы, %	бақылау тобы, %	экс. тобы, %
Жоғары деңгей	30	30	33	42,5
Орта деңгей	37	40	40	45
Төмен деңгей	33	30	27	12,5




Сурет 12 – Білім алушылардың мотивациялық компонентінің қалыптасу нәтижелері

Алынған нәтижелер "Дуальды оқытудың теориясы мен практика" атты элективті курсы бойынша жүргізілген сабақтар жүйесінің тиімділігі дәлелдеді. Дегенмен, болашақ мамандардың алған теориялық білімдерін және кәсіби біліктіліктерін жетілдіру, оларды ғылыми-әдістемелік іс-әрекеттерде пайдалану білігі мен өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыру мақсатымен білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстардың мүмкіндіктері пайдаланылды.

Жүргізілген зерттеулердің және 3.2 бөлімде баяндалған жұмыстардың нәтижелері білім алушылардың мазмұндық-әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндігі 14-кесте және 13-суретте беріледі.

Кесте 14 – Білім алушылардың мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу нәтижелері

Білім алушылардың мазмұндық және әрекеттік компоненттері	Эксперимент басы		Эксперимент соңы	
	бақылау тобы, %	экс. тобы, %	бақылау тобы, %	экс. тобы, %
Жоғары деңгей	33	32,5	37	42,5
Орта деңгей	40	42,5	43	50
Төмен деңгей	27	25	20	7,5



Сурет 13 – Білім алушылардың мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу нәтижелері


Алынған нәтижелер тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың барысында жүргізілген әрекеттердің нәтижелілігін көрсетті, алайда, білім алушылардың кәсіби іс-әрекеттерін орындау дағдысын теориясы мен тәжірибені ұштастыра отырып жетілдіру қажет. Сондықтан білім алушылардың рефлексиялық компонентін қалыптастыруда жүргізілген тренингтің және

педагогикалық іс-тәжірибелердің (1.3 бөлімде кеңінен баяндалған) мүмкіндіктері пайдаланылды.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделінің рефлексиялық компонентінің қалыптасу нәтижелерінің көрінісі 15-кесте және 14-сурет сипатталған.

Кесте 15 – Білім алушылардың рефлексиялық компонентінің қалыптасу нәтижелері

Білім алушылардың мазмұндық және әрекеттік компоненттері	Эксперимент басы		Эксперимент соңы	
	бақылау тобы, %	экс. тобы, %	бақылау тобы, %	экс. тобы, %
Жоғары деңгей	30	30	33	42,5
Орта деңгей	37	40	40	45
Төмен деңгей	33	30	27	12,5



Сурет 14 – Білім алушылардың рефлексиялық компонентінің қалыптасу нәтижелері

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік кешенді жұмыстардың соңында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерінің жетілдірілу деңгейін анықтау мақсатында алдын ала дайындалған тапсырмалар жүйесі ұсынылды. Білім алушылардың орындаған тапсырмаларын талдау эксперимент тобындағы білім алушылардың кәсіби біліктіліктері қалыптасып оны үнемі жетілдіруге ұмытылысын аңғартты.

Бақылау эксперименті барысында білім алушылардан кәсіби біліктіліктерінің жетілдірілу деңгейін анықтау үшін ауызша сұраулар мен


тексеру жұмыстары жүргізілді. Алынған нәтижелерді талдау және оларды анықтау эксперименті барысындағы және бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстыру эксперименттік жұмыстың білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін дуальды оқыту жағдайында жетілдіру тиімді екендігін көрсетті (кесте 16).

Кесте 16 – Білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін дуальды оқыту жағдайында жетілдіру тиімділігінің нәтижелері

Экспериментке қатысқан топтар	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
	экс. басы, %	экс. соңы, %	экс. басы, %	экс. соңы, %	экс. басы, %	экс. соңы, %
Бақылау	33	36,6	40	43,4	27	20
Эксперименттік	32,5	42,5	42,5	50	25	7,5

Мұнда келтірілген мәліметтер біз ұсынған модель бойынша білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндігі жоғарлайды. Егер эксперимент басында эксперимент тобынан жоғары деңгей көрсеткен білім алушылар 32,5% (13 білім алушы), бақылау тобынан жоғары деңгей көрсеткен білім алушылар 33% (10 білім алушы) болса, эксперимент соңында жоғары деңгейді эксперимент тобынан білім алушылардың 42,5%-ы (17 білім алушы), бақылау тобының білім алушыларының 36,6%-ы (11 білім алушы); эксперимент басында эксперимент тобынан орта деңгей көрсеткен білім алушылар 42,5% (17 білім алушы), бақылау тобынан орта деңгей көрсеткен білім алушылар 40% (12 білім алушы) болса, эксперимент соңында орта деңгейді эксперимент тобынан білім алушылардың 50%-ы (20 білім алушы), бақылау тобынан – 43,4%-ы (13 білім алушы); эксперимент басында эксперимент тобынан төмен деңгей көрсеткен білім алушылар 25% (10 білім алушы), бақылау тобынан төмен деңгей көрсеткен білім алушылар 27% (8 білім алушы) болса, эксперимент соңында орта деңгейді эксперимент тобынан білім алушылардың 7,5%-ы (3 білім алушы), бақылау тобынан – 20%-ы (6 білім алушы) көрсетті.

Экспериментке дейін және эксперименттен кейін білім алушылардың кәсіби біліктіліктерінің жетілдіру деңгейінің диаграммалары 15-ші стуретте берілген.



Сурет 15 – Экспериментке дейін және эксперименттен кейін білім алушылардың кәсіби біліктілігінің жетілдіру деңгейі

Осылайша, білім беру процесіне дуальды оқыту жүйесін енгізу есебінен күтілетін нәтижелер:

- теория мен практика сабақтары арасындағы алшақтықты жою;
- түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесінің оң шешімін табу;
- оқу орны болашақ мамандарға жұмыс берушінің талаптарын үнемі ескереді;

- жұмыс берушілер өндіріс талаптарына сәйкес білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарын дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуальды оқыту жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге және арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамаларына қатысады;

- дуальды оқыту жүйесі бойынша оқитын білім алушы белгілі бір құзыреттілікке ие кәсіби маман ретінде қалыптасады.

Дуальды білім беру жүйесін білім беру үдерісіне табысты енгізу бізге келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- 1) талапкерлердің кәсіби өздігінен білім алуы;
- 2) оқу орнының тартымдылығын арттыру, білім алушылар санын арттыру;
- 3) білім алушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне байланысты факультативтік (икемді) курстардың бағдарламаларын, бағдарламаларын әзірлеу;
- 4) мамандықты, әлеуметтенуді, тапқырлықты және шығармашылықты терең таңдауға мүмкіндік беретін дағдыларды дамыту;

5) дуальды оқыту жағдайында білім алған маманның қажетті біліктілігі мен еңбек дағдылары, кәсіби білімінің толық болуы есебінен еңбек нарығында жоғары бәсекестікке төтеп беруі;

6) түлектердің дайындық деңгейінің арттыруы;

7) түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықты азайту;

8) түлектерді әлеуметтік бейімдеу;

9) дуальды оқыту жағдайында өзара әрекеттесу нәтижесінде білім беру мекемелері мен кәсіпорындардың қарым-қатынас аясын кеңейту;

10) білім беру мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін тікелей жұмыс орнында жетілдіру жан - жақты кәсіби дамуды қамтамасыз етеді, өзара байланысты, өзара әсерді, әртүрлі жүйелер-білім, ғылым, өндірістің өзара интеграциясын қамтамасыз ету есебінен кәсіби білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Сонымен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін жоғары оқу орындарында пайдаланудың тиімділігін көрсетіп, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамының дәлдігін растап берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді. Жүргізілген зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер төмендегідей **тұжырымдар** жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазіргі еліміздегі білім беру жүйесінің реформалануы барысында жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне дуальды оқыту жүйесін еңгізу өзекті болып отыр. Диссертациялық зерттеу барысында дуальды оқытудың әлемдік тәжірибесін зерделеу жүргізілуі міндеттелген. Германия мемлекетінде алғаш қоланысқа еңгізілген бұл оқыту түрі, келешек мамандарды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік беретіні расталды. Бұл сөзімізге дүниежүзілік дуальды оқытудың іске асырылу мүмкіндіктерін талдау, аталған тақырып бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-теориялық зерттеулер, жоғары кәсіптік білім беру жүйесі тәжірибесінде дуальды оқытудың мәнін, құрылымын анықтау және отандық дуальды оқыту модельін қалыптастыруға жасалған алғы шарттар негіз болады. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту үдерісінің ендірілуі болашақ мамандардың оқуға деген ынтасын арттырып, маман бейнесінде өндірісте тәжірибелерін шыңдауға, кәсіби біліктіліктерінің дамып қалыптасуына оң әсер ететіндігіне көз жеткізілді. Жүргізілген зерттеулер дуальды оқытудың ғылыми негіздерін анықтау өзектілігін көрсетіп отыр.

2. Жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе кәсіби біліктілігін жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында жетілдіру териміне анықтама берілді, дуальды оқыту ұғымы, мазмұны мен өзгешеліктері туралы теориялық білім, білік және жағдайларының кешені, сонымен қатар, арнайы кәсіби іс-әрекетке бағытталған әдістеме негізінде тиімді пайдалана білуге мүмкіндік жасайтын кәсіптік маңызды тұлғалық сапаларының құрамы болып табылады. Зерделеу жұмыстарының нәтижесінде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды, оның негізгі құрамдас бөліктері, өлшемдері мен деңгейлері анықталып, мотивациялық, мазмұндық-әрекеттілік және рефлексиялық құрамдас бөліктері айқындалды. Айтылған мәліметтер негізінде модельдің мазмұны мен әдістемелік кешені дайындалды.

3. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үдерісі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілді. «Дуальды оқытудың теориясы мен практика» оқу құралы магистратура бөлімі білім алушыларына арналған педагогикалық практикалардың оқу-әдістемешік кешені, магистратура бөлімі білім алушыларына арналған педагогикалық практиканы ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық қазақ орыс тілдерінде дайындау секілді жұмыстар нәтижелі түрде жүргізілді. Айтылған тұжырымға дуальды оқыту жағдайында кәсіби біліктіліктерді жетілдіру бойынша жоғарыда жүргізілген жұмыстардан

кейін алынған сауалнама, білім алушылар жауаптары бойынша салыстырмалы жан-жақты талдаулар арқылы көз жеткіздік.

4. Зерттеу нысаны ретінде эксперимент Қазақ ұлттық аграрлық университеті, С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті 6M012000 – Кәсіптік оқыту білім бағдарламасы білім алушылары алынды. Тәжірибелік эксперимент «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсы енгізілді. 2017-2019 жж. аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстары талданып, нәтижелері сарапталды. Кәсіби білікті мамандарды дайындауда заманауи озық технологияларды оқу үдерісіне енгізуде білім алушылардың қызығушылықтары, шығармашылық ойлауы мен үнемі өзін-өзі дамытуға ұмтылысы байқалды. Тәжірибелік-эксперимент нысаны ретінде таңдап алынған магистратура бөлімінің 1-2 курс білім алушыларымен дуальды оқыту жүйесі бойынша сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың көпшілігі дуальды оқыту туралы білімдері болғанымен, бұл тақырыпта нақты түсініктерінің жоқ екендігі анықталды. Сондықтан, жүргізілген эксперимент барысында жоғары оқу орнының білім алушылары арасында дуальды оқыту жүйесі туралы дөңгелек үстел, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Эксперимент объектісіне таңдалған модульдік білім беру бағдарламасының білім алушыларын тәжірибеден өткізетін өндіріс мамандарына де сауалнама әзірленіп жүргізілді. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мазмұны мен әдістемесін іске асыру білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру сапасын жоғарлатты. Бұл тұжырым эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін салыстырудың негізінде жүргізілген эксперимент қорытындыларымен сенімді түрде дәлелденді.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста, дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндігі орасан зор екендігін көруге болады. Олар:

1) бітіруші түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу пайызы көтеріледі, себебі білім алу барысында өндірісте тікелей кәсіби біліктіліктерді меңгеріп оларды тәжірибе барысында жетілдірген маман жұмыс берушінің кез келген талаптарын қанағаттандыра алатындығы айдан анық;

2) кәсіби білімді, біліктілігі жоғары маман еңбек ортасына тез бейімделуге психологиялық тұрғыдан әзір болып келеді. Еңбек ұжымына келгенде теория мен тәжірибені ұштастырып, өз қызметіне мақтаныш сезімі пайда болады. Өндірісте ұжыммен араласу барысында қарым-қатынас біліктілігінің жетілдірілуінің арқасында тез үйреніп, өндірістегі ұжым мен еңбекке тез бой үйретеді;

3) «теориядан тәжірибеге» принципі бойынша жұмыс жүреді, білім алушы теориялық білімі мен тәжірибеде тексеріп, теориялық білімнің нақты өндірістегі жүзеге асырылуына көз жеткізеді. Теориялық модельдердің, терминдердің, күрделі қондырғылардың жұмыс істеу барысымен ұстап көру қағидасы бойынша көз жеткізеді;

4) білім алушының кәсіби біліктілігінің қалыптасып жетілуі жұмыс берушінің бағасымен сипатталады. Бірінші курсқа келген күннен бастап

өндірістен қол үзбеген білім алушы терең теориялық білім мен кәсіби біліктілігін паш етеді;

5) білім алушы, оқытушы және өндірістегі тәлімгер бірлесіп кәсіби біліктілікті жетілдіріп қана қоймай, өз саласындағы соңғы жаңалықтарды игеріп, өзгерістердің ортасында жүреді.

Осылайша, диссертациялық жұмыста алынған болжам, яғни егер, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру теориялық тұрғыда негізделіп, педагогикалық шарттары нақтыланып, моделі жасалса, әдістемелік кешені даярланып, жоғары оқу орындарының тұтас педагогикалық процесіне ендірілсе, онда қоғам дамуының қазіргі заманғы өзгерістеріне сәйкес білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің тиімділігі артады, *өйткені* дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бүгінгі қоғам талаптарына сәйкес келеді деген болжамымыз дәлелденді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай *ұсыныстар* беріледі:

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде кәсіби бейімделу және кәсіби қалыптасуды басшылыққа алу қажет;

– жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайын мазмұндық жағынан толықтырумен қатар сабақтан тыс формалармен тұтастықта пайдалану керек;

– дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз етуде болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгерту; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін ендіру; кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану; модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру; білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту; білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру шарттарын өзге жоғары оқу орындарының тәжірибесінде пайдалануға болады;

